

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Сәуле Жусанбаева

КӨРКЕМ МӘТІН СЕМАНТИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 81'37(075.8)
КБЖ 81.2 Каз-3-922
Ж 79

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі;
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы
ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және
жаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжілісі
шешімімен және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 23 мамыр 2014 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Шалабай**
филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Жаңабекова**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С. Жиренов**

Жусанбаева С.

Ж 79 Көркем мәтін семантикасы: оқу құралы / С. Жусанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 156 бет.
ISBN 978-601-04-0885-2

Оқу құралында көркем мәтін семантикасының қалыптасу мәселелері, көркем мәтіннің мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері, оны түзетін тілдік құралдардың қызметі, көркем мәтінде тілдік бірліктердің мағыналарының құбылулары және т.б. қамтылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология мамандықтарында оқитын студенттерге арналған.

ӘОЖ 81'37(075.8)
КБЖ 81.2 Каз-3-922

ISBN 978-601-04-0885-2

© Жусанбаева С., 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Көркем мәтін басқа мәтін түрлерінен эстетикалық ақпараттың болуымен ерекшеленеді. Эстетикалық көркем ақпаратты мәтіннің кез келген тілдік бірлігі бере алатындықтан, ол оқырманға эмоционалдық әсер ететіндей күшке ие болады. Көркем мәтіннің семантикалық-құрылымдық ұйымдастырылуына байланысты оқырманның барлығы бірдей белгілі бір көлемдегі эстетикалық ақпаратты қабылдай алмайды. Филолог студенттер көркем мәтіннің эстетикалық қуатын басқа оқырмандармен салыстырғанда түсініп, көркем шығарманы талдай алатындай құзыреттілікке ие болуы қажет.

«Көркем мәтін семантикасы» атты таңдау пәні студенттердің лингвистика және әдебиет пәндері бойынша алған білімдерін қорытындылайды. Пәнді оқу барысында көркем мәтінді түзуші тілдік бірліктердің қызметін, олардың мәтін байланысын орнатудағы рөлін, мәтін тұтастығының қалыптасу үдерісін ажырата алуы қалыптасады.

Сондай-ақ көркем мәтін семантикасының басқа мәтін түрлерінің семантикасынан ерекшелігі мен құрылымын ажырата білуді үйренеді. Көркем мәтіннің семантикалық тұтастығын құрайтын тілдік бірліктердің түрлі мағыналарының қызметін анықтауды меңгереді.

Пәннің мақсаты – көркем мәтіннің семантикалық байланысының ерекше қызметін анықтауға үйрету, көркем шығармадағы тілдік бірліктердің түрлі мағыналарының мәтін түзудегі рөлін ажыратуға жаттығу, көркем мәтін се-

мантикасының тұтастығының қалыптасу жолдарын қарастыру, көркем мәтін семантикасын талдаудың әртүрлі қырларымен танысу, көркем мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу арқылы оны біртұтас өнер туындысы ретінде қалыптасу ерекшеліктерін, көркем мәтінді филологиялық талдаудың әдістерін анықтау.

Студент көркем шығарманы динамикалық түрде дамитын біртұтас, аяқталған дүние ретінде қарастыруды үйренеді. Көркем мәтінді лингвистикалық және әдеби талдаудың әдістері мен тәсілдерін қолдану арқылы зерттеуді меңгереді. Лингвистикалық талдау мағынаның өсуін, семантикалық өріс арқылы мәтіндегі тірек бірліктерді ажырататындықтан көркем мәтінге шығармашылықпен қарауға үйренеді.

Оқу құралының мазмұнының өлең мәтінінің семантикалық байланысы, оның семантикалық тұтастығы, өлең мәтінінің семантикалық нормаға сәйкестігі, көркем мәтіннің семантикалық құрылымы, көркем мәтіннің модальділігі, көркем прозалық мәтіннің мазмұндық-мағыналық құрылымы, көркем мәтінде тілдік бірліктердің мағыналарының құбылулары, метафораның, теңеулердің және т.б. троптардың көркем мәтіндегі қызметі, көркем мәтіндегі ассоциативтік байланыс, мәнмәтіндік синонимия, өлең мәтінінде лексикалық-грамматикалық белгілі бір ретпен, жүйемен қайталануы; өлең мәтінінің семантикалық құрылымдық бөліктері бір-бірімен салаласа (жарыспалы түрде), сатылы, сақиналы қалыпта байланысатыны; тілдік бірліктердің реңк тудырушы қызметі, өлең мәтінінде тақырыптың дамуының қызметі қамтылады.

Әр тараудың соңынан материал мазмұнына сәйкес сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Студенттер теориялық материалды жан-жақты игере отырып, берілген сұрақтар мен практикалық тапсырмалар, талдауға ұсынылатын көркем мәтін материалдарын орындау арқылы олардың филолог маман ретінде құзыреттілігі қалыптасады.

I. ӨЛЕҢ МӘТІНІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Кез келген басқа мәтін секілді зерттеліп отырған объект – өлең мәтіні – мәтін лингвистикасы тұрғысынан байланысы, тұтастығы және коммуникативтілігі жағынан аяқталғандығымен сипатталады. Бұл белгілер өзара тығыз байланысты болғандықтан, оларды бір-бірінен ажыратып бөліп беру үлкен қиындық туғызады. Оларды бөлу – шартты, яғни өлең мәтінін лингвистикалық талдауға мүмкіндік беретін методикалық әдіс ретінде қарастырылады.

Әуелі мәтіннің осы белгілерін анықтауға тоқталып, содан кейін ғана өлең мәтінінің семантикалық байланысы мен оның жалпы тілдік әдеби нормаға сәйкестігі туралы мәселе талданады.

Байланыс дегеніміз – мәтін элементтерінің өзара тәуелділігі және ол жүйенің әртүрлі деңгейінде байқалады, мәтіннің фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық байланыстары туралы айтуға болады. Шетел ғалымы Э. Косериу «Лингвистика текста: введе-

ние» [1] деген еңбегінде мәтіннің морфологиялық, лексика-семантикалық және синтаксистік байланысын көрсетумен қатар, синтаксистік байланыстылықты екі деңгейге – сөз тіркесі мен сөйлемге жіктейді. Фонетикалық және стилистикалық байланысдылықтың өлең мәтіні үшін мәні үлкен, оның құрылымында дыбыстық үйлесімдік өлең мәтіні элементтерінің семантикалық сәйкестігін ерекшелейді немесе оларды орнатады. Өлең мәтінінің тілдік бірліктерін дыбыстық және стилистикалық тұрғыдан талдаудың нәтижесінде өлең мәтіні құрылымында белсенді құрастырушы компонент ретінде қызмет атқаратын дыбыстық және стильдік тізбектер қатары түзіледі.

Ескеретін жағдай мәтінді семантикалық тұрғыдан талдағанда ғана мәтін құрылымындағы стильдік деңгейді ерекшелеуге және соған сәйкес байланыстың стильдік түрін көрсетуге болады. Мәтін құрылымы семантикалық жағынан үш деңгейдің өзара іс-әрекетінен байқалады: 1) семантиканың («таңба-объект» қатынасы); 2) синтактиканың («таңба-таңба» қатынасы); 3) прагматиканың («белгі-түсініктеме») (түсіну-интерпретатор) қатынасы. Соңғы деңгей мәтіннің стильдік түзілуін анықтайды.

Байланыстардың әр алуан түрлерінің өзара әрекеті арқылы мәтіннің басқа қасиеті – оның тұтастығы көрінеді. Байланыс – әдетте тұтастықтың көрінуінің шарты, бірақ тұтастықтың өзі мәтін элементтерінің байланыстары арқылы үнемі анықтала бермейді. Сонымен, тұтастық мәтіннің жалпы бағдарламасы түрінде бағыт беріп отырса, ал байланыс тек қана тұтастылықтың жүзеге асуының тәсілі ретінде көрінеді.

Мәтіннің байланысы мен тұтастығын тәжірибеде ажырату қазіргі орыс және шетелдің арнаулы әдебиеттерінде қалыптасты, бұл мәселеде терминологиялық тұрғыдан талас басыла қойған жоқ. Мысалы, орыс ғалымы А.А. Акишина [2] «мәтін байланысы» терминін екі-үш сөйлемнің өзара бірігуі мағынасында, ал «мәтіннің байланысы» тер-

минін мәтіннің тұтастығы мағынасында қолданады. Шетел тіл білімінде «когезия», «когеренттілік» деген терминдер көп қолданылады, бірақ бұл ұғымдардың арасында нақты жіктеу жүргізілмейді. Мысалы, «Словарь терминов лингвистики текста» [3] сөздігінде “когезия” мен “когеренттілік” терминдері синоним ретінде беріледі.

Мәтінді сипаттаушы факторлар ретінде байланыс мен тұтастық төңірегіндегі ғылыми таластар терминологиялық қайшылықпен шектеліп қалған жоқ. Сонымен қатар байласым мен тұтастықтың әртүрлі дәрежелері бар ма деген сұраққа жауапта да бірізділік жоқ. Ғалым А.А.Леонтьевтің пікірінше [4] «байланыстың дәрежесі жоқ; байланыстың не бар болуы мүмкін, не ол жоқ болады. Ал байланысқа қарағанда мәтін тұтастығы үлкен не аз болуы мүмкін». Бірақ бұл көзқарас талас тудырады, себебі мәтіннің тұтастығы оның әртүрлі байланыстарының өзара әрекетінен көрінетін болса (ал байланыс түрлерінің ішінде ең маңыздысы семантикалық байланыс), онда тұтастық та әр түрлі дәрежеде көрінеді, демек логикалық тұрғыдан байланыстың да әртүрлі дәрежесінің болуы әбден мүмкін.

Тұтастықтан толықтықты, яғни мәтіннің коммуникативтік жағынан аяқталғандығын ажырата білу қажет, себебі толықтық тұтастықтың алғы шарты болғанымен, бірақ оны сипаттамайды.

Мәтін бірліктерінің бір-біріне тәуелді құрылымдарының арасында гносеологиялық жағынан семантикалық байланыстың бірінші болатындығына шетел және орыс лингвистері бірден назар аударды. Зерттеушілер өлең мәтінін осы аспектіде қарастыра жүріп, оған тән белгілерді: метафораланғанды, сөздің жалпы күтпеген мағынасында қолданылуын атап көрсетті. Өлең мәтінінде сөздің күтпеген мағынада қолданылуы семантикалық (мағыналық) байланыстың үзілуіне әкеледі.

Шынайы өнер туындысының логикалық жағынан мағынасыз, жүйесіз болмайтындығын, ондай шығармада мағы-

налық, дыбыстық, грамматикалық, стильдік белгілерінің бәрі бір арнаға құйылып ұйымдасатындығы, осы ұйымдасу арқылы шығарманың көркемдік сұлулығы көрінетіндігін ешкім жоққа шығармайды. Көркемдікті сезіну қиын. Көркемдік-әдеби шығарманың өзінен туындайтындықтан, өлең мәтінінің құрылымына, мағынасы бай, ғажайып сөз тіркестеріне зейін сала қарау қажет.

Өлең мәтінінің мағыналық, семантикалық құрылымын зерттеу әдістері әртүрлі болады. Өлең мәтінінің мағыналық жағы тек лингвистер үшін ғана емес, басқа ғылым өкілдері үшін де (әдебиетшілер, коммуникация теориясы, ақпарат теориясы және т.б.) қызықты болуы мүмкін. Мәтін лингвистикасында өлең мәтінінің сыртқы түрін, формасын талдауға, формальді әдіске қызығушылық пайда болды. Біздің ғасырымыздың ірі филологтары – В.М. Жирмунский, Ю.Н. Тынянов, Б.В. Томашевский, В.Б. Шкловский және т.б. – мәтін лингвистикасы бойынша жазған еңбектерінде формальді әдісті пайдаланды.

Өлең мәтінін формальді әдіс арқылы көркемдік-идеялық тұрғыдан жан-жақты бағалау мүмкін емес. Бірақ бұл әдіс өлең мәтінін лингвистикалық талдау жасауға мүмкіндік береді. Ғалым Ю.М. Лотман атап көрсеткендей [5], «көркем шығарманы дұрыс түсіну үшін, оның құрылымын ұғыну қажет. Сол себепті де өлең мәтінін сыртқы түріне қарап талдау ғылыми көқарастың тарлығын көрсетпейді. Ол – сөз өнері туындысының эстетикалық құндылығын түсінудің қажетті шарты».

Мәтін лингвистикасының тіл білімінің ерекше саласы ретінде тез дамуы тіл білімінде 70-жылдарға дейінгі істелген аса зор жұмыстардың нәтижесінде пайда болды. Мәтінді құрылымдық жағынан зерттеулердің барысында тіл бірліктерінің өзара әрекетінің күрделі аспектілері анықталды. Қазіргі мәтін лингвистикасы осы мәліметтерді ескере отырып, тілдік бірліктердің мәтінде атқаратын қызметін бақылайды. Қазіргі авторлар мәтінді мағынасы жағынан қа-

растырғанда оған кіретін тілдік бірліктердің жақындығын, жекелеген семантикалық бірліктердің қайталанатындығын атап көрсетеді. Мұндай пікірлердің әділдігіне, ақиқаттығына семалық талдау әдісін пайдалану арқылы көз жеткізуге болады.

Өлең мәтініндегі байқалатын семантикалық үдерістер шартты мәтіндерде мүлде болмайды, яғни өлең мәтіні үшін нормаға сай емес сөз қолданыстардың болуы заңды, ол – әдетте жиі кездесетін құбылыс.

Зерттеушілер өлең мәтінінде сөздердің сұрыпталуы мен семантикалық тіркесімділік нормасының бұзылуын, олардың мүлде күтпеген мағынада қолданылуы семантикалық байланыстың бұзылуына әкелетінін талай рет байқаған. Бұл жағдай өлең мәтінінде сөз қолданудың кейбір қағидаларын мәнмәтіндік норма ұғымымен байланысты қайта қарауды талап етеді.

Бұдан ары қарайғы талдаулар тілдік жүйе мен сөйлеуде қолданылатын тілдік норманың функционалдық ұғымымен байланысты қарастырылады. Тілдік норма жүйелі норма ретінде белгілі бір кезеңде қалыптасқан жазбаша және ауызекі қарым-қатынас салаларындағы тілдік қолданысты реттейтін заңдылықтарды қамтиды. Бұл жерде коммуникацияның шарттарын ескермей-ақ тілдік жүйе мүмкіндіктерінің жүзеге асуы туралы айтылады. Тілдік норманың, мысалы, лексикалық құралдарға қарағанда грамматикалық құралдарға қатысы анық көрінетіні белгілі.

Лексикалық құралдарға сөйлеу нормасы мен тілдік норма да әсер етеді. Сөйлеу нормасы коммуникативтік жағдай мен функционалдық саладағы қарым-қатынасқа сәйкес тілдік құралдарды сұрыптауды реттейді. Бірақ сөйлеу нормасы жалпы тілдік жүйелі норманы ығыстыра алмайды, себебі жүйелі нормада тілдік бірліктердің барлық мүмкіндіктері көрінеді.

Семантикалық норманы тілдік бірліктер мағынасының нормасы деп айтуға да болады. Ол тілдік жүйенің әр түр-

лі деңгейлеріне қатысты тілдік норма түрлерінің бірі болып табылады. Сөйлесушілердің бірін-бірі түсінуін, яғни коммуникацияның жүзеге асуын семантикалық норманың болуы қамтамасыз ететіні объективтік шындық. Семантикалық норманың негізгі сипаттамасына тілдік жүйенің лексика-семантикалық деңгейінің құрылымдық ұйымдастырылуы мен оның жүзеге арақатысын алатын болсақ, онда семантикалық норма деп, осы сөздің кең мағынасында сәйкес құрылымдардың әрбір жеке мүмкіндіктерінің жүзеге асуын түсіну қажет.

Өлең мәтінінде тілдің басқа қызметтерімен салыстырғанда поэтикалық қызметі алдыңғы қатарға шығатындықтан, тілдің барлық семантикалық мүмкіндігі, сөздің бүкіл семантикалық қуаты пайдаланылады. Кез келген өлеңді түсініп ұғынуға сөздің көптеген мағыналары қатысады. Бір ғана сөздің әр мағынасы бір мезгілде бірнеше лексика-семантикалық нұсқаларды өзекті етеді. Қарапайым пікір айтуда сөз мағынасының тарылуы мен жіктелуі жүріп жататын болса, ал өлең мәтінінде сөздің жіктелінуінің табиғатын бұзбайтын синтез жүріп жатады.

Өлең мәтінінде лексемалардың күтпеген мағыналарында қолданылуына байланысды осы мағыналардың сипаты қандай деген сұрақ туады? Бұл мағыналарды мәнмәтін тудыра ма? Бірақ не себепті мәнмәтін бұл мағыналардың болатынын алдын ала анықтамайды?

Мысалы, М. Мақатаев өлеңінен мына бір үзіндіні алып қарасақ:

Күн қайда асығады?!
Неңдей күш күннің нұрын жасырады?!
Қызарып соңғы сәуле шашырады,
Күн түйе алмай барады шашын әлі, –

«Күн түйе алмай барады шашын әлі» деген өлең жолы алдыңғы үш жолда жоқ, мүлдем күтпеген жаңа мағына тудырып тұр.

Өлең мәтінінде лексемалардың күтпеген мағыналарда қолданылуының себебі – сол тілде сөйлеушілердің тілдік санасында лексемалардың барлық жүйелі мағыналарын білуі ескерілген. Жүйелі мағына өзінің иерархиялық ұйымдастырылуы бойынша өте күрделі болуы мүмкін, мысалы, сөздің көп мағыналылығы тұрғысынан, бірақ оның өзі көп жағдайда нормаға сәйкес болады. Жүйелі мағына тілдік нормаға сәйкес болмай, айырмашылығы өте үлкен болса, онда тілдің лексика-семантикалық жүйесінің өзі өзгерер еді немесе тілдік коммуникация бұзылар еді. Тілдің семантикалық нормасы тілдік жүйеге қарағанда тар категория, себебі нақты тарихи тілде жүзеге асқан тілдік элементтерге қарағанда, тілдегі бар жалпы элементтердің жүзеге асу мүмкіндіктерінің саны әлдеқайда көп болатыны анық.

Белгілі бір тілде сөйлеушілердің семантикалық норма туралы түсініктері сөз мағынасының мүмкін болатын барлық көлемін қамтып қана қоймайды, сонымен қатар тілдің лексика-семантикалық жүйесінің өзара байланыстарының сипатын да көрсетеді. Бұл өзара байланыстар сөздің мағыналық мазмұнын түгел қамтымайды, тек қана олардың жекелеген мағыналары арқылы жүзеге асады. Демек, сөздің жеке негізгі мағынасын (сөздік мағынасын немесе бір мағыналы сөзді) тілдің лексика-семантикалық деңгейінің негізгі бірлігі ретінде қарастыруға болады. Әдетте арнаулы әдебиеттерде бұл деңгейдің бірлігін лексика-семантикалық нұсқа деп те атайды. Сонымен қатар тілдің семантикалық нормасы лексика-семантикалық нұсқаның құрылымдық иерархиясын бейнелейді, олардың ішінде оған тікелей немесе жанама түрде бағынған негізгі және қосымша лексика-семантикалық нұсқалар ерекше көзге түседі. Бұл негізгі лексика-семантикалық нұсқаны (белгілі бір мағынада қолданылған сөз) осы сөздің басқа лексика-семантикалық нұсқаларымен салыстырғанда қолданылу жүйелігімен, бейтараптығымен және жиілігімен сипатталады. Негізгі лек-

сика-семантикалық нұсқа тілдің семантикалық нормасына барынша сәйкес болады: лексика-семантикалық нұсқа өзінің иерархиясының сатысымен төмендеген сайын, оның тілдің семантикалық нормасымен қатынасы алыстап, шартты түрге ауысады.

Көркем мәтіннен басқа бейтарап мәнмәтіне сөздің шеткі, алыс тұрған мағыналарының жиі өшетіні кездейсоқ емес, себебі тілдік норма лексика-семантикалық нұсқаларды жіктеп реттеушінің қызметін атқарады. Вариативтілік тілдің белгілі бір деңгейінің міндетті көрсеткіші ғана емес, ең алдымен сол тілдік жүйенің белгісі. Мәтінде шеткі лексика-семантикалық нұсқалардың қолданылуы оның стильдік әсерінің күшеюіне үлес қосады.

Кез келген басқа мәтіндегі секілді өлең мәтінінде лексемалар осы мәтінде қолданылғанға дейінгі бұрынғы мағыналарында пайдаланылады әрі арнайы таңдалып алынады. Өлең мәтінінің сөздік діңгегін жасау үшін тілдік құралдарды сұрыптау лексемаларда мағыналардың тілдік жүйе деңгейінің өзінде-ақ бар екендігіне көз жеткізеді. Сөзді тек қана сыртқы дыбыстық қабығын мағынасыз түрлендіру белгілі бір грамматикалық модельге құрылған өлең жолдары мен бір шама ұйқасқан шумақтарды жасауға әкеледі.

Мұндай өлең мәтінінде сөз өзінің берілген мазмұнынан ажырап мағынасызданады да ұйқас үшін алынған сөз ретінде пайдаланылады.

Эстетикалық әсер ету мақсатында тілдік тәсілдерді сұрыптау, біріншіден, семантикалық өлшемдерге негізделеді, содан кейін ғана дыбыстық өлшемдер алынады. Себебі өнер туындысын жасау және қабылдау барысында адам ерекше көркем ақпаратты береді, алады және сақтайды. Ойдың адам миының материалдық құрылымынан ажырамайтыны секілді, ерекше ақпарат та көркем мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерінен бөлінбейді. Көркем өлең мәтінінде формальді элементтер болмайды. Көркем мәтін – күрделі құрылған мағына. Оның барлық элементтерінің мағынасы бар.

Көркем мәтін элементтерінің мағынасын тек қана мән-мәтін анықтап қоймайды, сондай-ақ оларға тілдік жүйеде бұрыннан бар семантикалық қуат та үлес қосады. Осыған байланысты өлең мәтініндегі тілдік бірліктердің мағынасы тек қана мәнмәтін әсерінен туады деген түсініктен бас тарту қажет. Олай болмаған жағдайда аударма жұмысында ешқандай қиындық болмай, мәнмәтінің әр сөзін жаңадан жа-сауға мүмкіндік туар еді.

Өлең мәтінінде сөз мағыналарының оның қалыптасқан мағынасына қарағанда едәуір өзгеріске ұшырағанымен, сөз мағыналарында жалпы қалыптасқан мағынасы мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Кез келген мәтіндегі секілді өлең мәтінінде оның барлық мағыналық құрылымын ұстап тұратын негізгі өзек – лексикалық бірліктердің мағыналары. Лексикалық бірліктердің мәнмәтіндік қолданылуы олардың жалпы тілдік тұрғыдан қабылдауын жоя алмайды.

Өлең мәтінінде жалпы халықтық тілдің эмоционалды-эстетикалық ауысуы мәтіндік семантикалық норманың қалыптасуына әкеледі, яғни тілдік бірліктер өлең мәтініндегі басқа компоненттердің мәнмәтіндік мағынасына әсер етіп, сол арқылы жүйелі мағынаның жүзеге асуына әкеледі. «При этом поэтическая трансформация не затрагивает инвентарь языковых единиц, а переупорядочивает систему, регулирующую их употребление. При этом носит двойственный характер: с одной стороны, он основывается на языковых механизмах и актуализирует то, что потенциально содержится в общеязыковой системе; с другой стороны, он приводит к возникновению вербальных объектов, уже не сводимых полностью к языковым» [6]. Тілдік бірліктердің өлең мәтінінде мәнмәтіндік мағынаға ие болуы сөздің бұрыннан қалыптасқан жүйелі мағына ретіндегі қабілетіне негізделеді. Мысалы:

Бар екен ғой,
Бар екен жақсы Адамдар!

Жақсы жоқ деп,
айтпаңдар, бәтшағарлар!
Ренжісең қайсыбір «патшаларға»,
Күл шашпа кір шалмаған ақша қарға.

М. Мақатаев

Келтірілген үзіндіде «жақсы» мен «патша» сөздері бір-біріне қарама-қарсы мағынаға ие болған. Сөз мағынасының метонимиялық өзгеруінен «жақсы» сөзі жақсы адамның орнына қолданылып, шумақтың соңында «ақша қар» сөзімен ауыстырылған. «Патшалар» сөзі «жаман адам», ары таза емес, арам деген мағынада ұғынылады, себебі ашпақ қардың үстіне шашылған күл бейнесі қара ниетті адамдай елестейді.

Мәтіннің белгілі бір функционалды салаға қатысты болуы онда сөздердің тұрақты, жүйелі мағынада қолданылуына себепші болады немесе семантикалық үдерістің дамуы үшін алғышарттар жасайды. Семантикалық үдерістер – тілдік бірліктердің семантикалық көлемінің мәнмәтіндік өзгеруіне, коннативтік және метафораланған мағыналардың пайда болуын, мағыналардың кеңеюін, т.б. қамтиды. Өлең мәтіні құрылымының өзі эстетикалық мәнге ие болып, онда сөз мағыналарының құбылуы сезілетіндей ұйымдастырылады. Тілдік жүйедегі сөздің семантикалық құрылымы семантикалық үдерісті дамыту үшін қажетті негіз ретінде алынады. Сөз мағынасына маңызды мәнмәтіндік үстемелерді семантикалық үдеріс қосып, осы сөз мағынасын кеңейтеді, яғни осы мағыналар құбылуына қатысатын жаңа семалар қосады немесе метафораланған қолданыс тудырады. Бірақ бұл негіз шығарма тақырыбының өз заңдылықтарына сәйкес өлең мәтінінде сөздің семантикалық құрылымын ұстауға ұмтылады. Демек, мұндай өлең мәтінінің мәтіндік семантикалық нормасы жалпы тілдік семантикалық нормаға негізделеді, себебі жалпы тілдік семантикалық норма өлең мәтінін қабылдап түсіну мүмкіндігіне, яғни өлең мәтінінің коммуникативтік тұрғыдан аяқталуына себепші болады.

Шартты мәтіндерде сөздердің көбі қалыптасқан жүйелі мағыналарында қолданылады. Ондай мәтіндердің семантикалық байланысын талдауда ең алдымен, тілдің лексико-семантикалық құрылымын зерттеудің мәліметтері пайдаланылады. Шартты мәтіндерде де семантикалық үдерістер өтеді, бірақ ол дәл өлең мәтіндеріндегідей айқын байқалмайды, себебі сөздің қалыптасқан жүйелі мағынасына сапасы жағынна қосымша мағына үстемейді. Мұнда семантикалық үдеріс актуализация түрінде өтеді, сөздің көп мағыналығы болған жағдайда ол мағына айқындалады. Өлең мәтініндегі семантикалық құрылым мен семантикалық үдерістің арақатысы автордың жеке стиліне байланысты түрленуі мүмкін. Семантикалық үдеріс басым болған жағдайда әдеби норманы бұзатын тілдік құрылымдар пайда болуы мүмкін. Мысалы:

Кішісі де, жыртқыштың, ірісі де,
Опа қылмас әлсізге бірісі де.
Ілуші едің іргеде балапанды,
О, кішкентай қанішер, тірісің бе?!

М. Мақатаев

Қазақ тілінің әдеби нормасына сәйкес «бір» деген сан есімге III жақта тәуелдік жалғауы қосылғанда «бірі» түрінде болады. Бұл мәнмәтінде III жақтағы тәуелдік жалғауы сол сөзге екінші рет тағы да жалғанып, қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылып тұр. Бірақ бұл өлең мәтіні байланысының үзілуіне әкелмейді, себебі мәнмәтіннің логикалық жүйесіне қайшы емес. Келтірілген үзіндіде өлеңнің мәтіндік нормасына сәйкес өлең ұйқасын туғызу үшін қолданылған.

Жалпы тілдік семантикалық нормадан ауытқу белгілі бір өлең мәтінінің семантикалық құрылымына жақсы үйлесіп, оның мәтіндік нормасына сәйкес болуы мүмкін. Жалпы тілдік нормадан мәтіндік ауытқудың мәтіндік нормаға сәйкестігін семантикалық қайталау тестінің көмегімен тексеруге болады: өлең мәтінінің нормаға сәйкес емес компоненті өлеңнің басқа нормалы компоненттерімен ортақ се-

маларын тауып, оның семантикалық құрылымына үйлесіп тұрса, онда мұндай компонент өлең мәтінін түсіну үшін кедергі келтірмейді, себебі өлең мәтінінің семантикалық байласымын үзбейді. Әдетте өлеңдегі мұндай қолданыс метафора болады.

Аспан, жердің арасын
Дәрігер – қыс алуда.
Табиғаттың жарасын
Ақ дәкемен таңуда.

Таңдырып ап маңдайын,
Тағы көйлек сұрап жүр.
Бақты кезіп тал-қайың,
Жалаң аяқ жылап жүр.
..Қыс – тазалық, қыс – аппақ,
Әрі өкініш, әрі өлең...

М. Мақатаев

«Дәрігер-қыс» метафораланған қолданысы өлең мәтінінің басқа сөздерімен семантикалық тұрғыдан үндеседі. 1) «дәрігер» сөзі «жара», «ақ дәке» сөздерінің ортақ семасы – ауру; 2) «дәрігер» сөзінің екінші мәнмәтіндік мағынасы – «тазалық»; «Дәрігер» сөзінің тура мағынасы ауруды емдеу болса, екінші мәнмәтінінің мағынасы тазалау, ағарту. Алғашқы жауған қармен табиғаттың тазаланып ағаратынын, жаны ауырған жанның жылайтынын ақын астарлап көркем бейнелеген.

Бұл айтылғандар тұтас өлең мәтініне қатысты емес, тек қана тілдік бірліктердің семантикалық тұрғыдан нормаға сәйкес қолданыстары көбірек болғандарында семантикалық байланыс үзілмейді, тілдік бірліктер қалыптасқан жүйелі мағыналарына жақын мағыналарында қолданылып, онда денотаттар арасындағы ақиқат шын, байланыстары бейнеленіп қорытындыланады. Мұндай өлең мәтінін жалпы түсіну онша қиындық туғызбайды, себебі оларда семантикалық үдеріс тілдің лексика-семантикалық жүйе-

сінің талаптарына қайшы келмейді. Ондай өлең мәтінінің компо-ненттері семантикалық үдеріске қатысу нәтижесінде нормаға сәйкес болмаса да, сол өлең мәтінінің жалпы тілдік әдеби семантикалық нормаға сәйкес болатын басқа компоненттері арқылы түсініледі.

Өлең мәтінінде семантикалық тұрғыдан өзара байланысты, бірақ нормаға сәйкес емес элементтері көбірек болған жағдайда, онда бұл байланыс сырттай ғана көрініп, нәтижесінде өлең мәтіні сөздердің ойынының шегінде ғана қалады. Нормаға сәйкес емес элементтері басым болатын өлең мәтінінде сыңарларының денотаттық арақатысы бұзылады, яғни мәтін элементтерінің баяндау қызметі мәтін мағынасының тұтастығын күшейтуге бағытталады. Өлеңнің поэтикалық тұтастығы мен байланысы – өлең мәтінінің денотаттық арақатысын ескермейтін өзіндік дара құбылыс. Мұндай өлең мәтінінің құрылымы өте тығыз байланысуы мүмкін. Бірақ мәтіндік семантикалық норма жалпы тілдік нормадан алшақтай түсіп, мұндай өлең мәтінін түсінуді қиындатады. Өлең мәтінінің эстетикалық әсер ету қабілеті, яғни коммуникативтік қызметі шартты болады.

Мәтіннің коммуникативтік қызметі деп оның құрылымы арқылы автордың түпкі ойын, авторлық коммуникативтік мақсатты оқырманға жеткізу қабілеті түсініледі. Мәтіннің дәл осы сипаттамасы оның жалпы тілдік әдеби нормаға сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтайды және мәтіннің байланысуын көрсетеді. Шын мәніндегі көркем поэзияны коммуникативтік қызметінсіз елестету қиын, себебі өлең мәтіні жай ғана дыбыстардың жиынтығы емес екендігі белгілі. Әдемі көркем өлең жасау тек қана ұйқас құрумен шектелмейтініне ұлы ақындардың, шығармалары куә бола алады.

Көркем мәтіннің жалпы семантикалық байланысы оның сыңарларының жарыспалы және тізбектік өзара әсер етуінің нәтижесінде қалыптасады. Осыған байланысты лингвистикалық талдауды мақсат еткенде өлең мәтінінің тіз-

бектік және жарыспалы болатын семантикалық байланыстарын ажыратқан орынды.

Тізбектік семантикалық байланыс өлең мәтіні сыңарларының семантикалық қатынастарының синтагматикалық орталығынан (өсінен) көрінеді, ол тізбектік семантикалық байланыс, ең алдымен, сөз тіркестері мен сөйлемдер сыңарларының қатынастарынан байқалады. Бұл қатынастар сөздердің семантикалық және синтаксистік валенттілігімен реттеледі. Сөздердің семантикалық валенттілігімен жетекші ретінде танылып, олардың ең ыңғайлы, ұтымды лексика-фразеологиялық тіркесімділігі алынады. Н.И. Филичеваның «семантикалық валенттілік лексемалардың арасындағы әр түрлі синтагматикалық байланыстарды қамтиды» деп көзқарасын қолдай отырып, өлең мәтінінде жарыспалы болатын байланыстардың нормаға сәйкес болуы немесе нормаға сәйкес еместігін сөздердің семантикалық құрылымында ортақ семалардың болуымен берілетін семантикалық изотопияның болу/болмауымен анықталады. Өлең мәтініндегі тізбектік және жарыспалы болатын байланыстардың біріріне әсері мынадан байқалады: тізбектік байланыс деңгейінде көрінетін семалар өлең мәтінін жарып өтетін изотоптік семантикалық тізбекке енеді.

Жарыспалы болатын семантикалық байланыстың көркем өлең мәтінінің құрылымы үшін маңыздылығы мұндай өлең мәтінінің барлық компоненттерін бір уақытта бірден түсініп қабылдағаннан ұлғаяды. Өлең мәтіні тізбек бойынша бірінен кейін бірі түсінілмейді, өлең мәтінінің ұйымдасу қағидасымен қатар бір мезгілде оның семантикалық белгілері де қабылданады.

Өлең мәтінінде тізбектік және жарыспалы болатын семантикалық байланыстардың арақатынасы әртүрлі болады: олардың бірінің басым болуы өлең мәтінінің нормаға сәйкес не сәйкес еместігіне әсер етеді. Өлең мәтінінде тізбектік және жарыспалы болатын байланыстар бірін-бірі қолдап, оған қоса өлең мәтінінің жалпы семантикалық

құрылымын нығайта түссе, онда мұндай өлең мәтінінен нормаға сәйкес белгілер табылады, олай болмаған жағдайда өлең мәтіні нормаға сәйкес емес ретінде қабылданады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылағанда, өлең мәтінін жалпы тілдік әдеби семантикалық нормаға сәйкестігі жағынан нормаға сәйкестігі басым және нормаға сәйкес еместігі басым деп бөлуге болады. Әрине, бұлай бөлу шартты, себебі өлең мәтінінде нормаға сәйкес те, нормаға сәйкес емес те тілдік бірліктер қатар жүреді, яғни өлең мәтіні өтпелі, аралық түрде көрінеді. Кейде мұндай өлең мәтіні әуелі түсінікті көрінеді де, кенеттен оның барлық сыңарларының логикалық-мағыналық байланыстары әлсіреп, мәтін көп мағыналық сипатқа ие болады. Өлең мәтінінің құрылымы осы көп мағыналықты өзіне бағындырып тұрған тірек элементтерден құралады.

Нормаға сәйкес өлең мәтінінде: 1) тілдік бірліктердің денотаттық арақатысы көбейеді; 2) өлең мәтінінің компоненттері негізінен өздерінің жалпы тілдік нормаға сәйкес мағынасында қолданылады; 3) бұл мағына мәтіндік семантикалық норманың негізін құрайды, семантикалық нормаға жалпы тілдік тұрғыдан өлең мәтіні сыңарларының семантикалық құрылымдағы нормаға сәйкес емес қолданыстар қайшы келмейді. Бұл қолданыстар семантикалық үдерістің нәтижесі ретінде пайда болады; 3) синтаксистік байланыстар шындық өмірдегі байланыстарға сәйкес келеді; 4) тізбектік семантикалық байланыс жарыспалы болатын семантикалық байланысды күшейтеді; 5) өлең мәтінінде тілдік жүйе мен мәтіндік семантикалық норма тұрғысынан метафора мен метафораланған эпитеттердегі негіз дәлелді болады; 6) өлең мәтіні сыңарларының тура және ауыспалы мағыналарының негізінде жалпы семантикалық байланыс қалыптасады.

Өлең мәтінінде лексикалық бірліктердің денотаттық арақатынасы олардың жүйелі мағынасына сәйкес, бұрыннан

белгілі, күтіліп отырған мағынасын анықтайды. Кез келген мәтінді, оның ішінде өлең мәтінін жалпы түсіну мәтіннің лексикалық бірліктерінің бұрыннан қалыптасқан, күтіліп отырған мағынасына негізделеді. Бірақ көркем шығарманың эстетикалық тілі көркем шығарманың құрылымындағы тек қана жалпы тілдік жүйемен анықталып қоймайды, сонымен қатар тілдік жүйенің мәнмәтіндік ауытқуының мағынасы да үлес қосады. Өлең мәтінінде мәнмәтіндік мағына ерекше сипатқа ие болады. Бұл мәнмәтіндік ауытқу өлең мәтініндегі семантикалық үдеріс дамуының нәтижесінде қалыптасады. Жалпы тілдік әдеби нормадан ауытқыған мәнмәтіндік мағынаны түсіну – өлең мәтінін толық ұғынудың қажетті шарты. Осы негізгі семантикалық ұғымды түсіну кешеуілдеп жататын болса, онда ол мәтіннің мағыналық тұрғыдан байланысуы нашарлайды.

Мәтінде алдын ала күтілетін мағына белгілі бір семадардың жиынтығынан тұрады. Бұл мағына өлең мәтінінің лексикалық сыңарларының нормаға сәйкестінің сипаттамасы болғанымен, жалпы өлең мәтінінің нормаға сәйкестігін сипаттамайды, себебі өлең мәтіні оны құрастырушы элементтердің қарапайым қосындысы емес. Сондықтан жеке сөздің нормаға сәйкес күтілген мағынасы жайлы да айтуға болады. Бүкіл өлең мәтінін байланысқан, тұтас әрі аяқталған құрылым ретінде – оны оқырманның қабылдауы тұрғысынан да нормаға сәйкестігін айтуға болады. Өлең мәтінінің белгілі бір семантикалық ерекшелігіне оқырманның көңілі алдына ала ауып тұрады. Өлең мәтінінің эстетикалық қызметінің басымдығына, арнаулы эмоцияналдық қызметіне байланысты оқырман мәнмәтіндік мағыналық өсулерге, метафораланған астарлы қолданыстарға т.б. алдын ала даярланады. Бұл қолданыстар нормаға сәйкес мәтінде жүзеге асуы мүмкін немесе жалпы тілдік әдеби нормадан поэтикалық ауытқудың нәтижесінде орындалуы мүмкін. Өлең мәтіні үшін нормаға сәйкес мақсатты қолданыс мәтіннің негізін, оның құрылымын

ұйымдастыруда қиялдауға көп еркіндік береді. Ал мұндай еркіндік көркем мәтіннен басқа мәтіндерде болмайды.

Нормаға сәйкес өлең мәтінінің маңызды белгісі – заттар мен құбылыстардың объективті байланыстарын сөздердің тіркесімділігі арқылы бейнелеуі. Өлең мәтінінде анық көрінетін синтаксистік байланыстар оның семантикалық құрылымын ұйымдастырып нығайтады. Бұл синтаксистік байланыстар белгілі бір лексемалардың өзара семантикалық әрекетін ерекшелеп, бір-бірімен тікелей байланысы жоқ сөздердің мағыналық үндесуін реттейді. Бір-бірімен тікелей байланысы жоқ сөздерді синтаксистік құрылымдардың реттеуі параллель құрылымдарда жиі кездеседі. Мысалы:

Сен қартайды дегенге мен сенбеймін,
Әжімменен кәрілік өлшенбейді.
Әжім деген – әйгілі тамшы-уақыт,
Тамшы-уақыт тасты да жеңсем дейді.

М. Мақатаев

Келтірілген үзіндіде өлең жолдары нормаға сәйкес өлең мәтінінің синтаксистік құрылымы бойынша жасалған, себебі нормаға сәйкес өлең мәтінінің ең маңызды белгісі – құбылыстар мен заттардың арасындағы объективті байланысты сөздердің тіркесімділігі арқылы бейнелеу және сол тіркесімділікті синтаксистік байланыстар арқылы ерекшелееу болып табылады. Мысалға алынған шумақтағы байланыс екі құрмалас сөйлем сыңарларының өзара қатынастарынан да көрінеді, бірінші құрмалас сөйлем – «Сен қартайды дегенге мен сенбеймін, әжімменен кәрілік өлшенбейді», екінші құрмалас сөйлем – «әжім деген – әйгілі тамшы – уақыт, тамшы-уақыт тасты да жеңсем дейді». Екі құрмалас сөйлемнің ішіндегі сыңарларының бір-бірімен мағыналық қатынастары – себеп-салдар сала-ластар. Шумақтың екі құрмалас сөйлемінің құрылымы, яғни алғашқы екі жол мен одан кейінгі үшінші, төртінші жол өзара параллель құрылымдар. Бұл екі құр-

малас сөйлем бір-бірімен ортақ белгілері жоқ лексемалардың семантикалық тұрғыдан өзара әрекетке түсуі арқылы байланысқан: «кәрілік» пен «тас» сөздері. Кәрілік ұғымы семантикалық үдерістің нәтижесінде «тас» ұғымына ауысады. Үзіндідегі «қартайды, әжім, кәрілік» сөздерінің ортақ семасы – қарттық. «Әжім деген – әйгілі тамшы-уақыт» деген өлең жолы шумақтың екі жолын соңғы өлең жолымен семантикалық жағынан үндестіріп тұр. Шумақтағы нормаға сәйкес емес қолданыс «тамшы-уақыт» метафорасы «кәрілік», «әжім» сөздерімен ортақ сема құрайды. Кәріліктің келуі үшін, түсуі үшін уақыт керек болса, тастың уатылуы үшін де тамшының ұзақ уақыт тамуы қажет. Өлеңнің келесі шумағы семантикалық үдерістің дамуы барысында кәрілік ұғымы өлең мәтініндегі нормаға сәйкес емес қолданыстармен ауыстырылады: «аппақ ми», «жүрек» кәрілік те, шаштың ағаруы да қатар жүретін ұғым «жүрек», «ми» сөздері – дене мүшелері. Келтірілген үзіндіде мәтіннің мағыналық үйлесімділігі ондағы қатаң синтаксистік байланыстың қолданылуы арқылы күшейген. Сыртқы синтаксистік байланыс анық көрінбесе немесе ол онша үлкен болмаса, онда өлең мәтінінің семантикалық мүмкіндігі азаяды, себебі мәтін семантикасы таза құрылымдық мақсатқа орынсыз жұмсалады, яғни семантикалық байланыс синтаксистік байланысның жетіспеушілігінің орнын толтырады, олар бір-біріне көмекке келеді. Ал қатаң синтаксистік байланыс оқырманның қабылдауын автордың ойына сәйкес бір арнаға бағыттайды. Қатаң, бір жақты байланыстың болмауы өлең мәтінінің семантикалық толымсыздығын көрсетпейді.

В. Маяковский шығармаларының синтаксистік құрылымын зерттеген Г.О. Винокур «независимые синтаксические единицы... продолжают определять и дополнять одна другую самими своими значениями, без опоры на форму отдельных слов» деп, синтаксистік бірліктердің мағыналары бірін-бірі толықтыратынын атап көрсетеді. Өлең

мәтінінің құрылысындағы кейбір синтаксистік еркіндік оқырманның көркем шығарманы қабылдауында еркіндік туғызады. Бұл еркіндік арқылы өлең мәтінінің сыңарларын берілген бір бағытта ғана байланыстырмай, бірден бірнеше мағыналық жазықтықта қабылдауға мүмкіндік туады. Өлең мәтінін қабылдаудың көптігінің арқасында сөздердің бұрын белгісіз болған семантикалық сипаты ашылады. Өлең мәтінін қабылдаудың көптігі – оның мағыналық толыққандылығының куәсі.

Бұл жерде ерекше басып көрсететін жағдай – өлең мәтінін түсінумен қатар оның мағынасының да көптігін ұғыну үшін өлең мәтінінің сыңарларын мәтіннің негізгі арқауы ұстап тұрғанда ғана мүмкін болады. Өлеңнің негізгі арқауында мәтінді құрудың нормаға сәйкес қағидалары басым болады. Нормаға сәйкес өлең мәтінінде синтаксистік байланыстың біршама босаңдауы мәтін құрылымының ыдырауына, оның сыңарларының бір-бірінен бөлектенуіне әкелмейді. Мұндай өлең мәтіндерінде сыңарлар қатар тұрып та, аралары алшақ тұрып та семантикалық байланысқа түседі, яғни сыңарлар арасында тізбектік және жарыспалы болатын семантикалық байланыс орнайды.

Мысалы:

Жүрегім, жүйкем, бар тұлғам,
Бұл күнде сымдай тартылған.
Дүп етіп самал соқса да,
Ызыңдап қалар антұрған.
Ызыңдап нәзік үн шығар,
Үн шығардағы тұншығар.
Шегіне жеткен сым-шектер,
Үзілейін деп тұр шығар...

М. Мақатаев

Бұл үзіндіде семантикалық изотоптық тізбекті «тұлға», «сымдай тартылу», «сым-шектер» деген сыңарлар құрайды, себебі олардың барлығы ортақ семаға бірігеді. Екі шумақта да логикалық жағынан бүкіл-іс-әрекеттердің иесі – ақын

тұлғасы, «Жүрегім, жүйкем, бар тұлғам, Бұл күнде сымдай тартылған» деген өлең жолдарындағы «бар тұлғам» сөзі – жалпылауыш мүше. Жалпылауыш мүшені («бар тұлғам») өлең мәтінінің бүкіл мазмұнын ашуға жұмсалған. «Сымдай тартылған тұлға» өлең мәтініндегі семантикалық үдерістің дамуы үшін алғышарт болған. «Тұлға», «сымдай тартылу», «ызындау», «сым-шектер», «перне», «саз». Өлең мәтіні сыңарларының арасындағы, тізбектік семантикалық байланысты жарыспалы семантикалық байланыс нығайтқан. Оған қоса өлең мәтініндегі эпитеттің салыстыруға алынып отырған негізі дәлелді: «бар тұлғам сымдай тартылған».

Өлең мәтінін мазмұны жағынан екіге бөліп қарауға болады: бірінші бөлім – ақынның жай-күйі, ал екіншісі – ақынның алдына сүйген адамы келгеннен кейінгі жағдайы. Осы екі бөлікті мағыналық жағынан біріктіріп, жүйеге келтіріп тұрған бейне – ақын тұлғасы. Өлең мәтінінің сөйлемдері – өзара тығыз байланысқан синтаксистік бірліктер: алғашқы сөйлем екі өлең жолынан құралып, бүкіл өлең мәтінін ұйымдастырушы орталық болып, табылады. Мәтіннің қалған бөлігінің синтаксистік құрылымы, яғни мәтінінің негізгі бөлігі – өзара әртүрлі мағыналық байланыстан тұратын салалас құрмалас сөйлемдер «Өлең мәтінін қорытып тұрған соңғы шумақ мәтіннің бірінші шумағындағы алғашқы екі жолының орнын ауыстырып қайталауымен, II жақтағы бұйрық райлы сөйлемді («Айныма осы қалпыңнан!») екі рет қайталауымен аяқталған. Соңғы шумақтағы қайталаулар мен II жақтағы бұрық райлы жай сөйлем өлең мәтінін тұтас бір көркем шығарма ретінде аяқтап бекіткен. Өлең мәтіні күрделі синтаксистік құрылым ретінде басталуы, дамуы және қорытындысы бар бөліктерден құралған.

Нормаға сәйкес өлең мәтіндерінде сөздер мәтіннің басқа сыңарларымен бір мезгілде әртүрлі семалар бағыты бойынша да өзара әрекетке түсуі мүмкін. Мұның нәти-

жесінде бір өлшемді изотопиямен қатар көп өлшемді изотопия да құрылады. Мәтін лексикасының семантикалық негізін бір ғана классема құрайтын болса, онда ол бір өлшемді изотопия болады. Бір классема дегеніміз ғалым Филчеваның айтуынша, «общий различительный признак всех лексем, входящий в данный лексический класс» [7].

Мысалы:

Қаңтар келді,
Қар жаумай қырсығып тұр.
Қара суық қариды құмшынып бір.
Шолақ көйлек бойына қамсау болмай,
Түсі қашып қарайды қымсынып қыр.

М. Мақатаев

Келтірілген үзіндінің семантикалық негізін бір өлшемді тізбектік изотопия құраған: «қаңтар, қар, қара суық» сөздері оларға ортақ классема – қыс. Үзіндінің алғашқы үш жолының әрқайсысы – жеке жай сөйлем, соңғы екі жол бір ғана сабақтас құрмалас сөйлем. Өлең мәтінінің сыңарлары параллель синтаксистік байланыс арқылы құрылған. Өлең жолдарының алғашқысын соңғылары толықтырып, анықтап тұр. Бірақ шумаққа ерекше көркемдік сипат беріп, оны күрделі тұтастыққа айналдырған қорытынды бөлігі – соңғы екі жолы, себеп-салдар сабақтас сөйлем. Бұл сабақтас құрмалас алдыңғы үш жай сөйлемге қарсы мәнде айтылған. Өлең сыңарлары параллель байланысуы арқылы өлең мәтінін мағыналық бір бағытта түсінуге мүмкіндік береді. Байланысудың осылай әрекетке түсуіне сөздердің мағыналық үндесуі көмектеседі.

Өлең мәтінде сөздер бір мезгілде мәтіннің басқа сыңарларымен әртүрлі семалар бойынша өзара әрекетке түсіп, көп өлшемді изотоптық тізбектер өлең мәтіні мазмұнының астарлы ойынан туындайды.

Көп өлшемді семантикалық изотопия өлең мәтінінің мағыналық құрылымының анық, толық көрінген сыңарларына және коннотативті сыңарларына негізделеді. Бас-

қаша айтқанда, изотоптық семантикалық тізбектердің өзара әрекетке түсуінен өлең мәтінінің эксплициттік және имплициттік мазмұны, яғни астарлы ойы көрінеді.

Астарлап айту – тек қана өлең мәтініне тән құбылыс. Өлең мәтінінен басқа типті мәтіндерге бұл құбылыс тән емес. Астарлап айту өлең мәтінінің мағыналық құрылымының коннотативті сыңарларының өзара әрекетке түсуі үдерісі барысында қалыптасады. «Коннотация» сөзіне «Словарь-справочник лингвистических терминов мынадай анықтама берілген: «коннотация (от лат. *Сит-соп-вместе, с+novare – отмечать, обозначать*). Добавочные семантические или стилистические оттенки, которые накладываются на основное значение слова и служат для выражения эмоционально-экспрессивной окраски» [5]. Өлең мәтінінің оқырмандарында, ұқсас коннотативті мағынаны, яғни астарлы ойды шамалап бірдей ұғыну қалай пайда болады деген сұрақ туады. Мысалы, «көгершін» сөзі «бейбітшілік» сөзімен байланыста қабылданады. Ғалымдар коннотацияны объективті коннотация және субъективті коннотация деп екіге бөледі. Жоғарыдағы мысал объективті коннотацияның мысалы. Себебі объективті коннотация ол белгілі бір ұлттық тілдерде пайда болады. Объективті коннотация – сөздің семантикалық сипаттамасы, сөздің семантикалық құрылымына енгізілген мағына.

Объективті коннотацияның сөздің семантикалық құрылымына жақындығы коннотативтік мағынаны тіл жүйесіне енгізуге себепті болады, нормаға сәйкес өлшемдерден тұратын өлең мәтіндерінің, (яғни бірінші типті өлең мәтіндерінің) сыңарлары объективті коннотацияға бағытталып жасалады. Белгілі бір мәнмәтіндегі тілдік мағыналар мен коннотативтік мағыналардың өзара іс-әрекетке түсуі өлең мәтінінің семантикалық сыйымдылығын арттырады.

Мысалы:

... Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Түп-түзу тілінген таспадайын,

Қамшы өремін таспадан басқадайын.
Қаламасақ қамшымды аулақ жүргін,
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!

М. Мақатаев «Қара өлеңінде» қазақ өлеңінің ерекше сұлу қасиетін, қарапайымдылығын суреттеген. Оқырман санасында коннотативті түрде қараша үй мағынасы қарапайым жұпыны тіршілік ұғыммен астасып, өлең мәтінінің мағыналық мүмкіндігін кеңейтеді.

Жамбыл Жабаевтың ақындық даралығын анықтайтын басты факторлардың бірі – оның тілінің суреттілігі мен бейнелілігі. Ақын шығармаларында қазақ тілінің көркемдік бейнелеу құралдары мейлінше кең, еркін қолданылған. Олардың қолдану тәсілі, атқаратын қызметі қазақ тіл білімі мен әдебиеттануында едәуір әңгіме болып, арнайы қарастырылғаны рас. Әйтсе де ұлы жыраудың тілін ғылыми тұрғыда жете пайымдап, тыңғылықты зерттеу ісі әлі де кешеуілдеп отырғанын айтпасқа болмайды. Жамбылдың көркемдік бейнелеу даралығын, шығармашылық ерекшелігін тануда оның тілін арнайы қарастырудың маңызы үлкен екендігінде сөз жоқ.

Ақынның тілі бай әрі көркем. Онда ұлттық мән-мағынаға ие қанатты, фразеологиялық сөздерден жасалған суреттер де мол, сөздің тура және ауыспалы мағынасын құбылтып жеткізу нәтижесінде тұжырымдалған күрделі, көрікті ойлар да жеткілікті. Сонымен қатар көркемдік бейнелеу құралдарының тұтас бір тобының өзара байланысқан, өзара алмасқан қалпында айрықша мәнге иеленіп, айрықша тілдік категорияларға айналатын тұстары да бар. Ақынның қайсы бір шығармалары екі түрлі мағыналық желіден тұрады. Бұл желі астарлы мағынаға құрылса, екінші желі негізгі, тура мағынаға құрылады. Шығарма өзегіндегі осы екі желі өзара тоғыса, тұстаса келе, күрделі біртұтас құбылыс деңгейіне дейін көтеріледі. Осы айтылған жайлардың әрқайсысы арнайы зерттеп, арнайы зерделеуге лайықты маңызды ғылыми мәселе қатарына жатады.

Мына төмендегі жыр жолдарына назар аударайық:

Қорытса да қаншама,
Өзгеріп алтын жез болмас.
Аяққа шұлғау қылса да,
Асыл жібек бөз болмас.
Балшық қосып соқса да,
Дүррі гауһар тас болмас.
Қайшылай тасқа соқса да,
Болаттың жүзі пәс болмас...

Ақынның әрбір ойы байырғы дүниетанымынан тамыр тартады. Мағыналық құрылымы жағынан алып қарағанда, әрбір екі тармақ бір синтаксистік тұтастықтан, құрмалас сөйлемнен тұрады. Ал осы тұтастықты түзіп тұрған әр тармақтың өз мағынасы, өз мәні бар. Әр тармақтың синтаксистік мағынасы мен мәнін өзара байланыстырып тұрған логикалық жүйемен қатар *да* жалғаулық шылауының қызметі де зор. Екі тармақ екі жай сөйлем түрінде айтылған. Алғашқысы – бағыныңқы сөйлем, екіншісі – басыңқы сөйлем. Олардың мағыналық сипаты бір-біріне қарама-қайшы. Осы қарама-қарсылықты мағынада, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас жүйесінде айтылып тұрған екі сөйлемді өзара байланыстырып тұрған нақты тілдік құбылыс *да* жалғаулығы. Алғашқы бағыныңқы бөлік пен кейінгі басыңқы бөлік арасындағы мағыналық байланысды айқындай түсіп, ондағы қарама-қарсы мәнді арттырып тұрған да осы жалғаулық. Көрсетілген синтаксистік тұтастықтың әр сыңарында берілген мағыналық мәні мен мәнісі де үлкен экспрессивтік қызмет атқарады. Белгілі бір асыл текті құбылысты одан әрі асылдандыра түсетін, қасиетін жарқыратып аша түсетін іс бар да, оған қарама-қарсы, асыл текті құбылыстың емес, қасиеті төмен құбылыстың табиғатына лайықты атқарылатын іс бар. Бірақ асылдың аты – асыл, асылдың заты да асыл. Оны орнымен жұмсамай, орынсыз пайдаланса да, асыл қасиетін жоймайды. Ақынның айтайын деп отырған ойы, негізінен осыған

келіп саяды. Бұл ойын ақын қарама-қарсы қатынастағы екі мағыналы бірлік арқылы жеткізеді. Ал бұл екі мағыналы бөлік арасындағы қарама-қарсы мағыналық реңкті етістіктің жұрнақтарының қызметі арқылы өлшеусіз күшейту автордың ойына да, сөзіне де өткір сипат, стилистикалық тұрғыда келісті түр берген. Алғашқы екі тармаққа тән осы мағыналық және құрылымдық қатынас, синтаксистік-семантикалық болмыс шығарманың әрбір келесі синтаксистік тұтастығында – әрбір екі тармағында сол күйінде қайталаанады. Осы қайталаудағы жүйе, өлшем мен мөлшер ақын өлеңінің синтаксистік жүйесі мен мағыналық бітімін белгілеп, анықтайтын басты факторға айналған. Мұның үстіне синтаксистік тұтастық ретінде алынып отырған әрбір екі тармақ, дәлірек айтқанда, әрбір қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дербес мағыналық құрылымдық болмысымен ерекшеленеді. Олардың өзара байланысу жолдары да біркелкі – жарыса, салаласа байланысады. Осының бәрі, айналып келгенде, шығарманың синтаксистік-стилистикалық ерекшелігін танытатын тілдік күрделі құбылыс болып табылады.

Айтылған жайлармен қатар мынаны ескеруге тура келеді. Келтірілген үзінді ақын шығармасының бір бөлігі. Оның үстіне ақынның өз шығармасында айтайын деп отырғаны мүлде басқа, бұдан мүлде бөлек нәрсе. Берілген үзіндідегі ой жүйесі – автордың айтқысы келген, айтқан ойының бастапқы және астарлы түрде көрініс тапқан қосалқы желісі. Ақын алтын, жібек, гауһар, болар секілді жаратылысы бөлек, табиғаты таза, асыл құбылыстарды тек қана ғибрат ретінде айтып отырған жоқ, келесі кезекте айтар ойының бастапқы, бейнелі мазмұнына айналдырып толғап отыр. Ақын шығармасының нақты желісі, бірден-бір басты тақырыбы алтын да, гауһар да емес, жібек те, болат та емес, бірақ осы асыл заттар қасиетінен танбайтын басқа бір құбылыс болып шығады. Ол – Жамбылдың өзі. Уақыт жүгі

белін бүгіп, еңсесін басқанмен, көзінің нұрын, жүзінің әрін алғанмен, ол өзінің асыл ақындық болмысына дақ түсірмей, талантын таза қалпында сақтап қалды.

Тыңдап көр Жамбыл қартыңды,
Сеңдерден, сірә, кем түспес.
Жырдың асыл кенімін,
Айттықандар менімен,
Талай-талай жеңілген.
Қыза шапса шын тарлан,
Жері болмас тең түспес... –

деген жыр жолдары ақынның ілгеріде берілген ойының бейнелі бүркеуді берілген ойының шын, нақты тура көрінісі. Алдыңғы үзіндіде берілген ойдың мәнісі мен кейінгі үзіндіде айтылған ой арқылы ашылып тұр. Айналып келгенде, ақын шығармасының алғашқы бөлгінде де, мына беріліп отырған кейінгі бөлігінде де бір ғана ой айтылған. Ол – Жамбылдың ақындық болмысының бұрынғыша асылдығы. Бұл ой шығарманың бірінші мағыналық-құрылымдық бөлігінде бейнелі, астарлы түрле айтылса, кейінгі тұста ауыспалы емес, тура мағынасында берілген. Белгілі бір ойды немесе белгілі бір құбылысты осылайша өзара тең дәрежеде, салаласа байланысқан екі түрлі мағыналық желімен қатар дамытып баяндау ақын шығармасының тілі мен стиліне бағалы маңызды сапа береді. Бұл тәсілді синтаксистік егіздеуге, қайталауға ұқсатуға болады, тіпті мұны синтаксистік симметриямен шеңдестіру де артық емес. Сөйте тұра шығарма мәтінінің аталған екі мағыналық-құрылымдық бөлігін белгілі бір тақырыпты баяндаудың екі түрлі сатысы, бірімен-бірі байланысып жатқан екі түрлі даму кезеңі ретінде қабылдау орынды. Бұлардың бірінің бейнелі, астарлы мағынада, екіншісінің тура, нақты да затты мазмұнда ерекшеленіп тұруы олардың арасындағы белгілі семантикалық-синтаксистік желінің даму сатыларын, жетілу кезеңдерін жоққа шығармайды.

Шота Руставелиге арнаған толғауында Жамбыл осы ақындық тәсілді басқа тұрғыдан пайдаланады, осы синтаксистік жүйені сақтай отырып, басқаша мағыналық деңгейде ауысады.

Қара күндер қартайтты,
Қартаймайтын қаламды.
Қара бақыр мыс етті,
Күннен жарық адамды... –

секілді өлең тармақтарының құрылымдық сипаты ілгеріде талданған «Жастар алдындағы сөз» атты шығарманың құрылым жүйесімен үндес екені рас. Ал мағыналық, мазмұндық сипаты жағынан бұлардың арасында едеуір айырмашылық бар. Алғашқы шығармада асыл құбылыс, асыл зат қасиеті аз құбылыс пен зат орнында жұмсалғанымен, оның асыл, саф таза қасиеті жойылмайды, сақталып қалады деген тұжырым жасалатын болса, кейінгі шығармада олай емес, асыл бітімді құбылысты жасық орта жасыта береді. Асылдың қадірін, жақсының қасиетін білмейтін орта асылдың өзін жасытады, біліксіз надан қол жібекті түте алмай, оны жүнге айналдырады. Қартаймайтын асыл қалам мен асылдың қадірін білмейтін қара күндер қарама-қарсы қойылып, күнсіз кезеңнің күннен жарық адамды қара бақырға айналдыруы секілді бейнелі сөздер, тілдің бейнелеу құралдары суреттелініп отырған құбылыстың мазмұнына эмоциялық үлкен күш дарытады. Шектен тыс ұнамды мағынадағы құбылыстың еріктен тыс тұрған әлдебір жойқын күштің билігіне мойынсұнып, ырықсыз шектен асқан ұнамсыз мағынадағы құбылыс деңгейіне дейін түсіріп суреттеу – әдеби тілге, стилистикаға тән басты тәсілдердің бірі. Ақын осы тәсілді қолданып отыр. Алайда бұл тәсіл жеке-дара, жалаң пайдаланылмай, әуелгі шығарма негізінде көрсетілгендей, бірнеше басқа тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарымен тығыз байланыста, солармен бірлікте қолданылады. Ол құралдар тобына лек-

сикалық тілдер де, синтаксистік тұтастықтар да, морфологиялық бірліктер де бар. Осы ретте кейінгі жыр жолдарын түзуші лексикалық бірліктердің мағынасына назар аударып көрейік. Осындағы сөздердің ішінде біреуі ғана тура мағынасында қолданылған. Қалған сөздер түгелдей ауыспалы мағынаны иеленген. Ал синтаксистік деңгейде қарастырғанда, семантикалық болмысы жағынан «қара күндер», «қартаймайтын қалам» тіркестері, «қартаймайтын қаламды қартайтты» секілді сөйлем ерекше назар аударады. Сөйтіп, ақын өлеңінің тілі жекелеген сөздерден бастап, сөз тіркестері, сөйлем деңгейіне дейін бейнелі, астарлы мағынаға бай болып келеді. Астарлы мағына сөз, сөз тіркесі, сөйлем деңгейінде түрліше өзгеріп отырғанымен, оның бұл арада белгілі бір жүйеде, белгілі бір тәртіппен баяндалатынына көз жеткізуге болады. Байланыс, даму, негізінен, белгілі баяндалып отырған құбылыстың мазмұнына, мағынасына тән болса да, оны жеткізіп тұрған тілдік құбылыстың құрамдас бөліктері өзара сабақтаса, тұтаса келе, жалқыдан жалпыға, жекеден көпке, жалаңнан күрделіге ауысып, үнемі өзгеріп, жетіліп отырады. «Қара бақыр», «мыс етті», «күннен жарық адам» секілді тіркестердің мағыналық жүйесі туралы да осыны айтуға болады.

Жамбылдың Шота Руставелиге арнаған өлеңі де синтаксистік-семантикалық сипаты жағынан бір емес, бірнеше желіден тұрады. Ілгеріде берілген шумақты белгілі бір құбылыс туралы жалпылама ғана айтылған. Мұнда да әр екі тармақ белгілі бір тиянақты ойды білдіреді, ал әр екі тармақ өзара тең дәрежеде байланысады. Өлеңнің келесі синтаксистік-семантикалық бөлігінде құбылыс жалпы емес, жалқы, нақты әрі затты түрді иеленеді. Сөз тікелей Шота Руставелидің өзі туралы хабарға ұласады. Сонымен бірге өлең мәтінінде екі түрлі заман тақырыбы ашылған.

Ақын шығармаларының мәтінінің синтаксистік-семантикалық құрылымы әртүрлі. Құрамының сипатына қарай

мағыналық құрылым және күрделі мағыналық құрылым деп басты екі түрге бөлуге болады. Жалаң мағыналық құрылым шумақ түрінде дараланса, бірнеше жалаң мағыналық құрылым тұтаса келіп, бір күрделі мағыналық құрылымға айналады. Өлең мәтіні осылайша өзара байланысқан бірнеше күрделі мағыналық құрылымнан түзіледі. Өлең мәтінін осы тұрғыда жүйелеу ақынның ойы мен ойлауының даму сипатын, толысу, кемелдену сатыларын анықтауға мүмкіндік береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтінің негізгі белгілерін атаңыз.
2. Мәтінің семантикалық байланысына сипаттама беріңіз.
3. Өлең мәтінінде лексемалардың күтпеген мағынада қолданылу себебін түсіндіріңіз.
4. Көркем мәтінде мәтіндік семантикалық норманың қалыптасуы мен семантикалық үдерістің жүруін салыстырыңыз.
5. Өлең мәтінің семантикалық байланысына синтаксистік құрылымдардың әсерін түсіндіріңіз.
6. М. Мақатаевтың «Жүрексің» өлеңінің семантикалық байланысын анықтаңыз.
7. Г. Смағұлованың «Өлең мәтіндерін талдау ерекшеліктері» атты жұмысын оқып, автордың ұсынып отырған талдауларын көрсетіңіз.

Әдебиет:

1. Гальперин И.Р. Текст "как" объект лингвистического исследования. – М.: URSS, 2009. – 137 с.
2. Золян С.Т. Семантика и структура поэтического текста. – Ереван, 1991.
3. Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Тіл орталығы, 2010. – 148 б.
4. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1970. – 175 б.
5. Таусоғарова А. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

II. ӨЛЕҢ МӘТІНІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҮТАСТЫҒЫ

Өлең мәтінінің семантикалық құрылым-жүйесі, оны түзетін тілдік факторлар, тілдік құралдардың дара және өзара бірлескен, сабақтасқан қызметі тіл білімінің әр тұрғыдан қарастыратын маңызды да мәнді мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ әдеби тілінің даму тарихында өлең мәтінінің семантикалық ерекшелігін тарихи тұрғыдан зерттеудің зәрулігі қандай анық болса, оны бүгінгі қазақ өлеңі материалдары негізінде пайымдаудың ғылыми және тәжірибелік маңызы да соншалықты зор. Шындығына келгенде, қазақ өлеңі мәтінінің семантикасын тілдік тұтастық, тілдік біртұтас күрделі құбылыс ретінде зерттеу күні бүгінге дейін кең қанат жая алмай келе жатқаны рас. Әдеби тілдің іргелі мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерде өлең сөздің көркемдік бейнелеу құралдары, құрылым жүйесі жайында кең сөз болғанына қарамастан, өлең мәтінінің семантикасын арнайы зерттеу пәні деңгейінде тану мен таныту ісі әлі де кешеуілдеп отыр. Бұл

орайда қазақтың көрнекті ғалымы Р.С. Сыздықованың Абай өлеңдерінің тілі, мәтіні жайындағы монографиялық еңбектерін өлең мәтінін тану саласындағы үлкен белес, қазақ тіл білімінің дамуындағы жаңа арна, тың бағыт деп бағалау дұрыс. Тілтанушы Қ. Өмірәлиевтің қазақ эпосының тілі, қазақ поэзиясының жанры және стилі, Дулат ақынның өлеңдерінің композициялық түзілімі туралы монографиялық зерттеулерінің ғылыми және тәжірибелік маңызының жоғары екендігінде де сөз жоқ. Тіл білімі саласында осындай еңбектер жазылып, ғылыми айналымға түсіп жатқанда, қазақ өлеңі мәтінінің семантикасы, қазақ өлеңі мәтінінің семантикалық құрылымы туралы еңбектер жоққа жуық екені көзге түседі. Белгілі әдебиет теоретиктерінің қазақ өлеңі, қазақ өлеңінің құрылысы, өлең өрімі жайында жазылған еңбектерінде өлең сөз, негізінде, буын, бунақ, тармақ, шумақ деңгейінде қарастырылады. Ал өлеңнің мәтіні біртұтас күрделі тілдік немесе әдеби құбылыс деңгейінде қарастырылатын зерттеу еңбек әзірге жазылмаған күйде қалып отыр. Бүгінгі күннің мәдени-әлеуметтік дамуы үшін қазақ эпосының әр жанрлық саласын, халық өлеңін, жыраулар поэзиясы мен ақындар шығармашылығын жеке-жеке біртұтас мәтін деңгейінде зерттеу бүгінгі тіл білімінің аса іргелі ғылыми мәселелерінің бірі екенінде дау жоқ. Сондай-ақ ХХ ғасырдағы белгілі ақындардың өлеңдерінің мәтінін лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты даралап, саралап талдау да қазіргі тіл білімінің кезек күттірмейтін үлкен ғылыми міндеттерінің бірі.

ХХ ғасырдың 20-жыдарында-ақ мәтін зерттеуші орыс ғалымдары мәтіннің ұйымдастырылуында заңдылықтар бар екенін байқаған. А.М. Пешковский «Русский синтаксис в научном освещении» атты еңбегінде алғаш рет күрделі синтаксистік тұтастық ұғымын енгізді. Осы терминді кейбір толықтыруларымен Н.С. Поспелов, В.В. Одинцов, Н.А. Николина, т.б. пайдаланды. Қазақ тіл білімінің негізін салушы

ғалым А.Байтұрсынов «оралым» деген терминді осы күрделі синтаксистік тұтастық ұғымына сәйкес қолданды. Ғалым Л.А. Булаховский «Курс русского литературного языка» атты еңбегінде былай деп жазды: «... фраза не есть то наибольшее целое, в котором сознанию обнаруживаются словесные массивы ... нужно учитывать во всяком случае наличие тех больших единств словесного выражения, в которых налицо бывают конкретные примеры синтаксического характера, так называемые сверхфразные единства» (Булаховский 1949, 357). Бұл арада ғалым белгілі бір ойды, бір тақырыпты білдіріп тұрған абзацты айтып отыр. Бір ой бірнеше абзацта берілуі мүмкін. Фразалық бірліктің қасиеттерін ол мынадай деп көрсетті: 1) фразалардың арасында “мағыналық байланыстырушылар” – есімдіктер тұрады; 2) олардың шекараларында қыстырма сөздер мен шылаулар болады; 3) фразалық бірліктер ырғағы мен әуені жағынан бір-біріне бағындырылған. Л.А. Булаховскийдің мәтін зерттеу саласына қосқан үлесі – мәтінді тақырыптық-мағыналық тұрғыдан қарастырып авторлық абзацпен салыстыру арқылы мағыналық байланыстырушы мен ырғақтық-әуендік суретін анықтауында. Л.А. Булаховский енгізген ұғымды О.С. Ахманова, И.Р. Гальперин және т.б. жұмыстарында пайдаланды. Г.Я. Солганик мәтінді мүшелудің өзінің бірлігіне прозалық строфаны ұсынды. Прозалық строфа – бір-бірімен мағыналық және синтаксистік жағынан тығыз байланысқан әрі жеке сөйлеммен салыстырғанда ойдың дамуын толығырақ көрсететін сөйлемдер тобы екенін айтты. Зерттеушінің ойынша, прозалық строфаның төмендегідей композициясы болады: тақырыпты тудыратын бастама, ортаңғы бөлігі – тақырыптың дамуы және аяқталуы – строфаның шағын тақырыбының қорытындысы. Прозалық строфа тұтас мәтіннің композициясымен астасып, мәтіннің дамуын көрсетеді. Строфаның құрамынан Г.Я. Солганик шығарманы ашатын немесе жаңа тақырыпты бастайтын тірек строфаны ерекшелейді.

Басқа строфалар тірек строфада белгіленген тақырыпты жан-жағынан дамытады. Прозалық строфаны екі жағынан қарастыруға болады: композициялық-тақырыптық және синтаксистік. Синтаксистік жағынан қарастыру жазушының стилін толығырақ бейнелейді. Мәтіннің жоғарғы синтаксистік құрылымы ретінде арнаулы синтаксистік тәсілдердің көмегімен байланысқан және бір тақырып төңірегінде біріккен, бірнеше прозалық строфалардан тұратын фрагментті ұсынады. Фрагменттер тарауға, тараудың бөліктеріне, т.б. композициялық топтарға бірігуі мүмкін (Қараңыз: Солганик 1991, 153 – 165). Мәтіннің құрылымын зерттеудегі Г.Я. Солганик еңбегінің жетістігі – мәтінді мүшелеудің тақырыптық-композициялық және синтаксистік принципін енгізуінде.

Көркем мәтінді талдау қарама-қарсы қою арқылы мынадай бағыттарда жүргізілуі мүмкін: көркем мәтін – көркем емес мәтін; проза – поэзия; мәтін – автор; мәтін – оқырман; мәтін мазмұны жағынан – тек тілдік тұрғыдан; мәтін және т.б.

Көркем мәтін мен оның тілі – қоршаған дүниенің көркем тілдік бейнесі. Қазіргі филологияда мәтін мен мәтіндер оппозициясы, яғни мәтінаралық және дискурс терминдері тұрғысынан қарастырылатын, ең көп талданатын мәселе болып отыр.

Көркем мәтінді талдауда алдына қойған мақсатына сәйкес қарастыру, талдаудың сонша әдістерін туғызады, бірақ әр әдістің мүмкіндігі, шегі болады. Көркем мәтінді талдауда қолданылып жүрген әдістерді төрт топқа жинақтауға болады.

1. Имманентті талдау. Мақсаты – көркем құрылымды оның эстетикалық жағынан құнды объекті – тілі – арқылы зерттеу. Көлемі жағынан шағын көркем мәтіндерді оның барлық деңгейлерінде тілдік бейнелеуіш құралдарының жиынтығы ерекшеленіп, олардың көтеріп тұрған көркемдік жүгі анықталады. Бұл бағыттағы жұмыстар нақты автордың өлең мәтіні, одан әрі қарай өлеңдер тобы, мәтіндер жинағы зерттеледі.

2. Мәтін лингвистикасы және стилистикасы. Мақсаты – мәтін құрылысының заңдылықтарын тілдік феномен әрі көркем мәтін ретінде зерттеу. Негізгі қағидасы – мәтінді құрылымдық бірліктерге мүшелеу және осы бірліктерге одан әрі қарай сипаттама беру. Бұл талдаудың негізін қалаған академик В.В. Виноградов. Ол көркем әдебиеттің композициялық тілдік категорияларын автор бейнесі категориясымен байланыстыру арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі кезде осы бағыттағы зерттеудің бірнеше нұсқалары кездеседі: Н.А. Кожевникованың баяндау типтері, Е.В. Падучеваның баяндау формалары, Г.А. Золотованың мәтін коммуникативтік бірліктері. Бұл зерттеулердің нәтижесінде мәтін туралы ұғымдарды оның бірліктері мен олардың тіркесу мүмкіндіктерінің сипатталуы, тарихи және типологиялық жағынан қарастыру мүмкіндіктері пайда болды. Әдеби шығармадағы тілдің құрылымдық формаларын ғалым О.Г. Ревзина композициялық тілдік құрылымдар деп атайды. Оның пікірінше, олардың құрамы, қасиеттері мен ауысу мүмкіндігі, коммуникативтілігі, қызметі, көлемі, тілі тұрғысынан сипатталады.

Композициялық-тілдік құрылымға: авторлық монологтік сөз, төл сөз (көркем диалог), ішкі монолог, төлеу сөз жатады. Олардың төмендегідей нормативті сипаттамалары бар: а) авторлық монолог сөз бірінші жақта немесе үшінші жақ түрінде беріледі. Мәтіндегі сөйлеуші бірінші жақта «мен» түрінде көрінсе, үшінші жақ формасында айтылғанда, «кейіпкері», т.б. атау түрінде көрінуі мүмкін. Авторлық монолог сөз сипаттау, баяндау және пікір айту қызметінде қолданылып, көркем мәтіннің біраз көлемін алып жатуы мүмкін. Авторлық монолог сөз әдеби (нормалы) тілге сүйенеді; ә) Төл сөзде – айтушы да қабылдаушы мәтіннің универсумындағы ойдан шығарылған кейіпкерлер болады. Негізгі қызметі – кейіпкерге сипаттама беру, оның тілдік портретін жасау. Авторлық монолог сөзге қарағанда төл

сөздің көлемі аз болуы мүмкін және мәтіннің бүкіл стилистикалық жүйесімен бірігіп, әдеби тілге сүйенеді; б) ішкі монологта – айтушы мен қабылдаушы да бір адам болады. Ішкі монологтың қызметі – кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашу, ішкі монологтың көлемі шектеулі және әдеби тілге сүйенеді. Ішкі монологтік құқыққа ие болудың өзі дәстүрлі қолданыста субъектінің маңыздылығын көрсетеді; в) Төлеу сөз – композициялық-тілдік құрылымы жағынан ең соңынан қалыптасқаны деп есептеуге болады. Төлеу сөзге коммуникативтік қатынастағы екі субъектінің – авторлық монолог сөздегі жеңіл-желпі ғана көрінетін субъект – кейіпкер мен жан-жақты, терең сипатталатын объекті – кейіпкер тұлғасы жатады.

Барлық негізгі сипаттамасы бойынша композициялық-тілдік құрылымның ауысуы мүмкін. Ауысу негізгі үш өлшеммен: сандық, сапалық және құрылымдық, яғни көлемі, тілі және коммуникативті-функционалдық сипаттамалары бойынша ерекшеленеді. Ауысудың бұл үш өлшемі бір-бірімен байланысты. Композициялық-тілдік құрылым көлемінің өзгеруі нормамен салыстырғанда ұлғаю жағына қарай ауысуы мүмкін. Онда төл сөз, диалог, т.б. негізгі композициялық-тілдік құрылым болып табылады. Композициялық-тілдік құрылым тілі бойынша сипаттамасында нормаға сай өзгерістер сапалық өзгерістерге ауысатындығы байқалады. Сапалық ауысу нормативті тілдік сипаттамалардың жылжуынан тұруы мүмкін. Авторлық монолог сөздегі – әңгімелеушінің типі полифониялық баяндауда әртүрлі жүзеге асады, құрылымдық ауысу коммуникативтік қатынасқа да және баяндаушының ұстанымына да қатысты әртүрлі болады. Мысалы, баяндаушының типологиясы, білім көлемі, сипаттау динамикасы бойынша қарастырылады.

Бұл жерде атап өтетін мәселе – автор бейнесі категориясының ұғымы, көркем мәтінді құратын категория ретінде композициялық-тілдік құрылымды ерекшелеумен

іштей сәйкес келеді. В.В. Виноградов түсінуінде автор бейнесі категориясы көлемі жағынан кең категория, оның құрылымдық өлшемдеріне баяндаушы мен оның позициялары, композициялық-тілдік құрылыс пен тіл, яғни онда қоршаған дүниені көркемдік тұрғыдан сезіну формалары жүзеге асады.

Жоғарыдағы екі түрлі талдауды қорытындылай келе, зерттеуші позициясы шынайылық тұрғысынан анықталса, ал көркем мәтін – шығарма-мәтін ретінде қарастырылады.

3. Интермәтіндік талдау. Бұл талдаудың да кең таралған бірнеше нұсқалары кездеседі. Ең алғашқы нұсқасын О. Бальзак пен Э. Понның новеллаларын талдау арқылы Р. Барт енгізді. Р. Барт мәтінді оқырман санасына ауыстырып, мәтінді лексияларға мүшелеуді ұсынады (лексия ретінде морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлемнің бөлігі, бірінен кейін бірі тұратын сөйлемдер тізбегі алынуы мүмкін). Мәтіндік кодтардың лексияларда жүзеге асуына байланысты – семантикалық, символдық, мәдени және соған сәйкес дауыстар: Шындық дауысы, Жеке тұлға дауысы, Символ дауысы және Білім дауысы деп шартты түрде жіктеледі. Р. Барт бұл идеяларға операциялық мән беріп, ішкі семиозистің механизмін ашып көрсетті. Ішкі семиозис мәтін – шығарма және мәтін – оқылу (чтение) қозғалысының ауысуы үшін негіз болатын жағдайларды суреттеуден көрінетін символдан тұрады.

Интермәтіндік талдауда оқырман-зерттеуші алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, М. Мақатаев өлеңіндегі Қарабайдай атаның, Махамбет өлеңдеріндегі Жәңгірдің т.б. кім екенін білу үшін оқырманда белгілі бір деңгейде білімнің болуы талап етіледі.

4. Дүниетанымдық талдау. Дүниетанымдық талдаудың негізінде көркем мәтінді талдаудың «формальді тұрғыдағы қатынасы» және «мазмұндық тұрғыдағы қатынасы» немесе «әдебиеттану – лингвистика» деген қарама-қарсы қоюшылық жатады. Дүниетанымдық талдауда таңба мен рефе-

ренттің арасындағы байланыс мәселесі тұрады, себебі көркем мәтінде ойдан шығарылған «референт» пен ойдан шығарылған дүние – универсум туралы әңгімеленеді. Бұл мәселені көркем мәтін бойынша дүниені өзгерту ретінде де қарастыруға болады. Осы мәселе әдебиеттануда, философияда, мәдениеттануда дұрыс шешіледі, бірақ лингвистикада қарастырылмады. Істің мәнісі мынада: лингвистиканың ұғымдық құралдары дүниені суреттеуге арналмай, тілді суреттегендіктен, дүниені лингвистикалық ұғымдармен суреттеу түсініксіздікке әкеледі. Көрнекті лингвистердің өзі дүниенің көркем «бейнесі» тақырыбын бастағанда, адамның жан дүниесін қозғаушы тілге ауысады. Дүниенің тілдік суреті ұғымының өзінде оның мүмкіндіктерінің шекарасы пайда бола бастайды. Ғалым Ю.Д. Апресянның дүниенің суретіне берген анықтамасы «способ восприятия и организации (концептуализации) мира» (1995, 350). Көркем дүние әркімге таныс, бірақ істің суретін айнытпай бейнелеуге болады. Салыстыру үшін негізге алынатын қажетті әрі жеткілікті белгілер қандай, дүние суретінің өлшемі қандай болу керек деген сұрақтар туындайды. Оқырманды, ең алдымен, көркем мәтін тудырған дүние қызықтырады. Осы саладағы ең жаңа ізденістер өмір мәтіні мен бір ғана автордың әртүрлі мәтіндер жинағының барлығын біріктіріп бір ізде қарастыруға негізделген.

Ғалым Ц. Тодоров бұл бағыттағы ізденістерін былай тұжырымдайды: «В произведении, основанном на вымысле, осуществляется переход, привычность которого заслоняет его значение и исключительность, – от последовательности фраз к целому воображаемому миру... в действительности нет никакой «изначальной» реальности и «последующего» ее воплощения в тексте. Данностью является лишь сам литературный текст и, отправляясь от него, читатель производит определенную работу, в результате которой в его сознании выстраивается мир, населенными персонажами, ... хотя эта строительная работа происходит в

сознании читателя, она вовсе не представляет собой чего-то индивидуального, так как сходные конструкции возникают у самых разных читателей» (Ц. Тодоров 1975, 62-63).

Ц. Тодоров ұсынған мәтін категориялары: модус категориясы (етістіктің райлары), сөйлеуді сипаттау (мимесис) және сөйлемеуді сипаттау (диегесис); миметикалық модусқа төл сөз, төлеу сөз, бөгде сөз, уақыт категориясы. Мәтіннің уақыт категориясына ойдан шығарылған оқиғаларды айтуға кеткен уақыт пен сол оқиғаларда қамтылған уақыттың арақатынасы жатқызылады. Мәтіннің көзқарас категориясы мен етіс категориясы орыс тіл білімінің мәтін стилистикасында жан-жақты қарастырылған: әңгімеші, кейіпкер, жасырын автор; баяндау категориясы – баяндау сөйлемдерін кіргізеді: оқиға, оқиға тізбектері; кейіпкерлердің оқиғалар мен оларды қабылдауының әсері әртүрлі екендігіне назар аударылады.

Ц. Тодоровтың пікірінше, мәтіндегі кейіпкерлер әртүрлі оқиғалар тізбегінде қандай іс-әрекеттер жасап, өзгерістерге ұшырап жатса, оқырман да өзі оқыған мәтіннен сондай әсерде болып, шығармадағы көркем дүниенің образын оқырман осылайша игереді. Дүниетанымдық талдаудың негізгі категориялары жоғарыда аталған – Ц. Тодоров ұсынған категориялар.

Мәтінді сипаттаудың әдісінде оның жүйелілік және әртүрлі функционалдық қасиеттерін ескеру қажет. Мәтіннің жүйелілігі оның мазмұны мен құрылымында бөліктерінің иерархиялық ұйымдастырылу заңдылықтарынан көрінеді. Шығарма мәтінінің құрылымы деп жеке заңдылықтарға ие болған, бір-біріне тәуелді ішкі жинақ түрінде ұйымдасқан, оның ерекше дара мәнін түсінуге болады. Мәтіннің әр бөлігінің – ішкі жинағының қасиеті сол бөліктің ішкі ұйымдастырылуына ғана тәуелді болып қоймайды, оған қоса бүкіл мәтіннің тұтас ұйымдастырылуына байланысты. Мәтіннің құрылымы жинаққа біріктірілген кішкене бірліктерден тұрады. Ал жинақтар өз ретінде ірі құрылымдар-

ға тұтасады. Бұлардың бәрі бір-бірімен өзара сатылы тәуелді, бірақ әрқайсысының өзінің құрылу заңы бар, салыстырмалы түрде жеке-даралық сипаты болады.

Мәтін құрылымын бөлу мазмұндық-тақырыптық мүшелеумен тығыз байланысты. Мазмұнның тақырыптық негізі – автордың қоршаған тұтас дүниені көркем бейнелеудің объекті. Тақырып қоршаған дүниені әртүрлі құралдармен ашады. Шығарманың тақырыбы мен мазмұнының арақатысы белгілі бір объектіні құрастыратын барлық элементтерінің бірлігінің арақатынасындай болады.

Құрылым-жүйесінің көп сатылы, көп қырлы болып келуіне байланысты көркем мәтін, оның ішінде өлең сөздің мәтіні семантикасы зерттеу пәні ретінде өте күрделі әрі қиыны да, қиыры да мол құбылыс қатарына жатады. Оның құрылым жүйесін түзетін тілдік құралдар мағынасы жағынан да, құрылысы жағынан да алуан түрлі, олардың арасындағы байланыстар да әр салалы. Сонымен бірге бұл құралдардың болмыс-бітімін, атқаратын қызметін, өзара байланысу жолдарын зерттеудің жолдары да түрліше. Соған байланысты бір ғана өлең мәтінінің семантикалық құрылым жүйесін әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады. Сол себепті өлең мәтінінің құрылым жүйесі бір емес, бірнеше, әртүрлі қалыпта түрленіп отырады. Мұның өзі өлең мәтінін семантикасын зерттеудің де бір емес, бірнеше тәсілін, бірнеше әдісін қатар пайдалануды талап етеді.

Тіл білімі, әсіресе оның бүгінде лингвистикалық поэтика деп аталып жүрген саласы өлең мәтінінің мағыналық-құрылымдық жүйесіне мүлде басқа деңгейде, басқа тұрғыдан баға береді. Бұл арада тіл білімінде, әдетте басты зерттеу пәні ретінде қабылданған сөз, сөз тіркесі, сөйлем секілді категориялар да өз қызметтер аясында өлең мәтіні семантикасының табиғатын жете танытатындай болмыс-бітімімен ерекшелене алмайды. Өлең мәтініндегі әр тілдік құбылыс мәтінінің мазмұндық-мағыналық құрылымын түзуші фактор деңгейіне дейін көтеріле алғанда ғана оның

белгілі бір қырын, белгілі бір табиғатын таныта алады. Ондай жағдайда тілдік бірлік өзінің тура немесе бұрма мағынасымен мәтіннің құрылым жүйесі беретін мазмұн-мағынаның басты ұйыстырушы элементіне айналады. Тілдің басқа деңгейдегі категориялары туралы да осыны айтуға болады. Жекелеген тілдік бірліктің мәтіннің семантикалық құрылым жүйесін түзуші фактор деңгейіне көтерілуі оны мәтін жүйесінде қолданудың тәсілдеріне тікелей тәуелді. Тілдік құралдарды қолдану тәсілдерінің бәрі бірдей өлең мәтінінің өлең құрылым жүйесінде күрделі тілдік тұтастық қызметін атқара алмағанмен, олар синтаксистік жалаң, жай тұтастықтан бастап синтаксистік күрделі тұтастыққа дейінгі аралықтағы мәтін түзуші құбылыстардың қай-қайсысының құрамында да белсенді қызмет атқарады, лексикалық, грамматикалық категориялардың мәтін аясындағы қызметін байыта, күрделендіре отырып мәтін түзуші, оның мазмұндық-мағыналық жүйесін тұтастырушы құбылыс деңгейіне дейін көтеріледі. Сөздің тура емес, ауыспалы мағынада қолданылу жолдары мен тәсілдерінің бұл орайда үлкен рөлі бар. Өлең мәтінінің мағыналық құрылымдық сипаты мен семантикалық даралығы көп жағдайларда жекелеген лексикалық категориялардың қызметімен, жекелеген сөздердің ауыспалы немесе бірде тура, бірде ауыспалы мағынада қолданылу ерекшеліктерімен тікелей байланыста анықталады.

Мәтін жүйесінде сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері көп түрлі болғанымен, олардың арасында тығыз байланыс бар. Бұл байланыстың аясында белгілі бір сөздің мәтін семантикасы құрылымының белгілі бір сатысындағы бұрма мағынасы мәтін семантикасы құрылымының келесі басқа деңгейдегі сатысында мүлде басқа мағынаға айналып кетеді. Сондай-ақ белгілі бір сөздің өлең мәтінінің белгілі бір бөлігінде тура мағынада, ал келесі бір бөлігінде ауыспалы мағынада қолданылуы да жиі кездеседі. Мұндай жағдайда екі түрлі деңгейде екі түрлі мағынада

қолданылған бір ғана сөз мәтін семантикасын түзуші фактор ғана емес, мәтін түзудің қағидасын белгілейтін күрделі, лексикалық, синтаксистік категориялардан әлдеқайда жоғары деңгейіндегі құбылыс қызметін атқаратын болады. Бұл, әрине, тілдік құбылыстардың лексикалық немесе синтаксистік болмысынан туған ерекшелік емес, тілдік құралдарды пайдалану тәсілдерінен, тілдік құралдардың семантикалық сипатынан туындайтын қызмет болып табылады. Өлең мәтініндегі жекелеген сөздердің семантикалық қызметінен туған қосымша, ерекше мән-мағына мәтіннің семантикалық құрылым жүйесін тануда да басты өлшем бола алады.

Өлең мәтінін түзуші тілдік құралдар мен тәсілдер қатарында грамматикалық, лексикалық категорияларының маңызы мен мәнін төмендетуге, әрине, болмайды. Өлең сөздің мәтіні дегеннің өзі – құрылымы, жүйесі күрделі белгілі бір мағыналық тұтастық. Оны түзуге қатысушы әрбір құрылымдық бөлік те мағыналы. Сондықтан кез келген мәтіннің негізгі, семантикалық, мағыналық-құрылымдық өзегі сөзбен, белгілі бір заттың немесе құбылыстың, ұғымның тілдік атауымен тығыз байланысты. Бұлай дегенде, мәтін құрамындағы сөздердің мағыналарының өзара бір-бірімен байланысу жолдары, бірін-бірі толықтыру, байыту тәсілдері, сөйтіп, өзара тұтасу ерекшеліктері айрықша маңызды екендігін ескеру керек. Мәтіннің мағыналық құрылым жүйесі үшін сөздердің лексикалық мағыналарының дара қызметінен гөрі олардың бір-бірімен өзара сабақтасқан, бір-біріне ұласқан, тіпті басқа деңгейдегі тілдік категориялардың мағынасымен түйіскен қызметі аса мәнді және мазмұнды.

Көркем мәтіннің құрылымында басты қызмет атқаратын тіл категорияларының ішінде синтаксистің, белгілі бір ұғымды білдіретін тілдік құралдардан гөрі белгілі бір ойды немесе ойлар тобын білдіретін, дара ойлармен қатар біртұтас түйдек ой жүйесін танытатын сөздер тір-

кесі, сөйлемдер тобы ерекше дараланады. Прозалық мәтіндегі сөздер тіркесі немесе сөйлем сипатынан өлең сөз жүйесіндегі сөз тіркесі немесе сөйлем табиғаты өзгеше болады. Өлең мәтініндегі әр тармақ белгілі бір біршама тиянақты ойды білдіріп, соған сәйкес өлеңнің әр тармағы белгілі бір сөйлем қызметін атқарады. Сонымен бірге өлең мәтінінің әр тармағы емес, тұтастай шумағы тұтасып келіп бір ғана сөйлем болып ұйысуы да кездеседі. Қалай дегенде де өлең мәтінінің мағыналық құрылымдық жүйесінде белгілі бір ұғымды білдіретін лексикалық бірліктермен салыстырғанда, синтаксистік құрылымдардың атқаратын қызметі жоғары. Мәтін семантикасы жүйесіндегі жекелеген мағыналық-құрылымдық сатыларды түзетін, негізінен, синтаксистік құрылымдар дер болсақ, олардың өлең мәтінін түзудегі алатын орны ерекше дер болсақ, олардың өлең мәтіні семантикасын түзудегі, өлең мәтініне мағыналық-құрылымдық тұрғыда толық аяқталған, тиісті деңгейде толыққан тұтастық сипат дарытудағы орны барынша айқындала түседі. Алайда тілдік категориялардың мәтін түзушілік қызметі мен мәтіннің ең кіші мағыналық-құрылымдық бөлігін бір-бірімен теңестіруге де, бір-бірімен алмастыруға да болмайды. Синтаксистік құрылымдар немесе лексикалық, грамматикалық құбылыстар жеке-дара тұрып мәтіннің мағыналық-құрылымдық сипаты жағынан дербес бөлігін құрай алмайды, оны құрудың басты өлшемі қызметін де атқара алмайды. Мәтіннің мағыналық-құрылымдық ең қарапайым дербес бөлігінің басты ерекшелігі оның мағыналық, мазмұндық дербестігімен сипатталады. Мағыналық, мазмұндық дербестік болмайынша, ешқандай синтаксистік, морфологиялық немесе лексикалық бірлік өлең сөздің мәтінінің құрамдас бөлігі қызметін атқара алмайды. Екінші жағынан, өлең мәтінінің белгілі бір семантикалық бөлігін мәтін жүйесінің семантикасынан бөліп алып анықтаудың, даралаудың дәл өлшемін табу да оңай емес. Өйткені мәтіннің жүйесін түзуші жекелеген се-

мантикалық бірліктердің өз ішінде бірнеше синтаксистік құрылым, бірнеше өзара байланысты мағына жатуы мүмкін. Бұл орайда мәтінтанушы ғалымдар мәтіннің семантикалық басты бөлігі ретінде прозада абзацты бөліп алатын болса, өлең сөз жүйесінде шумақты даралап көрсетуді жөн көреді. Бұл қағида прозалық мәтінді тануда ыңғайлы әрі негізді болса, өлең мәтінінің семантикалық жүйесін анықтауда тиімді бола алмайды. Себебі өлең мәтінінің жүйесінде белгілі бір өзара тұтасқан немесе жалғасқан ой түйдегі кейде өлеңнің бір ғана шумағында көрініс табатын болса, кейде екі не одан көп шумақ көлемінде беріледі.

Өлең мәтінін семантикалық түзуші факторлар қатарында сөздің мағыналық қызметінің алатын орны үлкен. Ондағы әр сөз дәл де өткір, айқын да ажарлы мазмұнымен, бейнелі, бедерлі мәнімен дараланып тұруға тиісті. Олай болмаған жерде өлеңнің тілі қара сөздің тілінен ерекшелене алмайды. Қазақ өлеңінің тілі, ондағы сөз мағынасы туралы пікір айтқанда, мына жайға соқпай өтуге болмайды: ол – сөздің түрлі мағыналары арасындағы қатынас сыры. Қазақ өлеңі мәтінінің табиғатына тән басты ерекшеліктерінің бірі – ондағы сөздің, негізінен, көп мағыналылығы. Өлең мәтінінде сөздің қолданылу тәсілдері мен тәртібі көркемдік бейнелеу құралдары қызметін ғана атқарып қоймайды, сонымен бірге олар өлең мәтінінің семантикалық жүйесін түзудің де басты факторы және принципі болып табылады. Соған орай өлеңде сөздің қолданылу тәсілдері, мағыналық құбылулары өлең мәтіні семантикасының да сыны мен сипатын анықтайтын тілдік құбылыс қатарына жатады.

Өлең мәтінінде сөздің қолданылу жолдары түрліше болғанымен, олардың арасында анық та айқын тұрған шекара жоқ. Мына өлең жолдарына назар аударайық:

Қабағы таудың қатулы,
Қар жауа ма, қайтеді?!
Бұлақтар мұңға батулы,
Мүз тұра ма, қайтеді?!

М. Мақатаев

Бірінші тармақ түгелдей бейнелі, ауыспалы мағыналы сөздердің тобынан тұрады. Негізгі ой қабақ туралы болып тұр. Қабақ болғанда адамның немесе жардың қабағы емес, қатулы қабақ. «Қабағы қату» – қазақ тілінде жиі қолданылатын, мағынасы терең, астарлы мәні бар тіркес. «Қабақ», «таудың қабағы», «таудың қабағы қатулы» – бәрі де тура емес, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Әйтсе де өлең мәтіні семантикасы үшін бастысы бұл сөздер мен тіркестердің немесе тұтастай осы бір тармақтың ауыспалы мағынада қолданылуы ғана емес, бұдан туындайтын келесі тармақтың мазмұн ерекшелігінде. Өлеңнің осы алғашқы екі тармағында басыңқы, негізгі ойды жеткізіп тұрған синтаксистік күрделі құбылыс – екінші тармақ, екінші сөйлем. Екі сөйлем түрінде берілген бұл екі тармақтың алғашқысы белгілі бір құбылыстың, оқиғаның, іс-әрекеттің себебін аңғартады да, екіншісі оның нәтижесін, салдарын білдіреді. Алғашқы тармақтағы сөздер мен сөз тіркестерінің немесе тұтастай осы тармақтың мағынасы келтірінді, бейнелі, астарлы болмаған жағдайда, сол астарлы, ауыспалы мағынаның мәні мен мәнісі ашылмаған жағдайда, екінші тармақтағы ой бірінші тармақтағы ойдың салдары ретінде қызмет атқара алмаған болар еді. Сөйтіп, бұл екі тармақ арасындағы семантикалық байланыс жоққа саяр еді. Екі тармақ деңгейінде жасалған байқау, талдау өлең мәтінінде сөздің немесе сөз тіркестерінің, тіпті тұтастай өлең тармақтарының түрлі мағынада қолданылуы өлең мәтінінің семантикасын түзуші құрылымдық бөліктердің арасын байланыстырушы қызмет атқаратынын көрсетеді.

Өлең мәтінінің келесі екі тармағы арасындағы байланыс ерекшеліктері туралы да осыны айтуға болады. Алғашқы тармақ тұтастай ауыспалы, бейнелі мағынада берілген. Кейінгі тармақ осы бейнелі, ауыспалы мағынадан туатын салдар, нәтижеге нұсқайды. Өлең мәтінінің келесі семантикалық бөлігінің мағыналық-құрылымдық жүйесі де осындай тәсілмен түзілген:

Ай туыпты шалқалап,
Шатынап аяз болар ма?!
Тыныстай қапты шар тарап,
Шарқ ұрып дауыл соғар ма?!

М. Мақатаев

Айға қатысты айтылған екі сөз – туыпты, шалқалап – ауыспалы мағынада қолданылған. Туған айға қарап, қазақ бұл сөздерді айта береді. Жиі және жаппай қолданылып жүргеніне қарамастан, бұл сөздердің тура мағынасынан гөрі келтірінді, ауыспалы мағынасы басым. Екінші тармақтағы «шатынау» сөзі де аязға тән болмысты, белгіні тура емес, келтірінді, ауыспалы қалыпта білдіретін сөз қатарына жатады. Алайда бұл жерде де ерекше назар аударатын жай «шатынау» сөзінің тура немесе ауыспалы мағынада қолданылуы емес, екінші тармақтың тұтастай алғашқы тармақта берілген ойдың нәтижесі іспетті мағыналық қатыста екендігі. Алғашқы тармақта ауыспалы мағынада қолданылған сөздер тобының, тұтастай осы тармақтың мазмұны екінші тармақта түйінделген ойдың тууына себеп қызметін атқаратындығында. Бұл жерде де алғашқы тармақ – алғашқы сөйлем – белгілі бір құбылыстың, іс-әрекеттің себебін, ал екінші тармақ – екінші сөйлем – оның салдарын білдіретіндей мағыналық-құрылымдық жүйе бар. Енді осы шумақтың келесі екі тармағының мағыналық-құрылымдық сипатына көңіл бөлейік. Алғашқы тармақ тағы да ауыспалы мағынада, кейіптеу тәсілінде түзілген. Бұл тармақта берілген сурет, көрініс те астарлы, нышанды мағынаға ие, оны жеткізіп тұрған тілдік құралдар да астарлы, ауыспалы мағынада қолданылған. Ал келесі тармақ бұл тұста да алғашқы тармақтағы ойдың, мазмұнның немесе сол ой мен мазмұнды білдіретін құбылыстың салдары, нәтижесі ретінде туған ойдың, мазмұнның немесе сол ой мен мазмұнды білдіретін семантикалық жүйенің көрінісі болып шыққан.

Өлең мәтінінің берілген екі шумағының әр екі тармағы осы жүйеде талданғанда, бір-бірімен себеп-салдар қаты-

наста түзілген әр екі тармақ әр келесі жұп тармақтармен мағыналық-құрылымдық тұрғыда өзара тең дәрежеде, салаласа, жарыса байланысатыны белгілі болады.

Өлең мәтінінің келесі бөлігінің мазмұны да, құрылым жүйесі де басқаша. Соған орай өлең тармақтары арасындағы байланыс та, өлең шумақтары арасындағы мағыналық қатынас та мүлде өзге сипатқа иеленеді. Ауыспалы, бұрма мағынада қолданылған тармақтар немесе бұрма, келтірінді мағынада қолданылған сөздер тармақ байланыстырушы, тармақ түзуші қызметін кеңейтіп, өлең мәтінінің семантикасын түзуші қызмет атқарады:

Жапсаң, жап тауды, қыратты,
Жаусаң, жау, ақ қар, үш апта!
Бұйығып жатқан бұлақты,
Бұрқана келіп құшақта!

Дала, орман тегіс ілбіпті,
Соқсаң, соқ, дауыл, серпіл бір!
Мына бір бейқам тірлікті
Желпіндір, дауыл, желпіндір!

Шалқадан туған айды да
Орақ қып көкке шаншып қой!
Жол ашсаң мұңға, қайғыға,
Тірлігің онда мансұқ қой

М. Мақатаев

Өлең мәтіні, негізінен, екі үлкен семантикалық құрылымдық бөліктен тұрады. Алғашқы екі шумақ бірінші құрылымдық бөлікті түзгенде, мына кейінгі үш шумақ келесі құрылымдық бөлікті құрайды. Өлең мәтінінің бірінші бөлімінің әрбір екі тармағы дербес мағыналық және құрылымдық болмысымен дараланады. Бірақ бұл дербес мағыналық және құрылымдық тұтастықты өзге де осы секілді тұтастықтардан мүлде бөліп тастаған жағдайда, мәтіннің бірінші бөлімінің тұтастығы мүлде бұзылады. Өлең мәтінінің әрбір жұп тармағын бір-бірінен ажыратуға

болмайтыны секілді әрбір жұп тармақты басқа бір жұп тармақтан даралауға, бөліп тастауға болмайды. Ал оларды бір-бірінен бөліп, ажыратып тастаған жағдайда, өлең мәтінінің семантикалық тұтастығы жойылады. Өлең мәтінінің семантикасы, айналып келгенде, өзара салаласа, тең дәрежеде байланысып тұрған, мағыналық тұрғыдан да, құрылымдық жағынан да бір-бірінен тәуелсіз әрбір жұп тармақтың семантикалық қызметімен тікелей сабақтасады. Мұның өзі өлең мәтініндегі әрбір жұп тармақ өлең мәтіні жүйесінде семантикалық бірлік түзуші қызмет атқарады деп тұжырым жасауға негіз болады.

Өлең мәтінінің екінші бөлімі семантикалық сипаты, құрылым жүйесі жағынан алғашқы бөлімнен мүлде бөлек. Бірінші бөлім мен екінші бөлімді өзара байланыстырып, бір-бірімен сабақтастырып, тұтастырып тұрған тілдік құбылыстар әр түрлі. Ең алдымен, эмоциялық мазмұн құбылуы анық көзге түсіп тұр. Бірінші бөлімде берілген эмоциялық мазмұн белгілі бір құбылыс туралы болжалды түрде айтылған хабарларға, ұғымдарға негізделетін болса, екінші бөлімде айтылған хабарлар мазмұны бұдан басқаша табиғатымен дараланады. Бұл бөлімде эмоциялық мазмұн болжалды, дүдәмәл күйден мүлде арылып, кесімді, шешімді, бұйрықты реңкті иеленген. Алғашқы бөлікте болжалды, дүдәмәл реңкті иеленіп тұрған мазмұн мен кейінгі бөлімдегі кесімді, шешімді, бұйрықты сипат алған мазмұн өзара бір-бірімен жалғасып, тұтасып жатқан семантикалық құрылым табиғатынан туындайды. Негізінен алғанда, өлең мәтінінде баяндалып отырған құбылыстардың тобы біреу ғана да, оған қатысты суреттелініп отырған авторлық қатынастың эмоциялық реңкі екі түрлі. Біздің аңғаруымызша, өлең мәтінінің бірінші бөлімінде болжалды, күмәнді, сұраулы мағыналық реңк пен өлең мәтінінің екінші бөліміндегі кесімді, шешімді, бұйрықты мағыналық реңк бір-біріне қарама-қайшы ғана емес, сонымен қатар олар бір-бірімен тығыз байланысты да. Бұл жерде қарама-

қайшылықтан гөрі белгілі бір сипаттағы семантикалық байланыстардың дамуы біртіндеп айқындалуы, бір-біріне ұласуы, жалғасуы бар. Өлең мәтінінің екі бөліміндегі мағыналық-эмоциялық реңк сипаттарының бір-біріне қарама-қайшы не жалғаспалы, ұласпалы болып келуі де өлең мәтінінің семантикалық құрылымын түзуші факторлар қатарына жатады. Екіншіден, осы көрсетілген мағыналық-эмоциялық реңктерді білдіруші тілдік құралдардың қызметі де өлең мәтінінің семантикасын түзуге тікелей қатысты. Белгілі бір құбылыстардың әртүрлі шақтағы күйін білдіретін грамматикалық категориялардың бірде етістіктің болжалды келер шақ формасы арқылы, бірде етістіктің бұйрық райлы формасы арқылы берілуі жүйесінде өзара тұтасып жатқан, өзара кірігіп, қайталанып жатқан белгілер бар. Өлең мәтінінің бірінші бөліміндегі Қабағы таудың қатулы /Қар жауа ма қайтеді?! екі тармақ пен өлең мәтінінің келесі бөліміндегі Жапсаң, жап тауды, қыратты /Жаусаң, жау, ақ қар, үш апта! екі тармақ арасындағы семантикалық байланыстың ерекшелігі, біріншіден, болжалды күйден анық сипатқа иеленіп отырған ұғым, құбылыс арқылы айқындалады, екіншіден, қардың жаууы туралы ұғымды білдіретін сөздің қайталануы нәтижесінде анықталады. Өлең мәтінінің бірінші бөлімінде берілген белгілі бір ұғым мен сол ұғымды білдіретін сөздің немесе сөз тіркесінің өлеңнің екінші бөлімінде белгілі бір ретте қайталануы, өзге реңкпен қайталануы бұл екі бөлім арасындағы семантикалық бірлікті, байланысты, сабақтастықты мағыналық тұрғыда да, құрылым-жүйе тұрғысынан да қамтамасыз еткен. Өлең мәтінінің екі бөлімдегі белгілі бір реттегі әрбір екі тармақтағы белгілі бір ұғым мен ол ұғымды білдіретін сөздердің қайталануының тәртібі осындай болып келеді. Аталған қайталаулар жоқ жерде өлең мәтінінің тиісті бөлімдерінің арасында семантикалық жалғастық, сабақтастық, байланыс желісі үзіледі. Ондай жағдайда жалпы өлең мәтінінің тұтастығы бұзылады. Мұның өзі өлең

мәтіні семантикасының құрамдас бөліктері мен бөлімдеріне белгілі бір ұғымдар мен сол ұғымды білдіретін лексикалық, грамматикалық бірліктердің белгілі бір ретпен, жүйемен қайталануы өлең мәтінінің семантикалық құрылымын түзуші басты фактор қызметін атқарады деп қорытынды жасауға алып келеді.

Өлең мәтінінің семантикалық бірлігі мәселесін оның құрылымдық тұтастығынан бөліп қарауға болмайды. Өлеңнің семантикалық бірлігін айқындаудың басты жолдарын көрсетумен қатар, тұтас көркем туынды ретінде өлең мәтінінің семантикалық құрылысының кейбір жалпы заңдарын анықтау мақсатында да бұл бірлікті зерттеу қажеттігі туып отыр. Өлең мәтіні құрылымының заңдылықтарын түсіну оның семантикалық бірлігін анықтауды жеңілдетеді. Өлең мәтінінің семантикалық тұтасуы оның құрамдас бөліктерінің байланысуы арқылы жүзеге асады. Бұл байланыс көбінесе шумақтан-шумаққа бертіңдеп, сатылап жүзеге асырылады. Жалпы және басты бөліктерінің жекелеген бөліктерімен арақатынасына негізделген өлең мәтінінің семантикалық құрылысы бір-бірімен жүйелі түрде сатылы байланысқан шумақтардан тұрады. Бұл шумақтардың орнын ауыстыруға келмейді. Өлең мәтіндегі барлық образдар жүйесі осы семантикалық байланысты орнатуға жұмылдырылады. Бұл байланыс 4-5 шумақты өлең мәтіндерінде анық көрінеді. Қазіргі поэзияда өлең мәтіндерінің осындай дәйекті, жүйелі түрде байланысуының бір түрі – толық мәтіндік қайталау әдісі. Өлең мәтінінің бірінші шумағының қорытынды шумақта толық қайталануы арқылы мәтіннің семантикалық байланысуы жүзеге асырылады. Мысалы, мына өлең мәтінінің семантикалық құрылымына назар аударайық:

А. Бәріне де түсінем,
Бәрін білем,
Бірақ білмен өзімнің әлімді мен.

- Ә. Пайдам да жоқ ешкімге, зияным да,
 Ұялтуға қақым жоқ, ұялуға.
 Жаялатып жүріп-ақ, дәмем күшті,
 Құрық салам құланға қиялымда.
- Б. Қалқасында жүріп-ақ қалтарыстың,
 Күшім бар деп, күшіндей Алпамыстың,
 Келсін шамам, келмесін, шаруам жоқ,
 Геркулеспен келеді арпалысқым.
- В. Олай көрем өзімді, бұлай көрем,
 Өзімді-өзім патша, құдай көрем.
 Кесілмеген тұсауы нәрестедей,
 Кездескеннің бәрінен құлай берем.
- Г. Шабыт, ашу, шаттық, мұң, ұят қалып,
 Жүрген жай бар, осылай күй ақтарып.
 Билей алмай жүрмін мен бір басымды,
 Роботы біреудің сияқтанып.
- Д. Бәріне де түсінем,
 Бәрін білем,
 Бірақ білмен өзімнің әлімді мен...

М. Мақатаев

Өлең мәтінінің бастапқы семантикалық-құрылымдық бөлігі (бірінші шумақ) автордың екі түрлі күйі туралы мазмұнды ұсынады: 1) бәрін түсінеді, бәрін біледі; 2) бірақ өзінің әлін білмейді. Мәтіннің семантикалық құрылымы түзілуі үшін бұл мағыналық бірліктің маңызы жоғары. Бұл – өлең мәтінінің басты семантикалық бөліктерінің бірі ғана емес, оның бүкіл семантикалық-құрылымдық жүйесінің өзегі, орталық желісі болып табылады. Өлең мәтінінің кейінгі семантикалық-құрылымдық бірліктері осы өзекті, орталық желідегі мағынаны ашуға қызмет етеді. Бұған көз жеткізу үшін мәтіннің келесі мағыналық бірліктерінің мазмұнына назар аударайық. Екінші семантикалық бірлік (екінші шумақ) жүйесіндегі алғашқы мағына құбылыстың мынадай күйін, қалпын білдіреді: 1) ешкімге пайдасы да,

зияны да жоқ; жаяулатып жүр; 2) бірақ қиялында құланға құрық салады. Бірінші қалып құбылыстың табиғи қал-күйін білдіреді, ал екінші қалып оның табиғи емес, шындық аясынан тыс, қиялдағы тілекті білдіреді. Екі қалып екі түрлі мағынаны ұсынады және олар бір-бірінен алшақ, бір-біріне қарама-қарсы күйді сипаттайды. Бұл семантикалық құрылым мәтіннің бастапқы бөлігінің (А) семантикалық-құрылымдық жүйесін қайталап тұрғаны анық. Айырмашылық семантикалық желінің дамып, басқа сатыда көрініс тауып отырғанында. Өлең мәтінінің келесі семантикалық-құрылымдық бөлігінің (Б) жүйесінде де осы тәртіп бар: 1) құбылыс қалтарыста, қалқада жүр, шамасы белгілі; 2) бірақ Алпамыстай күшті сезінгісі келеді, Геркулеспен арпалысқысы келеді. Тағы да жоғарыдағы (А, Ә) семантикалық-құрылымдық жүйе қайталанатын. Мұның мағынасы да, айналып келгенде, бірінші семантикалық бірлік (Ә) мазмұнына келіп саяды. Бұдан кейінгі семантикалық құрылым бөлігінде мынадай мағыналық қатар бар: 1) құбылыс өзін патша, өзін құдай көреді; 2) бірақ тұсауы кесілмеген нәрестедей құлай береді. Бұл жерде де құбылыстың екі түрлі, біріне-бірі мағыналық тұрғыда қарама-қарсы екі түрлі күйі басты семантикалық желіні түзіп тұр. Бұл да бастапқы (А) семантикалық-құрылымдық бірліктің басқа түр, басқа деңгейден қайталануы болып табылады. Мәтіннің соңғы мағыналық бірлігі (Д) бастапқы бірлікті (А) сол қалпында қайталайды. Осының бәрі өлең мәтінінің семантикалық құрылым жүйесіндегі байланысты қамтамасыз еткен. Бұл жерде мәтіннің семантикалық құрылым жүйесіндегі байланысты қамтамасыз ететін құбылыс лексикалық немесе синтаксистік жалаң не күрделі бірліктер емес, мәтіннің мағыналық өзегінің даму сатылары. Мәтінді осы өзек желісімен сабақтас пайымдағанда, ондағы ойдың, мағынаның даму, баю сатылары, толысу кезеңдері семантикалық құрылымның ерекшеліктері айқындала түседі.

Қайталау өлең мәтінінің семантикалық құрылым тұтастығы мен тақырыптық бірлігін нығайту үшін қолданылады. Мұндай қайталау бүкіл өлең мәтіні семантикасын тұтастыруға қызмет етеді. Мысалдан көрінгендей, өлеңнің мазмұны мәтін семантикасының қайталанушы құрылымдық бөліктерінің шеңберінде қалуы оның мағыналық байланысын қамтамасыз етіп тұр. Мәтіннің осыншама бөлігін қайталануы тек сыртқы, формалық, құрылымдық қызмет атқарып тұрған жоқ, сонымен қатар мағыналық байланыстарды да жүзеге асырған. Белгілі бір семантикалық қызметті де атқарады. Бірінші мағыналық бірлік (бірінші шумақ) өлең мәтінінің кіріспесі секілді қызмет атқарады: кіріспеден бәрін түсініп білген ақын тек өзінің әлін білмейді. Әлін білмеген адам әлекке түседі. 2, 3, 4 шумақтар «кесілмеген тұсауы нәрестедей, кездескеннің бәрінен құлай береді». Өлең мәтінінің бесінші мағыналық бөлігі (шумағы) өлең мазмұнының мағыналық шарықтау шегін көрсетеді: «Біреудің роботы сияқты басын билей алмай жүр».

Тау бір аңыз,
Тау – дастан.
Таусылмаған әу бастан.
Тоқтап қалған керуен,
Бір-бірімен жалғасқан.

Жетер жерге жеткенде,
Керуенші кеткенде,
Шығыс пен Батысты,
Жалғастырып шөккен бе?

Бұлттан бұйда тағынып,
Көктен көрпе жамылып,
Таулар жатыр аңырып,
Сапарларын сағынып.

Жетер, жерге жеткесін,
Мәңгілікке шөккесін!
Оятпаңдар, байқаңдар!
Таулар тұрып кетпесін.

Тау бір аңыз,
Тау – дастан,
Таусылмаған әу бастан.
Ана-Жердің төсіне,
Алып сәби жармасқан.

М. Мақатаев

Мысалдан көрінгеніндей, бұл өлеңнің мазмұны мәтіннің шеңберінде шектеліп қалып қойғандықтан, алдыңғы шумақ соңғы шумақта қайталанып бекітілген. Бір қызығы, мәтіннің осынша бөлігінің қайталануы бірінші мен қорытынды шумақтың арасындағы семантикалық айырмашылықты жою керек еді, бірақ олай болмаған. Мәтіндік қайталауға қарамастан, олар мағыналары жағынан бір-бірінен өзгеше. Бірінші шумақта тау бір-біріне жалғасып, тоқтап қалған керуенге ұқсайды. Соңғы шумақта тау Жер-Ананың төсіне жармасқан алып сәбиге айналады. Сонымен, бірінші шумақтың алғашқы үш жолының соңғы шумақта қайталануының өлең мәтінін сырттай көркемдеу міндетін атқарудан басқа мағыналық мақсаты бар. Алғашқы шумақпен қорытынды шумақтың арасындағы мағыналық айырмашылық, мәтіндік қайталауларды көрнекі қолдану формалық көрсеткіштерге ие болып қана қоймай, сонымен қатар белгілі бір семантикалық жүкті де атқарып тұр. Олардың бірінің орнына екіншісін қойып, орындарын ауыстыруға болмайды, себебі біріншісінде «тоқтап қалған керуенге» ұқсаған тау туралы ой келер шумақтарда одан әрі тереңдетіліп дамытылады, ал соңғы шумақта осы суреттеу анасының төсіне жармасқан алып сәби түрінде қорытындыланады. Өлеңнің әр шумағындағы ойдың жүйелі дамуын қарайтын болсақ, мынадай семантикалық құрылым көзге түседі:

1-шумақта тау тоқтап қалған керуен, 2-шумақта керуенші кеткен соң Шығыс пен Батысты жалғастырып шөккен, 3-шумақта таулар сапарларын сағынып аңырып жатыр, 4-шумақта таулар көп жеріне жетіп, мәңгілікке

шөгіп, ұйықтаған, 5-шумақта тау – анасының төсіне жармасқан алып сәби. Шумақтарда көрсетілген мотивтерді талдасақ, онда олардың семантикалық ұйымдасуында белгілі бір логиканы (қисынды) аңғаруға болады. Бірінші шумақтағы алғашқы 2 жол – метафоралық қолданыста берілген тау-дастан, тау бір аңыз 1-шумақтың соңғы екі жолындағы ой – тоқтап қалған керуен, бір-бірімен жалғасқан – мәтіннің кейінгі шумақтарында дами түседі. 1-шумақтағы ойдың, қимылдың иесі – тау. «Тоқтап қалған керуен» деген метафора мәтіннің барлық шумақтарындағы ойдың қазығы, бастауы секілді қызмет атқарады. Мәтінде аты аталмаса да тауды тоқтап қалған керуен бейнесінде суреттеу арқылы оқырманның көз алдына шөгіп жатқан түйе бейнесі келеді. Өлеңнің екінші, үшінші шумақтарында демалып жатқан керуен бейнесі жасалынған. Сонымен, үш шумақ бойы өлеңнің мағыналық ширығуы біртіндеп өседі де, төртінші шумақта мәтін мағыналық шарықтау шегіне жетеді. Мәңгілікке ұйықтап жатқан тауларды оятуға болмайды (төртінші шумақ). Мәтіннің бесінші шумағында бірінші шумақтың алғашқы үш жолы қайталанып, тау ана-жердің төсіне жармасқан алып сәби бейнесінде суреттеліп, өлең мәтінінің семантикасы осылай өзінің толық, толысқан деңгейіне жеткен. Өлең шумақтары өзара тақырыптық-лексикалық бірліктердің ортақтығы арқылы ғана емес, сонымен қатар мәтіннің семантикалық бірліктерінің («Жетер жерге жеткенде») қайталануы арқылы да байланысып, семантикалық-құрылымдық тұтастық желісін құрайды. Сонымен, бірінші шумақ мәтіннің басы болса, екінші шумақ бірінші мен үшінші шумақты мағыналық тұрғыдан байланыстырады. Екінші шумақтағы «шөккен» сөзі демалу, тыныстау, ұйықтау сөзімен, ал үшінші шумақтағы «көрпе жамылу» тіркесімен семантикалық жағынан мағыналас қолданылады. Төртінші шумақтағы «оятпау» сөзі алдыңғы шумақтардағы көрпесін жамылу, ұйықтау сөздерімен семантикалық жағынан үндес келеді. Өлеңнің соңғы шу-

мағында тау – анасының төсіне жармасып ұйықтап жатқан алып сәби. Өлең мәтініндегі мағыналық тірек сөздер: керуен, шөгу, көрпе жамылу, оятпау, ұйықтаған алып-сәби). Өлең мәтінінде шумақтардың байланысы анық, іштей ұйымдасуы жүйелі. Әрбір шумақтағы ой бірінен кейін екіншісі туындап, олардың орындарын ауыстыруға келмейтіндей орналасады, логикалық тұрғыдан дәйекті дамиды. Мәтін бірліктерінің бұл байланысының түрі бір ізді, тізбектік байланыс жүйесіне сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: мәтін мазмұнын бірдей семантикалық-құрылымдық бірлікпен жиектеу әдісі өлеңді бірыңғай семантикалық тұтастыққа біріктіруді күшейту мақсатында қолданылады. Бұл жерде өлең мәтінін түзу барысында шумақтардың ішкі логикалық байланысуының, семантикалық тұтастығының талаптары ескерілген.

Өлең мәтініндегі мағыналық бірліктерді және олардың арасындағы қатынас сипатын жіктеп, даралап көрсету аса маңызды. Өлең мәтінінің семантикалық құрылымын айқындауға бұл тәсіл үлкен қызмет атқарады. Оны мына кестеден байқауға болады:

№ 1 кесте

№	Суреттеу пәні	Суреттеу пәнінің баяны (мәндері)	Суреттеу пәні баянының (мәндерінің) сипаттары
1.	1. Тау	1.1. аңыз 1.2. дастан 1.3. керуен (керуен түйелері) 1.4. сәби	1.1-1.2:1. таусылмаған 1.3.1.жалғасқан 1.3.2.шөккен 1.3.3.бұлттан бұйда тағынған 1.3.4.көктен көрпе жамылған 1.4.1.ана-жер төсіне жармасқан

Өлең мәтінінің семантикалық құрылым жүйесіне өзек болып тұрған – бір ғана ұғым. Баяндау пәні де сол – Тау. Бірақ мәтінде оның бірнеше семантикалық мәні (баяны) бар: аңыз; дастан; керуен; сәби. Ол мәннің әрқайсысының

өзіне тән сипаттары бар. Өлең мәтінінің семантикалық құрылым жүйесін түзетін – осылар: суреттеу пәні, суреттеу пәнінің баяны, суреттеу пәнінің баянына тән сипаттар. Егер осы семантикалық бірліктердің бірі жоқ болса, онда өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық тұтастығы бұзылары анық. Өлең мәтіні семантикасының дамуы суреттеу пәнінің бір мәннен екінші мәнге, одан келесі мәнге иеленіп, мағыналық жағынан толысып, жетіліп отыруына негізделген. Суреттеу пәнінің (баяны) мәндері арасында мағыналық та, құрылымдық та сабақтастық жоғы анық. Олардың арасындағы семантикалық байланыс бәрінің де суреттеу пәніне оның мәндері арқылы сабақтасатын сипаттарының мағынасы нәтижесінде ашылады.

Өлең мәтіні семантикасының осындай құрылымы қазақ әдеби тілінің даму тарихының әр кезеңінде де болғаны байқалады. Мысалы, Махамбет Өтемісұлының «Жәңгірге айтқаны» осындай семантикалық құрылымға сәйкес келеді. Ондағы суреттеу (баяндау) пәні – Жәңгір хан. Суреттеу пәнінің бірнеше мәні (баяны) бар: 1) қасқыр; 2) ылаң; 3) жылан; 4) аян; 5) шаян. Бұл мәндердің тиісті сипаттары бірде толымды, бірде толымсыз көлемде беріледі. Ал өлең мәтіні семантикасының құрылымы жоғарыда берілген кестеге сәйкес. Екі дәуірдің әдеби тілінің екі бөлек ескерткіші бола тұра, берілген өлең мәтіндері семантикасы бір ғана баяндау пәні мен сол пәннің бірнеше баянына (мәндеріне) негізделеді. Бұл жерде өлең мәтіні семантикасының бір ғана суреттеу пәні мен сол пәннің бірнеше баянына (мәндеріне) негізделген құрылымы туралы пікір түюге болады.

Өлең мәтіні семантикасы басқа құрылымдық жүйе бойынша да түзіледі. Мысалға Махамбет Өтемісұлының мына өлеңінің мәтініне көңіл аударайық:

- I
1. Арғымақтың баласы,
 2. Арығанын білдірмес,
 3. Арқамнан қосым қалар деп.
 4. Ағыны күшті ақ дария,

- II 5. Қаһарланып толқиды,
6. Қанатын күн шалмаған балығым
7. Ортаманнан ойран салар деп.
- III 8. Балағы түкті қоңыр қаз
9. Баттауыққа тоя оттамас,
10. Сұңқарлар үлгі алар деп.
- IV 11. Хас жақсының баласы,
12. Арада тұрып сөйлемес,
13. Жауым таба қылар деп.
- V 14. Хас патшаның баласы,
15. Жапанда жалғыз тұрмайды,
16. Дұшпандар көзін салар деп.
- VI 17. Қарқыны күшті көк семсер,
18. Шапқан сайын дем тартар,
19. Сусыным қанға қанар деп.
- VII 20. Қарақұс қонбас көк сеңгір
21. Басына құсты қондырмас,
22. Қарауыл қарап тұрар деп,
23. Қараса көзі шалар деп (М.Ө., 24).

Өлең мәтіні семантикасының құрылымында жеті (I-VII) бірлік бар. Әр семантикалық-құрылымдық бірліктің өз пәні, өз мәні және сол мәнмен себеп-салдарлы қатынастағы белгісі бар. Сонымен қатар осындағы пән мен оның мәнінің, сондай-ақ пән мәнімен себеп-салдарлы қатынастағы белгінің сипатын айқындайтын қосымша белгілер бар. Мысалы, екінші семантикалық-құрылымдық бірліктің пәні – ағыны қатты дария. Нақты айтқанда – дария. «Ағыны қатты» бейнелі сөзі суреттеу пәні болып отырған «дарияның» ерекше сапалық белгілерін көрсетеді. Осы секілді әр пәннің баяны (мәні) да қосалқы сапалық белгілермен ерекшеленеді. Мысалы, «қаһарланып толқиды» тіркесінің кейінгі сыңары жоғарыда көрсетілген пәннің баянын білдірсе, алғашқы сыңары осы баянның ерекше сапалық белгісін сипаттайды. Сонымен бірге суреттеу пәні баяны мен себеп-салдарлы

қатынастағы басты мағынаның да қосалқы белгілері болады: «...балығым ортамнан ойран салар деп» – басты мағына да, «қанатын күн шалмаған...» – сол мағынаның қосалқы сипатын білдіретін белгі. Мәтін семантикасының құрылым жүйесі үшін көрсетілген қосалқы белгілердің атқаратын қызметі де маңызды. Олар мәтіннің семантикалық құрылымын түзуге тікелей қатыспағанымен, оның толықтығын, тұтастығын қамтамасыз етуде үлкен қызмет атқарады. Жоғарыда келтірілген өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық жүйесін түзуші бірліктерді мынадай кестеге түсіруге болады:

№ 2 кесте

№	Суреттеу пәні	Суреттеу пәнінің баяны мен оның сипаты арасындағы мағыналық қатынас.	
		Салдар	Себеп
I.	1. Арғымақтың баласы	1. Арығанын білдірмес,	1. Арқамнан қосым қалар деп.
II.	1. Ағыны күшті ақ дария	1. Қаһарланып толқиды,	1. Қанатын күн шалмаған балығым, ортамнан ойран салар деп.
IV.	1. Хас жақсының баласы	1. Арада тұрып сөйлемес,	1. Жауым таба қылар деп.
V.	1. Хас патшаның баласы	1. Жапанда жалғыз тұрмайды,	1. Дұшпандар көзін салар деп.

Осы кестеде берілген үш түрлі семантикалық бірліктің мәтін жүйесіндегі өзара байланысы тұтастығы аса маңызды. Мәтін семантикасының құрылымын анықтауда ондағы суреттеу пәндерінің қатары басты ұйымдастырушы қызмет атқарады. Суреттеу пәндерінің баянын және басқа сипаттарын білдіретін бірліктер әр суреттеу пәніне қатысты ғана белгілі мән мен мағынаға ие бола алады. Ал суреттеу пәндері бір-бірімен тілдік категориялар арқылы да, мағыналық тұрғыдан да өзара тікелей байланыспайды, әр семантикалық-құрылымдық бірлік өз алдына дербес.

Сондықтан да бұл жүйедегі нақты байланыс әр семантикалық-құрылымдық бірліктің өз деңгейінде жүзеге асады. Бұл байланыс тура әрі кері сипатқа ие. Сол себепті әр семантикалық-құрылымдық бірлік мүшелерін оңнан солға қарай оқығанда да, солдан оңға қарай оқығанда да олардың арасындағы байланыс толық сақталады. Бұл маңызды. Одан өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық тұтастығына тән толықтық, кемелдік байқалады.

Суреттеу пәндері болып отырған құбылыстардың арасында тікелей байланыс, сабақтастық жағы рас. Бірақ олардың мәні ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Өлең мәтінде суреттеу пәні ретінде алынған құбылыстардың бәрі өмірдің белгілі салаларындағы ең бір озық, асыл болмыстың бейнесі болып табылады: 1) арғымақтың баласы; 2) ағысы күшті ақ дария; 3) балағы түкті қоңыр қаз; 4) хас жақсының баласы; 5) хас патшаның баласы; 6) қарқыны күшті көк семсер; 7) қарақұс қонбас көк сенгір. Осылардың бәріне ортақ қасиет – бәрінің де белгілі бір саладағы озық, асыл болмысқа ие екендігі. Болмыстағы осындай озықтың, асылдың тиісті сапалық белгілермен толыса, өзара тұтаса келіп, өмірдегі озық, асыл қасиет туралы біртұтас ұғымның қалыптасуына және оның мағынасының толық ашылуына негіз болады. Осылайша, өзара тең дәрежеде байланысқан бірнеше семантикалық бірлік күрделі семантикалық-құрылымдық тұтастыққа ұласады. Сонымен бірге әр семантикалық-құрылымдық бірліктің грамматикалық тұрғыда бірдей жүйеде қайталануы олардың арасындағы белгілі бір байланыс формасының барын жоққа шығармайды. Бұл арада суреттеу пәнінің баяны мен оның белгісі арасындағы себеп-салдар қатынасты байланыс формасының жүйелі түрде қайталануы өлең мәтінін түзуші семантикалық-құрылымдық бірліктердің өзара байланысын қалыптастыруға қызмет ететіні анық.

Қазіргі қазақ өлеңінің мәтіндерінде алғашқы шумақты соңғы шумақта толық қайталау әдісімен қатар мәтінді жар-

тылай немесе тұтастай қайталау әдісі де қолданылады. Мәтіннің алғашқы шумағы соңғы шумақта толық қайталанбайды, соңғы шумақта алғашқы шумақтың бір-екі жолы ғана қайталануы мүмкін, бірақ ол қайталау оған қосымша мағына үстейді. М. Мақатаевтың «Мына бір келген мамыр ма?» деп басталатын өлеңінің мәтіні осындай семантикалық-құрылымдық жүйесімен сипатталады.

Өлең мәтінінің бірінші шумағында ақын мамыр айындағы жауынға «бауырларының қалпағын алып, басын төсеуін» өтінеді. Соңғы шумақта ақын ойын бауырларына емес, далаға қарата айтады, даланың арқасын жауынға төсеп дамылдауын қалайды және содан өзі шаттық табады.

Сонымен, өлең мәтінінде жауынға жуыну туралы ой әртүрлі семантикалық-құрылымдық бірліктер деңгейінде бастапқы және аяққы реттерде қайталаынады. Бірінші шумақтағы негізгі ой – жаңбырдың суына жуылған шаш қалың әрі тез өседі деген ұғыммен ұштасады. Бұл бірлік мәтіннің кіріспесі. Екінші бірліктің семантикалық желісінде көктемде алғаш аспан күркіреп жаңбыр жауған кезде шөміш қағып ырымдасаң, ақ мол, егін көп болады және қалаған тілегің орындалады деген халық нанымы жатыр. Осы наным арқылы өлең мәтініндегі екінші шумақтың үшінші, төртінші жолдары және одан кейінгі шумақтар осы ойды (Шөміш қақ әже, ырымдап) айқындап, толықтырады. «Шөміш қақ, әже, ырымдап» деген өлең жолындағы «шөміш қағу» ұғымы мәтіннің басқа бірліктерімен тақырыптық-лексикалық байланысқа түседі: егіннің көктеуі, көк биенің құлындауы, немеренің оралуы.

Өлең мәтінінің соңғы шумағының бірінші жолы бастапқы шумақтың алғашқы жолын қайталайды: «Мына бір келген мамыр ма?!». Бірінші шумақта ақын бұлттарға мамырла десе, соңғы шумақта «далаға мамырла» дейді. Бірінші шумақта ақын бауырларына қалпағыңды алып, жауынға басыңды төсе деп ескертсе, соңғы шумақта тірліктің, даланың арқасын жауынға төсеп мамырлауын, дамылдауын қалайды.

Өлең мәтінінің қорытынды шумағы мен бастапқы шумағының арасындағы байланыс мәтіндік толық қайталау арқылы жүзеге аспаған. Бұл байланыс екі шумақта да бір ойды әртүрлі семантикалық-құрылымдық бірліктер арқылы қайталау нәтижесінде орнаған. Осы өлеңдегі ойдың жүйелігін қарастырсақ, соңғы шумақтағы осы мағыналық қайталау бастапқы шумақтан кейінгі орналасқан барлық шумақтардың мазмұнымен сарындас түзілген. Өлеңнің бірінші шумағының бастапқы жолында ақын мамырдың келгенін сұрап, бұлттарға мамырла деп бұйырса, одан кейінгі жолдарында бауырларына қалпағыңды алып жауынға басыңды төсе дейді. Екінші шумақта аспан күркіреп тұрғанда, әжесіне ырымдап шөміш қағуын өтінеді. Одан кейінгі шумақтардың барлығында шөміш қағу үстіндегі әжесінің тілегі сипатталады: 1) егін дүркіреп көктер ме екен? 2) көк биесі аман құлындар ма екен; 3) әскерден тұңғыш немересі есен-сау оралар ма екен; 4) шұбырып өрген жас төлден төңірек тұнар ма екен? Өлең мәтіні семантикалық-құрылымдық шарықтау шегі төртінші шумақта жүзеге асырылған:

Дән бе кен, әлде сүт пе екен,
Қарашы мына жауынға.
Қайсысы биыл мықты екен,
Егін бе, әлде сауын ба?!

М. Мақатаев

Соңғы шумақта өлеңнің ең маңызды мағыналық көрсеткіштері бір жерге жинақталған: мамырда кең дала мамырлап, бүкіл тірлік (өмір), аспан мен жердің ортасындағы тіршілік арқасын жауынға төсеп дамылдайды.

Осы өлең мәтінінің семантикалық құрылым жүйесін талдаудың нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: бастапқы шумақтың мазмұнына өлеңнің соңғы шумағында белгілі бір дәрежеде қайта оралып, ішінара өзгерту болғаны анық. Бірақ бұл шумақтардағы мәтіндік

қайталау әдісін қолдану өлеңнің семантикалық тұтастығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Қорытынды шумақ пен бастапқы шумақтың арасындағы байланысқа ерекше назар аудару үшін де қорытынды шумақтың мазмұны жаңа деңгейде қайталанылады.

Мәтіндік толық қайталау әдісі қолданылған өлеңдер бастапқы шумақ пен қорытынды шумақ арасындағы байланыстың ең анық дәлелі бола алады. Ал мұндай әдіс қолданылмаған өлеңдерде, яғни семантикалық-құрылымдық жүйесінде жиектеу тәсілі пайдаланылмаған мәтіндерінің өзінде де, бастапқы семантикалық бірлік пен соңғы семантикалық бірлік араларындағы байланыс толық көрінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көркем мәтінді талдаудың бағыттарын сипаттаңыз.
2. Өлең мәтінінің семантикалық тұтастығын түзуде сөздің түрлі мағыналарының қызметіне талдау жасаңыз.
3. Өлең мәтінінің семантикалық құрылымында қайталаулардың рөлін анықтаңыз.
4. Таңдау бойынша өлең мәтініндегі мағыналық бірліктерді және олардың арасындағы қатынас сипатын даралап көрсетіңіз (суреттеу пәні, суреттеу пәнінің баяны мен оның сипаты арасындағы мағыналық қатынас).
5. Өлең мәтінінде негізгі ойдың, мағынаның даму сатылары, толысу кезеңдерінің себептерін көрсетіңіз.

Әдебиет:

1. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001.
2. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. – Л., 1972 (және басқа басылым).
3. Магомедова Д.М. Филологический анализ лирического стихотворения. – М., 2004.
4. Ревзина О.Г. Методы анализа художественного текста // Структура и семантика художественного текста. Доклады VII Международной конференции. – М., 1999. – С.301–316.

III. ӨЛЕҢ МӘТІНІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ НОРМАҒА СӘЙКЕСТІГІ

Өлең мәтінінің семантикалық сыйымдылығын мәтінде троптардың кеңінен қолданылуымен түсіндіруге болады. Бұл стильдік құралдар нормаға сәйкес өлең мәтіндерінің мақсатына сәйкес келеді. Сондықтан да стильдік құралдардың нормаға сәйкестігі мәселесі тілдік құрылымдардың нормаға сәйкестігі туралы мәселеге тіреледі. Тілдік құрылымдардан метафораланған мағына көрінетіндіктен, оларды салыстыру үшін алынған негізді қарау маңызды болып табылады. Салыстыру үшін алынатын негіз жалпы тілдік тұрғыдан анық және дәлелді болғанымен, оқырманға өлең мәтіні мүлде түсініксіз болуы мүмкін.

Бірінші типтегі өлең мәтіндеріндегі негіздегі метафораланған қолданыстың лексикалық сыңарлары мәтіннің басқа сөздерімен үндескендіктен, салыстыруға алынған негіз белгілі бір өлең мәтінінің құрылымында ғана түсінікті болады. Мысалы:

Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар,
Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар,
Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар,
Біздің таулар – аяқталмас сапарлар.
Көшін тартып, көше-көше сабылып,
Көш бастаушы бағытынан жаңылып.
Біздің таулар – тоқтап қалған керуен,
Сахараның сағымына аңырып.

М. Мақатаев

М. Мақатаевтың «Біздің таулар» өлеңінде сыртқы үйлесіміне негізделген метафора қолданылған: «біздің таулар – тоқтап қалған керуен». Тоқтап қалған керуен тіркесі үзіндідегі барлық сөздермен семантикалық жағынан үйлесіп, оқырманның көз алдына сахарада адасып қалған алып керуен елестейді. Салыстыру үшін алынған негіздің мәнмәтіндік дәлелділігі оны жоғарыдағы өлең мәтінінің семантикалық мәнмәтіндік нормасына сәйкес етіп отыр. Бірінші типтегі өлең мәтінінде салыстыру үшін алынатын негіз тізбектік байланыстың тәсілі ретінде қызмет жасайды. Әсіресе осындай қызмет метафораланған эпитетке тән.

Өлең мәтінінің метафораланған байланысы денотаттардың өзіндік жүйесін құрайды. Соған сәйкес қалыптасатын астарлы ой алдыңғы анық көрінген мағынадан алшақ кетуі мүмкін. Өлең мәтінінің жалпы мағыналық байланысы жоғарыда көрсетілген екі байланыстан құралып, бірінбірі толықтырып тұрады. Себебі өлең мәтінінде сөздер бір мезгілде номинативтік тура мағынасында және ауыспалы мағынасында қолданылады. Номинативті және метафораланған байланыстардың өзара әрекетке түсуінің нәтижесін нормативті өлең мәтінінің жалпы семантикалық байланысын қалыптастырады. Бұл – өлең мәтінінің басты лингвопоэтикалық ерекшелігі болып табылады.

Өлең мәтінінің екінші типін шартты түрде нормаға сәйкес емес мәтіндер деп атадық. Мұндай мәтіндерде 1) сыңарларының денотаттық ара қатысы бұзылады; 2) мәтін-

дік семантикалық норманың негізін бірліктердің мәтіндік (мәнмәтіндік) мағыналары ғана құрап, бұған қоса олардың мағыналарын еркін өзгерту жағдайлары жиі кездеседі; 3) синтаксистік қатынастар шындық өмірдегі байланыстарға тең емес; 4) тізбектік және жарыспалы болатын семантикалық байланыстардың өзара тәуелділігі бұзылады; 5) метафоралану қиындай түседі; 6) жалпы семантикалық байланыс метафораланған деңгейде тілдік бірліктердің денотаттық ара қатысына негізделмейді.

Өлең мәтінінің тақырыбы – оны ұйымдастырудың барлық деңгейлерін қамтып анықтайтын күрделі құрылым. Мұндай өлең мәтіндерін түсіну тақырыпты ұғынумен байланысты болады. Тақырып өлең мәтінін құраушы барлық элементтер мен құрылымдарды бағындырып ұйымдастырады. Нормаға сәйкес емес элементтердің тақырыпқа бағыну қағидасы өте маңызды, себебі тақырыпқа бағыну арқылы ғана бұл элементтерді өлең мәтінде жүйелі қолдануға мүмкіндік туады. Осының нәтижесінде жалпы тілдік әдеби нормадан әжептеуір ерекшеленетін мәтіндік норма қалыптасады. Ауытқудың осы жүйелі болуы белгілі бір өлең мәтінінің өзіндік нормасын жасап, оқырманның өлеңді тұтас әрі байланысқан мәтін ретінде қабылдауына әсер етеді.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтіні сыңарларымен тұтас мәтіннің денотаттық ара қатысының бұзылуы мұндай өлең мәтінде таза тілдік өлшемдердің өзара әрекетке түсуін бірінші орынға шығарады. Нормативті өлең мәтінде тілдік бірліктер бір-бірімен тығыз байланыста болумен қатар, онда тұтас мәтін мен оның сыңарларының денотаттық ара қатысы бірліктердің жалпы тілдік мағыналарымен өзара байланысады. Ал өлең мәтіні сыңарларының сыртқы түрінің сөз өнері туындысы ретінде маңыздылығына қарамастан, өзіндік жеке мағынасы болмайды. Нормаға сәйкес емес өлең мәтіндерінде сыртқы форманы, яғни әдісті мақсатты түрде ашып көрсету байқалады. Мұндай өлең мәтіні сыңарларының өзара тәуелділігі шешуші рөл атқар-

майды. Олардың дәрежелерінің денотаттық сәйкестілігі, өлең мәтінінің семантикалық нормативтілігі маңызды сипат алады. Мағына норма деңгейінде бар болса, онда мұндай сәйкестікті бұзу бірінші кезекте өлең мәтінінің нормаға сәйкес еместігін туғызады.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтіні сыңарларының семантикалық өзара әрекетке түсуі ассоциативтік түрде қабылданады. Мысалы:

Жаныңнан, жамалыңнан әр тайғанда,
Сезімің ортаймай ма, қартаймай ма,
Жылдардың балдырына батқан көңіл
Мелшіліп қарамай ма айқайларға,
Жастығың жамбасына жантайғанда...

Күндерің –
Мың құбылған, сенделіскен,
Бір жалын тыншытпаған кернеп іштен,
Көзің де көңілің де көк аспанда,
Жайың жоқ шырмалуға жердегі іспен,
Өтіпті жүлдесі жоқ тек желіспен.

Бұл күнде ештеңе де ес кетірмей,
Баяғы қоңыраулы кеш те түндей,
Сезімің, сенімің де көлеңкеге
Шығарсаң тоңазитын ешкі етіндей,

Көз салып, ойға түйіп, жай барладым.
Ал, менің жоқ мүсінге айналмағым.
Өртей бер өзегімді, тек сен ғана
Кетпесең болды менен, қайран жалын!

Ф. Оңғарсынова

Бұл өлеңде ойша байланыстырылған тізбектің сыңарлары: сезімің – көңілің – күндерің – жалын – мүсін.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтінінің семантикалық құрылымында семантикалық және стилистикалық коннотация (қосымша мағынаға) маңызды рөл атқарады. Ондай қосымша мағыналардың ішінде бірден байқала бермейтін субъективтік коннотация басым болады. Мұндай өлең мә-

тінін дәл қабылдау үшін оқырманның коннотативті тізбекті ойша түзуі қажет. Нормаға сәйкес өлең мәтіні объективті коннотацияға негізделгендіктен, ол мәнмәтіннің қалыптасуына, оқырманның өлең мәтінін белгілі бір бағытта қабылдауына әсер етеді. Ал объективті коннотацияның болмауы (өлең мәтінінен туындайтын қосымша мағынаның болмауы), яғни лексикалық бірліктердің нормаға сәйкес емес мағыналарда қолданылуы өлең мәтінін қабылдауда қиындатады. Объективті коннотация өлең мәтінінің мағыналық толықтығын біршама жоғарылатып, оларды қабылдап түсінуге жеңілдік жасайды.

Жоғарыда айтылғандардан мыналарды байқауға болады: нормаға сәйкес емес өлең мәтіні үшін семантикалық байланыстың үзілуі тән. Бұл семантикалық байланыстың үзілуіне, біріншіден, өлең мәтіні сыңарларының нормаға сәйкес емес мағыналары әсер етеді, екіншіден, тізбектік және жарыспалы байланыстардың өзара әрекетінің бұзылуы да үлес қосады. Мұндай бұзылудың екі түрі аңғарылады:

1. Өлең мәтінінде тізбектік семантикалық байланыс болмайды, ол байланысты әртүрлі өлең жолдарындағы ортақ семалардың үндесуі орнатады. Ортақ семалардың үндесуінің нәтижесінде жарыспалы болатын семантикалық изотоптық тізбек пайда болады:

Бақыт деген көшпелідей
Кетеді өтіп мұңдарың да.
Жүрсе болды дос жерімей
Өртенумен бір жалынға.

Арман қуып, талар денен,
Тұралатпай атақ-атың.
Сезсең болды саған деген
Ұлы еліңнің махаббатын.

Ақтау үшін жас халықтың
Сенімі мен үміттерін,
Ұста жалын ақша бұлттың,
Жанарыңды тігіп пе едің?!

Жігер-желмен керне үміттің
 Желкендерін – жаға шалғай,
 Торы шырмап пенделіктің
 Ұсақталмай, аласармай.
 Жігер құрып түңілгенге,
 Шырқа өмірдің ақпан әнін.
 Өте шығар ғұмыр демде,
 Үміт отын жақ, қарағым!

Рақаттың ғажап таңын
 Сүйрер сенен уақыт – кемең:
 Қасірет пен азаптарың –
 Жұрт аңсайтын бақыт деген.

Ф. Оңғарсынова

Бұл өлеңде әртүрлі жолдардағы сөздерде ортақ семалар пайда болып, соның нәтижесінде жарыспалы болатын изотоптық тізбек құралады: 1) бақыт, арман, сенім, үміт.

2) дос, ел, халық (ортақ сема – адам).

3) мұң, рақат, қасірет, азап (ортақ сема – көңіл-күй).

Өлең мәтінінің шумақтарын құрылымдық жағынан өз-ара байланыстырып тұрған грамматикалық тұлғалар – II жақ тәуелдік жалғаулы сөздер (мұңдарың, атақ-атың, денең, жанарың, уақыт-кемең, қасірет пен азаптарың);

II жақтағы бұйрық райлы сөйлемдер: «Ұста жалын ақша бұлттың», «торы шырмап пенделіктің ұсақталмай, аласармай», «жігер-желмен керне үміттің», «шырқа өмірдің ақпан әнін», «үміт отын жақ, қарағым».

Өлең мәтінінде шумақтардың арасындағы тізбекті семантикалық байланыс жоқ болғанымен, өлең мәтінінің семантикалық байланысы белгілі бір дәрежеде жарыспалы болатын семантикалық байланыс қамтамасыз етуі мүмкін. Өлең мәтінінің құрылымдық байланысы мен тұтастығы осылар арқылы жүзеге асырылады. Бірақ олар өлең мәтінінің нормаға сәйкестігін қамтамасыз етпейді.

Жоғарыдағы өлең мәтінінің семантикалық байланысы логикалық тұрғыдан жүйелі, дәйекті құрылмаған. Бұл өлең-

нің алғашқы шумағы мен соңғы шумағының мазмұнында оларды мағынасы жағынан байланыстырып тұрған жүйелі ой жоқ, бірақ өлеңді мәтінге біріктіретін, бағындыратын нәрсе – біртұтас тақырыптың дамуы.

Өлеңнің алғашқы және соңғы шумақтарындағы сөздер мен сөз тіркесінің ортақ семалары семантикалық байланысды қамтамасыз етеді: 1) кетеді өтіп – уақыт – кеме; (ортақ сема – жылжу, қозғалыс), 2) мұң – қасірет пен азаптарың (ортақ сема – қайғы, көңіл-күй), 3) өртену-аңсау (ортақ сема – қимылдың күштілігі)

Жоғарыдағы мысалда өлең мәтінінде тілдік элементтер алыс орналасып та семантикалық байланысқа түсетінін байқауға болады.

2. Өлең мәтініндегі тізбектік байланысды жарыспалы болатын байланыс бекітпегендіктен, жалпы семантикалық байланыс бұзылады. Мысалы:

Жігер, шіркін, желінді
Болат жеген қайрақтай.
Мешеу болды жүйрік ой,
Кететін орғып айдатпай.

Қолды қардан оқ үзді,
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар,
Молаға қойған сайғақтай.

Бұл өлең мәтініндегі әрбір жол семантикалық жағынан бұл типтегі өлең мәтіні үшін нормаға сәйкес, яғни өлең жолы деңгейіндегі мағыналық байланыс көрініп тұр, бірақ өлең жолдары араларындағы семантикалық жалғастық жоқ, себебі семантикалық изотоптық тізбек байқалмайды.

Жоғырада көрсетілгендей, мәтіндік норма өлең мәтініндегі нормаға сәйкес емес элементтердің жүйелі қолданудың нәтижесінде жасалады. Бұл жүйелі қолдану семантикалық үдерістің дамуына мүмкіндік жасап, ортақ

семалары бар нормаға сәйкес емес элементтердің семантикалық қатынастарын қалыптастыруға көмектеседі. Соған байланысты семантикалық үдерістің дамуы өлең мәтіні элементтерінің нормаға сәйкес болмаған кезде де өлең мәтінінің семантикалық байланысын қамтамасыз етеді:

Тауға келсең, қыста емес,
Күзде келгін!
Қарсы алдыңнан табылар іздегенің,
Жапырақтың көресің әлідағы,
Тіршіліктен күдерін үзбегенің.
Ойландырар шақ қой бір – күз дегенің.

Ойландырар күз деген – кіші бесін,
Күн төбеңнен ауғанын түсінесің.
Ескі жұртты көргенде жайлаудағы,
Құлын да жоқ желіде байлаудағы,

Шыдап баққын, бір сәтке мүдірерсің!
Жазыңды еске жабығып түсірерсің.
Жадыңа кеп жалпақ жаз, бақ – мекенің,
Түсінесің думанды шақ та өтерін.
Құлақ түріп, құрайдың ызыңына,
Ұғынасың өмірдің тәтті екенін.

М. Мақатаев

Өлеңнің бірінші шумағы жылдың төрт мезгілінің бірі – күзге арналған, бірақ шумақтың соңғы «Ойландырар шақ қой бір – күз дегенің» жолы тек қана табиғаттың құбылысын суретемегенін аңғартады. Екінші шумақтың бірінші жолы «Ойландырар күз деген – кіші бесін» деп басталып, алдыңғы шумақтың соңғы жолын қайталайды. Осы метафораланған қолданыс арқылы өлең мәтінінің тұтас жолдары байланысады. Екінші шумақтың соңғы жолының мазмұнын үшінші шумақтың бірінші жолында қайталау арқылы «Жадыңа кеп жалпақ жаз, бақ мекенің» метафораланған қолданысы жасалып, өлеңнің үшінші шумағы мағыналық жағынан күрделі тұтастыққа біріккен. Қарастырылып отырған өлең мәтінінде үш шумақта құрылымы бірдей тура толықтауышты тіркестер қолданылған: 1) «Жапырақтың тір-

шіліктен күдерін үзбегенін»; 2) «Күн төбеңнен ауғанын»; 3) «думанды шақ та өтерін». Семантикалық жағынан нормаға сәйкес емес ұғымдар (жапырақ, күн, думан) тура толықтауыштың қызметінде жұмсалы арқылы мәтіндік норманы қалыптастырған. Бұл тіркестердің ортақ бастауышы «сен» де, баяндауыштары «көресің, түсінесің». Өлең мәтініндегі семантикалық қатынастар: 1) күз; жапырақ; тіршілік; 2) күз; кіші бесін; ескі жұрт; 3) жаз; бақ-мекенің; думан; 4) күз; жапырақ; күн; думан.

Бұл ұғымдардың барлығына ортақ сема – өмір.

Семантикалық үдерістің дамуы барысында «күз» сөзінің қосымша метафораланған мағынасы «өмірдің күзі» қалыптасады. Келтірілген өлең мәтініндегі қалыптасқан семантикалық қатынастардың нәтижесінде өлең мәтінінің тұтастығы нығаяды.

Ескеретін жағдай, өлең мәтінінің нормаға сәйкестігі мен нормаға сәйкес еместігі туралы ұғым шартты, ол ұғым нақты өлең мәтінінде әртүрлі дәрежеде көрінеді, яғни өлең мәтінінің нормаға сәйкестігі не нормаға сәйкес еместігінің түрлі дәрежесі болады. Өлең мәтінінің тұтастығы мен нормаға сәйкестігінің дәрежесінің арасында белгілі бір өзара тәуелділік бар екендігі орыс тіл білімінде біраз қарастырылған.

Семантикалық үдеріс тұрғысынан нормаға сәйкес емес өлең мәтінінде ортақ семалары жоқ жекелеген сөздердің құралы қызықты. Өлең мәтінінде тізбектік және жарыспалы болатын байланыстардың жоқтығынан семантикалық үдеріс дамымайды. Сол себепті семантикалық жағынан байланысқан өлең мәтініне қажетті мәтіндік семантикалық норма қалыптаспайды.

Нөкісте көрік тұр,
Ходжелі көрініп тұр,
Жақындап келіп тұр.
Қосылып кетер еді қашан-ақ,
Әму зорлықпен бөліп тұр.

Т. Айбергенов

Келтірілген өлең мәтінінің алғашқы үш сөйлем – параллель байланысқан салалас құрмалас сөйлем. Соңғы екі жолы – қарсы мәнді салаласа байланысқан құрмалас сөйлем. Өлең мәтінінің 3-жолының мағынасы анық емес, себебі оның бастауышы 3-жақтағы есімдік «олар» болғанымен, оның бастауышы – «екеуі» ме, әлде Ходжелі ме, жоқ Нөкіс пе ол жағы белгісіз.

Осы мәтінді өлеңге айналдырып, байланыстырып тұрған жол – «Қосылып кетер еді қашан-ақ» деген инверсияланған сөйлем. Өлең мәтінінің басқа жолдарында сөйлемнің баяндауыштары прозалық мәтіндегідей сөйлем соңында орналасқан. Өлең мәтінінде семантикалық байланыс қалалар (Нөкіс, Ходжелі) мен Әму өзені арқылы, яғни ортақ сема – географиялық атаулар біріктіреді. Бұл өлең мәтіні семантикалық жағынан байланысқанымен, өлең мәтініне қажетті семантикалық мәтіндік норма қалыптаспаған.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтінінде тілдік элементтер бір-бірінен алыс орналасып та семантикалық байланыста болуы мүмкін, бірақ бұл алыс орналасу семантикалық байланысды әлсіретеді де семантикалық үдерістің дамуы бұзылады. Мысалы:

Геометрия сабағында жас бала,
Дәптеріне сызып отыр бұрыш тік.
Көңіл бұрып қарамайды басқаға,
Тік бұрышты толтырып тұр тыныштық.

Шырмалады бағанаға, бұтаққа,
Шыршаларды жапқан апшақ пүлкіш түк.
Өлең болып жазылады кітапқа,
Осы бойда тамылжыған тыныштық.

Студенттер өткен сайын салқын бақ,
Оянғандай сезімдерден бір ыстық.
Күлкілерден түскен нұрды жарқылдап,
Әлдилейді әже болып тыныштық.

Біреуі – ерке, бірі – нәзік, бірі – асқақ,
Сәл қиындау көңіл-күйін дәл, атау.
Құтты күннің қуанышын растап,
Тыныштыққа сүйеніп тұр Алатау!

К. Ахметова

Бұл өлеңде семантикалық байланыстың үзілгендігі байқалады, себебі өлең сыңарларының көпшілігінде ортақ семалар өте аз. Ортақ сема тек мынау шырша аппақ пүліш; салқын бақ, қыс; сезім – күлкі – қуаныш; көңіл-күй.

Сөз өнерінің туындысы ретінде өлең мәтіні тілдік бірліктердің семантикалық қуатының ең жоғарғы мүмкіндігіне бағыттталып жасалады. Бірақ нормаға сай өлең мәтінінде автордың осы мақсаты шығарманың негізін бұзуға әкелмейді, ал нормаға сәйкес емес өлең мәтінінде бұл үдерістің қалай болатынын жоғарыдағы мысалдан көрдік.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтіні өзіндік синтаксистік құрылымының болуымен сипатталады, себебі автордың мақсаты – қоршаған орта мен оның маңызды жақтарын дәлме-дәл көрсету емес, керісінше автордың субъективті сезімдері мен толғаныстарын ашу. Сөйлемнің синтаксистік құрылымы, оның ырғақтық ұйымдастырылуы, ең бірінші, автордың эмоционалдық-субъективтік көңіл-күйін береді. Бұған қоса шындық болмыс таным мен бейнелеу, бақылау объекті ретінде қарастырылмайды, ақынның қиялына серпін беретін, шығармашылығы үшін негіз болатын шикізат көзі ретінде алынып, оқиғалар мен фактілер өзгертіліп ауыстырылады. Жоғарыда келтірілген мысалдың бірінші шумағында «көңіл бұрып басқаға қарамайтын» жас бала ма әлде тыныштық па екені белгісіз. Нормаға сәйкес емес өлең мәтінінің құрылымында мағынасы күңгірт сөйлемдер болады. Алдыңғы сөйлемнің мағынасы кейінгі сөйлемнің мағынасын алдын ала анықтамайды, яғни мұндай мәтіндер семантикалық байланыстың негізгі өлшемдерін қанағаттандырмайды, себебі әрбір жеке сөйлемнен де әрі

алдыңғы сөйлем мен кейінгі сөйлем арасында ортақ болатындай бірде-бір қорытынды шығару мүмкін емес. Семантикалық байланыстың белгілері сөздердің ассоциативті байланыстарының нәтижесінде әлсіз байқалуы мүмкін. Бір-біріне ойша жақындатылған сөздер синтаксистік дұрыс құрылымдарға біріккенімен, олар семантикалық тұрғыдан түсіндіріле бермейтін құрылымдарға бірігеді. Сондықтан да ондай өлең мәтіні тілден тыс шындықты бейнелемейді, өзімен ғана тұйықталып, өзінің мәтіндік шындығында қалады.

Мысалы:

Біреулердің ойында ұнау шығар,
Біреулердің жүрегі қырау шығар.
Астар сыртқа шықты да абайсызда,
Берушісі аз, көбейді сұраушылар.

Астар бөз-ді, атлас астар қайда?
Астан-кестең ауысу басталмай ма?
Қоқырайса қоқыстан шыққан қораз,
Киелінің жанары пәс болмай ма?

Жаттың құлы немесе заттың құлы
Еместердің ежелден жоқ құлығы.
Қарар кім бар ертеңнің көзіменен,
Кімге керек аққудың аққулығы?

К. Ахметова

Осы келтірілген үзіндіден ойша байланысқан сыңарларының екі тізбегін көрсетуге болады:

1) бөз астар – сыртқа шықты – астан-кестен ауысу; қоқыраю – қораз семантикалық өрісі өзгеру – бөз астар тез тозып, жиі ауыстырылады.

2) киелінің жаттың құлы емес, заттың құлы емес – (аққу) семантикалық өрісі; тазалық, адалдық.

Әлемнің субъективті түрін өзгертуі өлең мәтінінің тілдік құрылымының ыдырауын туғызады, дәстүрлі синтаксистік формалардың бұзылуы, бір жағынан, ең қарапайым син-

таксистік құрылымдарға оралуға, сөздердің, сөз тіркестері мен элипсистік сөйлемдердің жалғаулықсыз қатар орналасуына әкеледі. Екінші жағынан, сөздердің бірінің үстіне біріне үйіліп төгілуі әрі тіркесуі мүмкін емес сөз тіркестері жинақталады:

Мысалы:

Астар сыртқа шықты абайсызда,
Берушісі аз, көбейді сұраушылар.

Бұл жағдайда тіл бірліктерінің тіркесімділік ережесі бұзылады, мысалы, бір синтаксистік құрылымда семантикалық сипаттамасы бірін-бірі жоққа шығаратын өрістерде тұратын тіркестерден болады. Логикалық жағынан тіркеспейтін ұғымдардың салыстыруға негіз етіп алынуынан метафораланған тіркестер қалыптасады. Нормаға сәйкес емес өлең мәтініндегі салыстырулар үшін алынған негіздің түсініксіздігі байқалады. Салыстыруда сөздердің семантикалық тіркесімділік нормасы бұзылған, себебі ол сөз тіркесінде салыстыруға алынған негізді құрайтын ортақ сема жоқ. Бұған қоса салыстыруды сипаттайтын сыңарларының семасы басқа өлең жолдарының бірде бір сыңарларының құрылымында қайталанбайды, яғни бірде-бір семантикалық изотиптік тізбекке енбейді. Нәтижесінде бұл өлең мәтінінің семантикалық байланысы бұзылады.

Осыған ұқсас метафораланған құрылымдарда жалпытілдік және мәнмәтіндік тұрғыдан салыстыруға алынатын негіздің жоқ болуы себепті оларды метафораланған қолданғыс деп айтудың өзі қиын. Шетел ғалымы Р. Дель оларды квазиметафоралар қатарына қосады, яғни сыңарларын дәл мағынасында қабылдау және олардың мағынасын жете түсіну мүмкін болмайтын тілдік құрылымдар дейді.

Нормаға сәйкес еместігі жоғары дәрежедегі өлең мәтінінің семантикалық изотоптық тізбегі денотаттық не метафораланған деңгейде де түзілмейді. Нормаға сәйкес еместігі

орташа дәрежедегі өлең мәтінінің семантикалық байланысы әлсіз көрінеді, себебі метафораның салыстыруға алына-тын негізі шалғайдағы семалар, яғни шалғайдағы лексика-семантикалық нұсқатар болады. Олардың негізінде бұл сөздерді байланыстырып тұрған ортақ белгіні анық байқау өте қиын, себебі, жоғарыда көрсеткендей, семаларды сөздің шалғайдағы семантикалық құрылымына ығыстырылуы арқылы олардың әдеби тілдің семантикалық нормасына сәйкестік дәрежесі төмендейді.

Өлең мәтініндегі синтаксистік байланыстар тілден тыс шындықтағы қатынастарға тең еместіктен, өлең мәтінінің семантикалық байланысын қалыптастыруға ықпал етпейді. Ал өлең мәтінінің семантикалық байланысы тілдік бірліктердің бір-бірінен денотаттық және синтаксистік ара қатынасынан тыс жеке алынып, олардың жалпы дағдылы мағыналарына негізделеді. Өлең мәтініндегі семантикалық үдеріс оның сыңарларын байланыстыратындай мағынаның мәнмәтіндік өзгеруіне негіз болмайды. Демек, оларды дәлме-дәл қабылдауға тура келеді, яғни сол өлең мәтінін түсінетіндей дағдылы мағынасында ұғынылады. Бірақ дағдылы мағынасы берілген өлең мәтінін толық, анық түсінуге мүмкіндік бермейді. Мысалы:

Қызуын тартып әр күннің,
Көл жатыр тұнық ойланған. –
Ортасын ойып шалғынның,
Бетонмен төсеп қойғандай.

Қарсы ұшып қанша жеддерге,
Қайталап үнін шектердің.
Қонады құстар
Сол көлге –
Аэродромына көктемнің.

Қалқып бір ашып құшағын
Жуынан самал, лептерге –
Қонады, қайта ұшады
Кішкене самолеттердей.

Т. Медетбеков

Жоғарыдағы өлең мәтіні мынадай семантикалық байланыстан құралған:

1) көл; шалғын – бетон – аэродром (семантикалық өрісі – тегіс алаң)

2) құс; самолет (семантикалық өрісі – ұшу)

Бұл келтірілген өлең мәтінінде ең шеткі, бір-бірінен алыс тұрған семантикалық ұғымдар теңеуге алынған: «Көлдің» ортасымен, бетон «Көл – аэродром».

Сонымен, метафорадан, теңеудің негізі ретінде шалғай семалары алынғанда, бір жағынан, өлең мәтінінде денотаттық және синтаксистік байланысы жоқ бірліктердің дағдылы мағыналары шындық болмыстағы қатынасқа тең болмайды, екінші жағынан, нормаға сәйкес емес мәтіннің жасанды семантикалық байланысын қалыптастыруға әкеледі.

Нормаға сәйкес емес өлең мәтінінің семантикалық байланысы өзіндік метафораланған деңгейде жиі қалыптасады. Мұнда екі жағдай болуы мүмкін:

1) Өлең мәтінінің әртүрлі сегменттерінде бір ғана метафора қайталанады әрі ол сегменттерді байланыстырады.

2) Әртүрлі метафоралар өзара бір-біріне әсер ету арқылы өлең мәтінін семантикалық жағынан байланыстырады.

Өлең мәтінінің жалпы семантикалық байланысы денотаттық және метафораланған байланысқа жіктелуіне қатысты нормаға сай және нормаға сәйкес емес өлең мәтінінің семантикалық құрылымында әртүрлі семантикалық тығыздығы болады. Нормаға сәйкес емес өлең мәтінімен салыстырғанда нормаға сай өлең мәтінінің семантикалық тығыздығы жоғарырақ, себебі нормаға сай өлең мәтінінде сөз бір мезгілде әрі тура, әрі ауыспалы мағынада қолданылуына байланысты денотаттық және метафораланған байланыс бірінің үстіне бірі қаланып, біріне-бірі себепші болады. Нормаға сәйкес емес өлең мәтіні семантикалық тығыздығының төмендігімен сипатталады, бірақ мұндай өлең мә-

тінінің құрылымдық ұйымдастырылуы айқын және форманың өзіндік мәні байқалады.

Өлең мәтіні сыңарларының мәнмәтіндік мағынасының қалыптасқан нормалы мағынасынан бөлектенуі, олардың денотаттық арақатынасының бұзылуы мәнмәтіндік семантикалық шартты байланысты жасайды, мұндай байланыс өлең жолдарының арасындағы жарыспалы байланысқа негізделген мәнмәтінде бекітілмейді.

Күрделенген метафорасы бар өлең мәтінін қабылдау үдерісі барысында оның синтаксистік ұйымдастырылуы маңызды рөл атқарады. Синтаксистік ұйымдастырылу (байланыс) оқырманға өлең мәтінінің семантикалық құрылымынан хабардар етуге көмектеседі.

1) Мәтіннің байланысы дегеніміз тіл жүйесінің әр түрлі деңгейіне қатысты болатын оның элементтерінің өзара тәуелділігі; мәтін фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық және стильдік (стилистикалық) байланысқа бөлінеді. Семантикалық байланыс – байланыстың негізгі түрі.

2) Мәтіннің тұтастығы дегеніміз мәтін байланысының әр түрлерінің өзара әрекеті. Мәтіннің тұтастығы мәтіннің байланысы секілді әртүрлі дәрежеде көрінуі мүмкін.

3) Өлең мәтінінің семантикалық байланысы зерттелінетін мәтіндегі сөз қолданудың қағидаларымен қамтамасыз етіледі. Семантикалық байланыс өлең мәтіні сыңарларының (семалардың) семантикалық сипаттамаларының өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асады. Бұл өзара әрекеттесу өлең мәтінінде сөздердің септелу я жіктелуінен де, сөздердің мағыналық және интонациялық тұтастығынан көрінеді; соған сәйкес өлең мәтінінің тізбектік және жарыспалы болатын семантикалық байланысының үйлесуі өлең мәтінінің жалпы семантикалық байланысын туғызады.

4) Өлең мәтініндегі сөз қолдану қағидалары, яғни өлең мәтінінің семантикалық нормасы оның типологиялық сипаттамасы ретінде өлең мәтін үшін оқырманда нормалы

қалыптасқан мақсатына бағытталады, соған сәйкес семантикалық тұрғыдан өлең мәтінінде шартты мәтіндерге қарағанда көп көпнұсқалыққа, еркіндікке жол беріледі. Өлең мәтіні үшін семантикалық норма: а) сыңарларының тек басты лексика-семантикалық нұсқа негізінде ғана емес, сонымен қатар қосымша лексика-семантикалық нұсқада да тіркесуі; ә) метафораланған, яғни тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада қолданылуы; б) мәтіннің семантикалық сыйымдылығының қосымша мағыналары арқылы күшеюі; в) таңбалаушы экплициттік және астарлы имплициттік мағыналарының сәйкес келмеуі. Өлең мәтінінің семантикалық нормасының барлық аспектілері өлең мәтінінде сөздің семантикалық құрылымына қарағанда семантикалық үдерістің басымдылығын қамтамасыз етеді.

5) өлең мәтінінің семантикалық нормасы оның типологиялық сипаттамасы ретінде өз кезегінде өлең мәтінінің мәтіндік нормасын анықтайды. Мәтіндік норма семантикалық үдерістің даму нәтижесінде қалыптасады.

Көркем мәтін семантикасының құрамдас бөліктері мен бөлімдерінде белгілі бір ұғымдар мен сол ұғымды білдіретін тілдік бірліктердің ретпен, жүйемен қайталануы мәтіннің семантикалық құрылымын түзуші басты фактор қызметін атқарады.

С. Мәуленовтің «Қабірі белгісіз досқа» өлеңі мәтіннің семантикалық құрылымы өзге, дара сипатымен ерекшеленеді. Алғашқы төрт шумақ мәтіннің бастапқы семантикалық бөлігін түзеді. Онда сөйлесуші соғыстан қайтпаған досының жайын сұрайды. Әйелге, көлге, орманға, айға қайырылып, сұрау салады, бірақ олардың ешқайсысы нақты жауап қайтармайды. Орман жапырағын шашып жолдарға, ақырын басын шайқайды. Ай үн-түнсіз, бір ауыз тіл қатпай, жүзін бұлтқа жасырады. Табиғат құбылыстары жаңды құбылыстай, сұраудың ауыртпалығынан қайысқандай, жаны қиналғандай қалыпқа түседі. Әр шумақ өзегінде берілген семантикалық бірлік басқа шумақтың жүйесінде берілген

семантикалық бірлікпен өзара тікелей сабақтаспай, дербес құрылымдық ерекшелігімен сипатталады. Бұл шумақтар арнасындағы семантикалық бірліктердің арасында да тікелей сабақтасып жатқан қатынас жоқ, әр шумақтағы семантикалық бірлік өзгелерге тәуелсіз, сөйте тұра әр семантикалық бірлік өзара салаласа байланысады. Өлең мәтінінің соңғы екі тармағында сөйлеуші: «Ішімде жатты өртеніп солардың бар қайғысы», – дейді. Солар деп отырғаны – қабірі белгісіз досы туралы сұрау салған табиғат құбылыстары: жел, көл, орман, ай.... Бұл жерде де семантикалық бірліктердің бірқатары ауыспалы мағынада беріледі. Табиғат құбылыстары, турасын айтқанда, қайғырып та, жылап та, күңіреніп те тұрған жоқ. Оларды дәл осы күйде, осындай қалыпта танытып тұрған - семантикалық желіні құрап тұрған – тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада қолданылуы. Адам бойындағы, оның ойлауы мен сезінуіндегі әсер, табиғат құбылыстарындай таралып, солардың бәрі адамның өзіндей қайғырып күйзеледі. Бұл өлең мәтінін құраушы тілдік бірліктердің тура және ауыспалы мағыналары арасындағы сабақтастықтың жаңа үлгісін білдіреді.

Өлең мәтінінің екінші семантикалық бөлігі автордың көңіл күйін, психологиялық жайын, жан сырын тікелей суреттеуге арналған:

Жел болып сонда жыладым,
 Көл болып сонда мүлгідім.
 Орман боп сонда шуладым,
 Ай болып бұлтқа сүңгідім.
 Ұрғандай түсіп сол бір сәт,
 Найзағай оты төбемнен.
 Көзімнен ұшып сел бұршақ,
 Атылып жатты тереңнен.
 Тым болмаса күліңді
 Кетті екен қайда жел айдап!
 Күндерді аңсап бұрынғы,
 Күңірене түстім сені ойлай.

Өлең мәтінінің алдыңғы бөлігінде табиғат құбылыстарының қимыл-қозғалысы автордың көңіл-күйіне сай су-

реттелетін болса, мына бөлікте автордың психологиялық күйі процесс түрінде беріледі. Ақынның психологиялық күйі табиғат құбылыстарымен, өлең мәтінінің алдыңғы бөлігінде суреттелген табиғат құбылыстарының қимыл-қозғалысы тудыратын семантикалық мәннің жүйесімен өріледі. Алдыңғы семантикалық бөліктегі тілдік бірліктер қызметі арқылы көрінетін табиғат құбылыстарының қимыл-қозғалысында ақынның, оның лирикалық кейіпкерінің ішкі жан тебіренісі көрініс табады. Ал мына кейінгі семантикалық құрылымда суреттеліп отырған құбылыстың мәнін терең ашу мақсатында ақын табиғат құбылыстарына қайта оралады: жел болып жылайды, көл болып мүлгиді, орман болып шулайды, ай болып бұлтқа сүңгиді. Осылайша, өлең мәтінінің алдыңғы семантикалық бөлігінде баяндалған шындық құбылыс, ұсынылған ой мен бейнеленген сезім мына бөлімде одан әрі байып, айқындала түседі. Суреттелініп отырған өмір құбылысының мәнін ашуда мәтін жүйесіндегі тура мағынадағы семантикалық бірлік пен ауыспалы мағынадағы семантикалық бірлік арасындағы байланыстың қызметі өте жоғары. Қайталау өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық бөліктерін өзара кіріктіріп, тұтастыруда барынша оңтайлы, ыңғайлы және нәтижелі болып шыққан. Өлеңнің әуелгі семантикалық бөлігінде автордың сұрауына қалай жауап берерін білмеген жел бір сөз айта алмай өкси береді. Екінші бөлімде автор: «Жел болып сонда жыладым», – дейді. Салыстырулар өлеңнің екінші семантикалық бөлігіндегі автордың жылауы алдыңғы бөлімдегі желдің өксуіне сәйкес келіп, жел бастан кешкен көңіл күйді автордың қайталап тұрғанын байқатады. Бұл жерде қайталанып тұрған құбылыс – жылау, өксу. Алдында жел өкситін болса, кейінгі шақта автор жел болып жылайды. Көрсетілген қайталаулардың арасында да тығыз байланыс, сабақтастық бар. Егер өлең мәтінінің алдыңғы бөлігіндегі желдің өксуін көрсететін тілдік бірліктерді алып тастаған болсақ, онда екінші бөліктегі ав-

тордың «жел болып жылауында» мәтіннің семантикалық бірліктерінің кіріктіретіндей мүмкіншілік қалмас еді. Осы пікірді өлең мәтінінің алғашқы және кейінгі семантикалық бөлімдеріндегі орманның бас шайқауы, айдың бұлтқа тірелуі және ақынның орман болып шулауы, ай болып бұлтқа сүңгуі арасындағы қайталау сарындары туралы да айтуға болады. Өлең мәтінінде семантикалық бірліктердің тұтас қатары бар. Жел, көл, орман, ай – бұлар белгілі бір құбылыстың сырын, мәнін ашып тұрған тілдік бірліктер ғана емес, сонымен қатар құбылысты семантикалық образ дәрежесіне көтеріп тұрған семантикалық дербестігі айқын тілдік құбылыстар болып табылады. Өлең мәтінінде образ деңгейіне көтерілген тілдік бірліктердің атқаратын қызметі айрықша жоғары. Ол өлең мәтінінің семантикалық тұтастығы жүйесіндегі белгілі бір мағынаны жеткізіп тұрумен қатар мағыналар, мағыналық құрылымдар сабақтастығын қамтамасыз етеді. Әсіресе бұл секілді тілдік бірліктер қатарының кейінгі мағынаны белгілі бір арнада әуелгі мағына жүйесіне қайта алып келуі, кейінгі тілдік мағынаның бастапқы мағынамен үндесуіне, бастапқы мағына арнасында тоғысуына ықпал етуінің маңызы зор. Әуелгі семантикалық образ және ол арқылы берілген құбылыс кейінгі семантикалық бірліктің тууына, сөйтіп, кейінгі семантикалық бірлік бастапқы семантикалық бірлік беретін құбылыстың қайта жаңғыруына алып келеді. Кейінгі семантикалық бірлік арқылы бейнеленген құбылыс әуелгі семантикалық бірлікті, ол арқылы баяндалған құбылысты жаңғыртып, олардың жаңа мағына, жаңа мәнмен толықтырады, байытады. Бұл жерде семантикалық бірліктер жүйесі арасында тура қатынас қана емес, кері байланыс та бар. Мұндай қатынас өлең мәтінінің әр мағыналық құрамының мәнді және басқа мағыналық құрылым элементтерімен тығыз, жүйелі сабақтастықта болуының нәтижесінде ғана сақталады. Соның салдарынан өлең мәтіні құрылымындағы әр семантикалық бірлік өзара тоғысып,

жаңа мағыналық реңкпен, жаңа эмоциялық мазмұнмен толыса келе, семантикалық-құрылымдық жағынан толық ақпарат береді. Осының бәрінің негізінде, жоғарыда айтылғандай, қайталаудың қызметі жатыр. Бұл қайталау әдетте айтылып жүргендей жай қайталау да емес, еспе қайталау да емес, басқа қайталау да емес. Олардан мұның құрылымы да, мағынасы да, қызметі де мүлде басқа, бөлек. Әуелде белгілі бір жағдай аясында және белгілі бір семантикалық бірлік деңгейінде айтылған ой кейін басқа бір жағдай аясында және басқа бір семантикалық бірлік деңгейінде қайталанғанда, суреттелініп отырған құбылыс семантикалық және құрылымдық жағынан барынша толысып, тұтасып кететін болады.

Өлең мәтіні – жалпы тілдік заңдылықпен тығыз байланысты арнаулы көркем поэтикалық сөйлеу жүйесі. Әрбір өлең мәтінін жасау жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар болғандықтан, өлең жолының ішкі құрылымына сәйкес, буын саны, екпін, әлсіз жері мен әлді жерінің ауысып келуі орын алады. Өлең мәтінінде оқырманның алдын ала күтуін қалыптастыратын негіз – өлең жолы деп көрсетуге болады. Өлеңнің бірінші жолынан-ақ мәтінді көркем сөз деп қабылдау басталады. Өлеңнің бірінші тармағы ерекше үлгінің рөлін атқарып, өлең мәтінін ұйымдастырушылық қызметін атқаруы мүмкін. Мысалы: М. Мақатаевтың «Поэзия!» деген бірінші тармағы бір ғана қаратпа сөзден тұратын өлеңінде осы сөз бүкіл өлең мәтінінің құрылымына мағыналық қазық болған. Өлеңнің бірінші тармағы ең қуатты, үлкен ырғақтық бірлік болып табылады. Өлең жолы сөйлеммен сәйкес келгенде ғана шын мәнінде мағыналық жағынан аяқталады. Бір жол, бір жеке тармақтан өлең ырғағы анық көрінбейді. Ол үшін ырғақтық жағынан ұқсас екі тармақ алынуы қажет.

Қатар тұрған екі жол – өлең мәтінінің ең кішкене қажетті мәнмәтіні. Өлең тармағының әрбір жаңа шегі мәтінді көркем өлең ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Өлең

мәтініндегі сөйлемдер бірнеше тармаққа созылған жағдайға, тілдік материалдың «қарсылығына» қарамай, тармақ шегі дербес, объективті мәнін сақтайды. Өлең мәтінін қабылдау үшін мұндай шекараның маңызы ерекше үлкен. Кез келген өлең жүйелері үшін тармақтың аяқталуы норма болып табылатыны белгілі. Тармақтың шегі секілді өте «күшті» орында ғана нақты тілдік материал мен тармақтың аяқталуын салыстыру арқылы өлең мәтінінде әртүрлі семантикалық бірліктердің табиғатын анықтап, тілдік құбылыстардың жетістіктерін тауып, олардың негізгі қызметін көрсетуге болады. Мысалы:

Жүрегімде жүргені-ай бір қауіптің,
Сабағындай шырмайды шырмауықтың.
Үмітпенен, арманмен, күдікпенен,
Өтіп жатыр зымырап зырлауық, күн.

М. Мақатаев

Келтірілген үзіндіде тармақтың шекарасы синтаксистік топтардың шекарасымен сәйкес келіп, бірінші және екінші тармақ құрмалас сөйлемнің бөліктерінің шекарасымен, үшінші тармақ бірыңғай мүшелер тобының шекарасымен сәйкес келіп тұр.

Бірақ өлең жүйесіндегі мұндай норма тармақтарының тасымалдануы арқылы бұзылуы мүмкін. Төмендегі мысалдарда тармақ тасымалдану арқылы тұйықталған:

- (1) Жәй ақынды және бір
Оқып бердім;
Жұтынып,
Күлкі келіп жаңағы
Шыға келіп түтігіп.
- (2) Абайлай гөр,
Тегінде
Ұқсаған жөн мықты ұлға.
Жақсы болсаң,
Еліңді
Мақтайды жұрт,
Ұқтың ба?

Ж. Нәжімеденов

Бірінші мысалда тармақтың тасымалдануын өлеңнің алдыңғы шумақтарының өрнегін сақтауға ұмтылуымен түсіндіруге болады. Ал екінші мысалда тармақтың тасымалдануы стильдік ерекшелікті сақтауға негізделген.

Өлең мәтініндегі тармақтың тілдік материалдар шегімен сәйкес келуі немесе бұл бірліктердің сәйкес келмеуі кездейсоқ емес.

Мәтінің синтаксистік, семантикалық мүшеленуінің өлең жолының ырғағымен сәйкес келмеген жағдайындағы тармақтың тасымалдануын қарастырайық. Оқырман назарын аудару үшін қолданылған тармақтың тасымалдануы мәтін авторының алдына қойған мақсатын орындайды. Көркем сөз шебері ақын тілдік материалдың түрін өзгерту арқылы тармақтың тасымалдануын қолданбауы да мүмкін. Бірақ өлең мәтініндегі сөздің ерекше көркемділігі, әсіресе өлең жолының шегінде қолданылуын семантикалық байланысты қамтамасыз етумен бірге стильдік әсерлікті жасау үшін пайдаланылған көркемдік тәсіл деп қарауға болады.

Поэтикалық шығарманың жалпы эстетикалық құндылығын жасауда өлең жолының аяқталып қолданылуының, яғни оның тасымалдану нормасының рөлін бағаламауға болмайды. Тармақтың тасымалдануы арқылы оқырманға әсер ету норма ретінде қарастырылатын кейбір үлгімен берілген тілдік қолданыспен салыстырмалы түрде түсіндіріледі. Нормадан ауытқыған тілдік қолданыстар ақпараттық хабарлауды өңдеу барысында қосымша назар аударуды талап етеді. Осы көзқарас тұрғысынан тасымалданбай, аяқталып қолданылған өлең жолын үлгі-норма деп қабылдап, тілдік құралдарды осылайша қолдану оқырман назарын өзіне аудармайды деп есептеледі. Онда өлең жолының тасымалдануы нормадан «ауытқу» деп қабылданады; өлең жолдарының ырғақтық-синтаксистік орналасуы бұзылады, семантикалық байланыс өзгереді. Сондықтан өлең шегіндегі тілдік бірліктердің мағынасын түсіну үшін белгілі бір дәрежеде зейіннің күші керек екендігі

байқалады. Өлең жолын тасымалдау барлық жағдайда қосымша ақпаратты берудің тәсілі, тілдің көркемдеуіш құралдарын ақынның шығармашылықпен таңдауының нәтижесі болып табылмайды. Бірақ жоғарыдағы мысалдан байқалғандай, көркемдік дәрежесі жоғары шығармада тармақтың тасымалдануы көркемдік, эстетикалық жағынан өзін-өзі ақтайды.

Аяқталған тұтастық норма ретінде көрініп, тасымалданған өлең жолының поэтикалық қуаттылығын жасаудағы оның рөлін бағаламауға болмайды. Ең алдымен, тармақтың тасымалдануы секілді, тілдік құралдардың стильдік әсер ету үшін «ауытқуы», өлең жолдарының нормаға сәйкес жағдайында ғана қабылданады. Оқырманда тармақтың тасымалдануын тұтас бірлік ретінде автоматты түрде қабылдау үшін тасымалдаудың алдында біраз өлең мәтінінің авторы қалыптасқан стереотипті бұзуы мүмкін, себебі күтпеген сөз немесе мәтін құрылысы оқырман назарын аударатынын ақын біледі. Одан әрі қарай өлең мәтініндегі стильдік әсердің көпшілігі оқырман күтуін бұзудың нәтижесінде пайда болмайды, керісінше, сол күтуді құптағанда ғана стильдік әсер туындайды. Алдын ала күтулі өлшемі бұзылған өлең мәтіндерін оқырманның түсінуі қиындайды. Көптеген көркемдік құндылығы жоғары өлең мәтіндерінде оқырманның күтулі өлшемі бұзылмаған болып келеді. Оқырманға әсер ету тәсілі ретінде алдын ала күтулі өлшемді бұзуды қолданбаған автордың тілдің көркемдегіш тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі көбейеді, бұлай болғанда оқырманның алдын ала күткен талаптары орындалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлең мәтінін түзуде метафораның қызметін дәлелдеңіз.
2. Өлең мәтініндегі оның атының, тақырыбының рөлін сипаттаңыз.
3. Нормаға сәйкессіздігі басым өлең мәтіндерінде семантикалық байланыстың қалыптасу жолдарын түсіндіріңіз.

4. Нормаға сәйкессіздігі басым өлең мәтіндерінде тілдік бірліктердің ортақ семаларының қызметі мен олардың грамматикалық формаларының рөлін түсіндіріңіз.
5. Өлең мәтінінде мәтіндік норманың қалыптасуына мысал келтіріп, өз ойыңызды мысалмен дәлелдеңіз.
6. Таңдау бойынша өлең мәтінінде шумақтар мен тармақтар араларындағы семантикалық байланыстың үзілуіне талдау жасаңыз.
7. Таңдау бойынша тізбектік пен жарыспалы семантикалық байланыс орнаған өлең мәтіндеріне мысалдар келтіріңіз.
8. Өлең мәтінінде ақындар тармақты тасымалдауының себебін түсіндіріңіз.

Әдебиет:

1. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001.
2. Гаспаров Б.М. Язык. Память. Образ. Лингвистика языкового существования. – М., 1996. – 430 с.
3. Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Тіл орталығы, 2010. – 174 б.

IV. ӨЛЕҢ МӘТІНІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әдебиеттану ғылымында өлең сөздің құрылысы буын, бунақ, тармақ, шумақ деңгейінде қарастырылатын болса, тіл білімі, әсіресе оның бүгінде лингвистикалық поэтика деп аталып жүрген саласы өлең сөздің мағыналық-құрылымдық жүйесіне мүлде басқа деңгейде, басқа тұрғыдан баға береді. Бұл арада тіл білімінде әдетте басты зерттеу пәні ретінде қабылданған сөз, сөз тіркесі, сөйлем секілді категориялар да өз қызметтері аясында өлең мәтінінің табиғатын жете танытатындай болмыс-бітімімен ерекшелене алмайды. Өлең мәтіндегі әр сөз мәтінің мазмұндық-мағыналық құрылымын түзуші фактор деңгейіне дейін көтеріле алғанда ғана мәтіннің белгілі бір қырың, белгілі бір табиғатын таныта алады. Ондай жағдайда сөз өзінің тура немесе ауыспалы мағынасымен мәтіннің құрылым жүйесі беретін мазмұн-мағынаның басты ұйыстырушы элементіне айналады. Тілдің басқа деңгейдегі категориялары туралы да осыны айтуға болады. Жекелеген сөздің мәтінінің мазмұндық-мағыналық құрылым жү-

йесін түзуші фактор деңгейіне көтерілуі оны мәтін жүйесінде қолданудың тәсілдеріне тікелей тәуелді. Тілдік құралдарды қолдану тәсілдері өлең мәтінінің құрылым жүйесінде синтаксистік тұтастық қызметін атқара алмағанмен, синтаксистік жалаң, жай тұтастықтан бастап синтаксистік күрделі тұтастыққа дейінгі аралықтағы мәтін түзуші құбылыстардың қай-қайсысының құрамында да белсенді қызмет атқарады, лексикалық, грамматикалық категориялардың мәтін аясындағы қызметін байыта, күрделендіре отырып, мәтін түзуші, оның мазмұндық-мағыналық жүйесін тұтастырушы құбылыс деңгейіне дейін көтеріледі. Сөздің тура емес, ауыспалы мағынада қолданылу жолдары мен тәсілдерінің бұл орайда үлкен рөлі бар. Өлең мәтінінің мағыналық құрылымдық сипаты мен стилистикалық даралығы көп жағдайларда жекелеген лексикалық категориялардың қызметімен, жекелеген сөздердің ауыспалы немесе бірде тура, бірде ауыспалы мағынада қолданылу ерекшеліктерімен тікелей байланыста анықталады.

М. Мақатаевтың «Біреулерді мерт қылып аламын деп» өлеңіндегі негізгі ой – күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі адамдардың өзіне тұрпайы қарым-қатынасы және олардың сондай қылығына орай ақынның о жар іс-әрекет жасамауы, ақынның ашуға ерік бермей өзін-өзі ұстауы.

Өлең мәтінінің бірінші мағыналық бірлігіне тән әр семантикалық-құрылымдық жүйе алғашқы үш шумақ көлемінде бірдей қайталаанады: а) белгілі бір құбылыс; ә) сол құбылыстың әсері. Мұны нақты көрсеткенде, мынадай жүйе анықталады: Тентек інінің бетке тік қарауы (себеп, алғышарт) – залалы көп жандай жасқануы (салдар, нәтиже). Екінші шумақтың әр семантикалық құрылымы да осындай: 1) бала қабақ шытуы (себеп, алғышарт) – жасқану (салдар, нәтиже); 2) сәлемін біреулердің алмай кетуі (себеп, алғышарт) – екі иығы салбырап, пәс қалу (салдар, нәтиже). Үшінші шумақтың семантикалық құрылымы: досының

алдынан қырын қарап өтуі (себеп, алғышарт) – кеудесінде бозторғайының шырылдауы (салдар, нәтиже).

Өлеңнің барлық шумағы бір-бірімен семантикалық байланысқа түскен. Бұл байланыс – мәтінде бала, іні, дос және біреулер, қайсыбіреу ұғымдары арқылы беріліп, алыс пен жақын түсініктерінің семантикалық мазмұны негізінде жүзеге асқан. Назар аударатын нәрсе – бірінші шумақ пен төртінші шумақ арасындағы байланыстың жүзеге асу әдісі. Бірінші шумақтағы – «біреулер», «тентек іні» сөздері мен соңғы шумақтағы «адам», «жан» сөздері семантикалық жағынан бір топтағы ұғымда, «кісі, адам» ұғымында қолданылған.

Өлеңнің бастапқы және соңғы шумақтар арасындағы байланыс өлең мәтінінің құрылымына әсер ететін бастапқы шумақтың өте маңызды мағынасына негізделеді. Бастапқы шумақтың сыртқы белгісі – өзара ұйқасқан тілдік бірліктер – өлең мәтіні семантикалық жүйесінің басталуын аңғартса, осы шумақтағы мағыналық құрылым көрінісі автор ойының әрі қарай дамуын сипаттайды.

Бүкіл өлең мәтінінің семантикалық құрылымын, мазмұнын дамытуда бастапқы шумақтың мағынасы үлкен рөл атқаратынын атап өтуге болады. Өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық ерекшелігі бастапқы семантикалық бірліктен-ақ көрініп, соның негізінде мәтіннің тақырыптық желісі дамиды. Бастапқы шумақта негізінен екі ой айтылады, сол арқылы автор өлең мәтіні семантикасының дамуы және құрамдас бөліктері арасындағы байланыстың жүзеге асуы үшін ең ыңғайлы жағдайлар жасайды. Кейбір өлең мәтіндерінде бұл байланыс шумақтың соңғы тармақтары алғашқы тармақтардың семантикалық өзегін толықтыруы немесе дамытуы арқылы көрінеді. Мысалы:

Аттандырып тым тәтті сәттерімді,
Мен аяқтап келемін дәптерімді.
Сәттерімді айттым ба, әттенімді,
Әйтеуір жуып алдым пәк көңілді.

М. Мақатаев

Шумақтың алғашқы екі жолында ақын өлең дәптерін аяқтап келе жатқанын, сол өлең жазу барысында ең жақсы сәтті басынан өткізгені туралы айтса, соңғы екі жолында өзінің басынан өткізген өкінішті де, сәттілікті де айтқанда, әуелгі мазмұнды әйтеуір таза көңілді білдіргені туралы оймен толықтырады. Осы шумақта өзара байланысты ойдың негізінде екі ұғым жатыр: ақынның жыры мен сыры. Өлеңнің екінші шумағында да осы екі ұғым қайталанып, бастапқы шумақ пен үшінші шумақты семантикалық тұрғыдан байланыстырады.

Ақын екінші шумақта да алдыңғы шумақтағы ойды дамытады:

Анда-саңда аударып парақтарын,
Күн батқанын білмедім, таң атқанын.
Бетіне ақ дастарқан тамып кетті,
Тулаған байымдағы шарап-қаным! []

Шумақтың соңғы жолындағы «шарап-қаным» сөзі үшінші шумақтағы «жырым, сырым» сөздерімен үндесіп, мәтіндік синонимдер қатарының түзілуі нәтижесінде екі шумақ – екі семантикалық бірлік – арасында нақты байланыс жүзеге асырылады.

Үшінші шумақ – өлең мәтіні семантикалық құрылымның шиеленісуінің ең жоғарғы нүктесі, яғни мәтіннің семантикалық-құрылымдық дамуының кульминациялық шегіне жетуін сипаттайды:

Жырым,сырым – екеуі егіздерім,
Екеуін екі бөлек емізбедім.
Жатсам-тұрсам мұң шағып дәптеріме,
Жабырқаған жаным ем іздедім.

М. Мақатаев

Ақын мұңын ақ қағазға түсіру арқылы жырынан ауырған «жанына ем іздеген». Өлеңнің соңғы шумағы – көркем мәтіннің әр семантикалық құрылымының түйіні, қорытындысы,

яғни шығарманың шешімі секілді қызмет атқарады. Ақын әлсіреген, қажыған кезде жанына ем іздегенде, жыры жанына шипа болғанын айтып, ойын қорытындылайды. Жанға іздеген емнің табылуы не табылмауы туралы семантикалық бірлікке ұласады. Осы қорытынды шумағында «оны» деген сілтеу есімдігі осы шумақты алдыңғысымен байланыстырып тұрған тілдік бірлік қызметін атқарып тұрғандай әсерін қалдырады. Түр, форма жағынан осылай болып тұрғанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда алдыңғы және мына кейінгі әр семантикалық бірліктер арасындағы байланыс жүйесін қамтамасыз етуге қызмет ететін тілдік фактор біреу ғана емес. Бұл жерде «ем» – «оны» сөздері бір ұғым, бір мағынаны білдіріп тұрған лексика-семантикалық бірліктер екені де рас. Сонымен қатар «іздеу» – «табу», «таппау» секілді лексикалық бірліктер арасында да мағыналық байланыс барын ескеру керек. Бұл байланыс олардың белгілі бір ұғымды ғана білдіретін семантикалық сипатын танытпайды. Өлең мәтінін түзуші семантикалық желінің дамуындағы өзара сатылы қатынастағы кезеңдер жекелеген лексикалық емес, тұтас семантикалық бірліктердің өзара мағыналық жағынан тектес сипаты арқылы байланысады.

Таптым ба оны, білмеймін, таппадым ба,
 Қалім келмей қажыған шақтарымда!
 Жан-жырым жанға шипа болғаны рас,
 Әлсіреп, сөніп бара жатқанымда...

М. Мақатаев

Өлең мәтінінің семантикалық бірліктерін өзара байланыстыратын тағы бір нәрсе – уақыт ұғымының семантикалық тұрғыдан берілу жолдары: «Сәттер», «күн батқаны», «таң атқаны», «жатсам-тұрсам», «шақтарымда». Бұл – өлең мәтінінің семантикалық құрылымы жағынан басталуы, байланысуы, шарықтау шегі және қорытындысы бар жүйеден тұратындығын байқатады.

Өлең мәтінінің семантикалық бірліктері бір-бірімен логикалық жағынан жеткілікті түрде байланысқан, бірінен

кейін екіншісі қисынға сәйкес туындайтын, орындарын ауыстыруға келмейтін жүйеде түзілген.

Жоғарыда өлең мәтінінің ішінде белгілі бір шумақтың байланыстырушылық қызмет атқаратыны туралы айтылды. Мұндай мәтінде бастапқы және қорытынды шумақ арасындағы байланыс түрлі жолмен жүзеге асады, кейде мәтін екі мағыналық бөлікке бөлінеді, бірінші бөлік екіншісімен басқа мағыналық деңгейде байланысады.

- (1) Қарамай сақалыңа, шалдығыңа,
Жарасып тұрушы еді қалжыңым да.
Қарабайдай қатайып алыпсың ғой,
Ата,
Сен, шынымен алжыдың ба?!
- (2) Сұрың да, сұхбатың да сондай бөтен!...
Бұйымым бар,
Үйіңе қонбай кетем.
...Жыламаған сәбиге емшек бермес,
Жыламасам алдыңда болмайды екен.
- (3) Мен сені сыйламасам, түсінбесем,
Жүрмесе ең әр жырымның ішінде сен.
О, менің пайғамбарым!
Сен болмасаң,
Тірі пенде алдыңда кішірмес ем.
- (4) Ат басы алтын берсе табылмаған,
Еншім бар менің сенде алынбаған!
Қобызың емес пе едім қолыңдағы,
Ұмыттың неге мені жаным-бабам?
- (5) Қатыбас өмірден мен пайда алмадым,
Жаныммен жазған жырым – жайған малым.
Қылышың емес пе едім қынаптағы,
Жоғалттың неге мені пайғамбарым?!
- (6) Ат басы алтын берсе табылмаған,
Сыбағам қайда менің алынбаған?
Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем,
Ұшыңда сақалыңның дамылдаған?!

Бұл өлеңнің мәтінінде төмендегідей мағыналық-құрылымдық бірліктер бар:

1-шумақ – атасымен қалжыңдасатын ақын енді атасымен сөйлесе алмайды, себебі атасы әбден «қатайып алған».

2-шумақ – атасының түрі де, сөзі де бөтен, бірақ ақын атасының алдында шаруасын айтып, мұңын шағуға әзір.

3-шумақ – атасының жанын түсінген ақын оны әр өлеңінде жырлаған, атасынан басқа адамның алдында кішіреймейді.

4-шумақ – атасында өзінің еншісі бар бола тұра атасының мұны ұмытқандығы налытады.

5-шумақ – өмірден ақын пайда іздемеген, байлығы жыры еді, өзі атасының қолындағы қылышы еді, атасы сол қылышты жоғалтқан.

6-шумақ – атасынан ақын өзінің ат басындай алтын берсе табылмайтын сыбағасын іздейді, атасына өзінің қатысын даралайды.

Әр шумақтағы екі ой өзара бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі мағыналық жағынан толықтырады немесе түсіндіреді. Өлеңнің бірінші шумағының алғашқы екі жолы ақынның атасымен әзілдесетіні туралы болса, шумақтың одан кейінгі жолдары атасының бұрынғыдай қалжыңы жоқ, Қарабайдай «қартайған», алжығандығы туралы ойды білдіреді. Екі мағыналық бірлік мазмұны жағынан бір-біріне қарама-қарсы. Одан кейінгі шумақ алғашқы шумақтың екінші мағыналық бөлігіндегі ойды жалғастырады әрі кеңейтеді. Атасының сыртқы түрінің өзі ақын үшін бөтен болмағанымен, атасына ақын мұңын шағып, жыламақшы. Үшінші шумақта атасының, жат түрге еніп, өзгергеніне қарамастан, ақын оны сыйлап, әр жырына арқау еткен, тірі пенде алдында кішіреймейтін басы атасы алдында («О, менің пайғамбарым!») кішірейген. Төртінші шумақтың алғашқы екі жолында ақын атасынан еншісін сұраса, шумақтың одан кейінгі жолдарында ақын өзін атасының қолындағы қобызы екендігін, сол қобызды атасының ұмытқандығына ренжиді. Бесінші шумақтың алғашқы екі жо-

лында ақын өмірден пайда іздемегендігін, бар байлығы – жыры екендігін айтады. Одан кейінгі жолдарында өзінің пайғамбар-атасының қынабындағы қылышы болғандығын, атасының сол қылышын жоғалтқанына налиды. Бесінші шумақта өлең мазмұны құрылымдық-мағыналық тұрғыдан өзінің шарықтау шегіне жеткен, себебі төртінші шумақта ақын өзін бабасының қолындағы ұмытылған қобыз түрінде бейнелесе, ал бесінші шумақта ақын өзін өмірден ешқандай пайда алмай, жырымен жанын байытып жүрген күйінде, пайғамбарының (атасының) қынабынан жоғалған қылышы кейпінде суреттейді. Өлеңнің соңғы шумағында ақынның қорытынды пікірі, яғни ойының шешімі көрінеді: атасынан алынбаған сыбағасын сұрайды, өзін атасының сақалында дамылдаған бір түйір кәрі көздің жасына теңейді.

Демек, өлеңнің мазмұны белгілі бір жүйелі бағыт бойынша ашылған: өлеңнің алғашқы үш шумағының мазмұны бірін-бірі толықтырады. Одан кейінгі үш шумақта ақын өзі туралы, өзінің – атасына, атасының өзіне қатысын жеткізеді. Төртінші шумақтан бастап соңғы шумаққа дейін ақын өзі туралы ойды енгізеді де, бастапқы шумақ пен соңғы шумақ арасындағы анық байқалатын мағыналық байланыс тармақталып, салалана түседі. Өлеңнің бастапқы шумағы мен соңғы шумағының мазмұнының арасын тікелей байланыстыруға қызмет жасайтын мағыналық бекіту жоқ болғанымен, өлең тақырыбы біртұтас жоспарға бағынып дамыған мәтіндей әсер қалдырады. Мұның себебі бірінші мен соңғы шумақтардың мағыналық жағынан байланысу қызметін бұл жерде төртінші, ортаңғы шумақ атқарады. Ол шумақта өзара байланысты екі ой бар: ақынның атасынан алатын еншісі бар (алғашқы екі жол) және ақын атасы үшін атасының қолынан тастамайтын қобызындай еді. Төртінші шумақтың алғашқы екі жолының мазмұны өлеңнің алғашқы үш шумағының мазмұнымен байланысты. Шумақтың соңғы екі жолы алғашқы екеуімен мағыналық жағынан сабақтасу арқылы алдыңғы үш шумақпен де байланысқан.

Сонымен қатар өзінен кейінгі екі шумақтың да мағынасын айқындап, бесінші шумақты басқа мағыналық деңгейге – шарықтау шегіне ауыстырса, өлеңнің бүкіл мазмұнында айтылған ойды алтыншы, соңғы шумақта басқа мағыналық деңгейде қорытындылаған. Сонымен, ақын төртінші шумақта атасынан «енші» сұраса, соңғы шумақта «сыбаға» сұрайды. Ақын өзін жан бабасының қолындағы қобызындай көрсе, сол қобызын ұмытқандығы үшін атасына ренжиді. Қорытынды шумақтың соңғы жолында ақын өзін атасының сақалындағы бір түйір кәрі көздің жасына балайды. Демек, бұл өлеңде бастапқы шумақ пен соңғы шумақ араларындағы байланыс тікелей орнамаған, осы байланыс төртінші, ортаңғы шумақ арқылы жүзеге асқан, бастапқы мен соңғы шумақ араларындағы семантикалық байланыс та ортаңғы шумақ арқылы орнап, өлеңнің семантикалық-құрылымдық тұтастығын қалыптастырған. Төртінші шумақ өлең мазмұнына қажетті мағыналық қайта құруды және өлеңнің басы мен соңының семантикалық байланысуының жаңа мүмкіндіктерін жасаған.

Талдап отырған өлең мәтіні бөліктерінің семантикалық байланысуы оның құрылымдық тұтастығы мен логикалық жүйелілігінен ғана көрініп қоймай, сонымен қатар өлең мәтінінде жоғарыда көрсетілген ойларды жүзеге асырып отырған барлық тілдік бірліктердің арақатынасынан да байқалады.

Өлең мәтінінен байқалғанындай, мәтін сыртқы құрылымы жағынан шартты түрде екіге бөлінеді: біріншісінде – атасының бейнесі жасалынса, екіншісінде – ақын өзі туралы айтады. Өлеңнің бірінші шумағында ақын атасын Қарабайға теңейді: «Қарабайдай қатайып алыпсың ғой», екінші шумағында атасын «Сұрың да, сұхбатың да сондай бөтен!» деп, алғашқы шумақтағы «Қарабайдай қатайған» атасының портретін нақтылай түседі. Қарабай бейнесі – сараңдықтың белгісі, сондықтан да ақын өлеңнің екінші шумағынан бастап, атасынан «бұйым» сұрайды, атасының

алдында жылайды, төртінші шумақта атасынан енші, соңғы шумақта сыбағасын сұрайды. Демек, «Қарабайдай қатайып алыпсың ғой» деген өлең жолы мәтіннің кіріспесі секілді қызмет атқарады. «Қарабайдай қатайған» сараңнан бірнәрсені («бұйымды») сұрап алу мүмкін еместігін ақын жақсы сезінеді, таңданады. Өлең мәтінінде ақын атасының біріне-бірі қарама-қарсы екі бейнесін жасаған және сол бейнелерді ашуға лайықты тақырыптық-лексикалық сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланған: біріншісі – «Қарабайдай қатайған», «сұры да сұхбаты да бөтен», ақын баласын «ұмытқан», одан соң ақын баласын «жоғалтқан» атасы; екіншісі – қалжыңы жарасып тұратын, ақын сыйлайтын, түсінетін пайғамбар атасы. Сонымен қатар өлеңде ақын өзінің бейнесін де жасаған, ақын бейнесі атасымен қатар суреттелген: «Қобызың емес пе едім қолыңдағы», «Қылышың емес пе едім қынаптағы», «Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем» деп қорытындылайды.

Талдап отырған өлең мәтініндегі образдар арасында мағынасы әртүрлі сөздерді тепе-тең жағдайда қолдануы арқылы күрделі семантикалық арақатынас орнаған. Мысалы: 1) «Қобызың емес пе едім қолыңдағы», «Қылышың емес пе едім қынаптағы»; 2) «Ұмыттың неге мені, жаным-бабам?», «Жоғалттың неге мені, пайғамбарым?!». Келтірілген мысалдарда «қобызың» мен «қылышың», «жаным-бабам» мен «пайғамбарым», сөздері өлеңнің семантикалық құрылым жүйесінде бірдей қызмет атқарғандықтан, оларды мәтіндік көркем синонимдер деп айтуға болады. Бірақ бұлар осы мәтіннен тыс жерде қолданылғанда, бұл қызметті атқара алмайды. Бұған қоса өлең мәтінінде төртінші шумақтағы «ұмытылған қобыз» бесінші шумақта, яғни өлең мәтінінің шарықтау шегіне жеткен шумағында «жоғалған қылыш» түрінде қолданылады, яғни көңілде «ұмытылған» заттың түбінде «жоғалатыны» туралы ой ұсынылады. Өлеңнің бастапқы шумағында «ата» Қарабайға ұқсатылады, оның алжығандығы туралы күмәнді ой белең алады.

Өлең мәтінінің соңғы шумағында Қарабайдай қатты атадан бала алынбаған сыбағасын сұрап, өзінің атасы үшін асылдың сынығындай қымбат жайын еске салады.

Сөйтіп, соңғы шумақ бастапқы шумақтағы ойды тұтас мағыналық тізбек арқылы қорытындылайды. Басқаша айтқанда, бірінші мен соңғы шумақтарды қарама-қарсы екі ұғымның (Қарабайдай (атасынан) – сыбаға сұрау) қатар қолданылуы байланыстырады. Бұл ұғымдар талданып отырған өлең мәтіні мазмұнының даму жүйесін түзеді.

Осы өлең мәтініндегі образдардың семантикалық арақатынасын табу нақты затты белгілейтін бір ғана ұғымның шешуші рөл атқаратындығын анықтауға мүмкіндік береді. Алғашқы шумақтың бастапқы екі жолында ақын атасының жасының үлкендігіне қарамай, атасымен қалжыңдасатындығын және оның жарасатындығын айтқан. Алғашқы шумақтың кейінгі екі жолы оның алдыңғы екі жолына қарсы мәнде құрылған: сақалына, шалдығына қарамай, қалжыңы атасымен жарасқанымен, атасы енді Қарабайдай қатайған, алжыған (кейінгі екі жол). Бірінші шумақтың мағыналық бөліктері бір-біріне параллель байланысқан. Шумақ төрт қана жолдан тұрғанымен, онда көп мәселе қозғалғандығы жоғарыда талдап көрсетіледі. Осының бәрі ақынның бірінші қорытындысын көрсету үшін қажет болды: атасы Қарабайдай қатайған.

Өлеңнің екінші шумағы «сондай» деген теңеу мәніндегі есімдік арқылы алдыңғы шумақпен мағыналық байланысқа түскен. Осы шумақтың екінші жолы да «Бұйымым бар» алдыңғы шумақтағы «Қарабайдай қатайған» тіркесі беретін ұғымға қарама-қарсы астарлы мағынада (антитеза ретінде) қолданылған, яғни Қарабайдай қатты кісінің алдында жылап бірнәрсе (бұрынғы аталық мейірім, аталық ықылас, аталық сезім) сұрап алмақшы. Бұл шумақта да өлең жолдарының мағыналық бөліктері бір-бірімен параллель байланысқан әрі Қарабайдай қатты кісінің бейнесі астарлы мағынада бұл шумақта да сипатталған. Екінші шумақтың

соңғы екі жолы – «...Жыламаған сәбиге емшек бермес, Жыламасам алдыңда болмайды екен» – өлеңнің одан кейінгі шумақтарының кіріспесі секілді қызмет атқарады. Үшінші шумақта да «Қарабайдай қатайған» ұғымына қарама-қарсы мағынадағы «О, менің пайғамбарым!» ұғымы ата тақырыбын тереңдетеді, алдыңғы және кейінгі шумақтар арасындағы мағыналық-құрылымдық байланысты күшейтеді.

Алдыңғы шумақтарда Қарабайдай қатты атасының бейнесін өзінің жай-күйімен тікелей және ассоциативтік байланыста сипаттағанымен, өлең аяқталған жоқ, өлеңді одан әрі қарай жалғастыру үшін, осы байланыс төртінші шумақта дамытылады. Бұл дамыту өлеңнің мағыналық шиелінісін қамтамасыз етеді. Пайғамбардай атасының жан дүниесін түсініп сыйлаған (үшінші шумақ) ақын Қарабайдай атасынан еншісін сұрайды (төртінші шумақ): «Еншім бар менің сенде алынбаған!». Осы өлең жолы арқылы төртінші шумақтың алдыңғыларымен семантикалық байланысын нығайтады. Төртінші шумақтың соңғы екі жолы алдыңғы үш шумақты соңғыларымен байланыстыратын логикалық көпір секілді қызмет атқарады. Қарабайдай қатты (бірінші, екінші шумақтар), пайғамбардай (үшінші шумақ), жанындай жақсы көрген бабасы ақын баласын ұмытады (төртінші шумақ).

Төртінші шумақтың осы соңғы екі жолы логикалық жағынан өлеңнің қорытындысы секілді болғанымен, мәтін одан әрі жалғасады.

Өлең мәтінінің мағыналық ширығуының жоғары нүктесі бесінші шумақта. Өзін пайғамбарының қынабындағы қылышына теңеп, оны атасының жоғалтқандығына ренжуі мен алдыңғы шумақтағы өзін бабасының қолындағы қобызына теңеуі арқылы екі образды параллель сипаттауға жол ашылады. Төртінші шумақтағы «қобыз» бен «жаным-бабам» сөздері мен бесінші шумақтағы «қылыш» пен «пайғамбарым» сөздері логикалық-семантикалық жағынан өзара шектес, байланысты (себебі бұрыннан жалпы халықта

Қорқыт бабаның қобызы мен пайғамбардың қылышы деген дәстүрлі ұғымдар қалыптасқан). Ақын осы ұғымдарды мәтінде орынды қолданған.

Өлеңді қорытындылайтын алтыншы шумақта төртінші шумақта айтылған ой қайта көтеріледі. «Сыбаға» мен «енші» сөздерінің арасындағы семантикалық байланыста бірнәрсені арнайы бөліп беру деген ортақ сема бар. Бұл шумақтағы ой төртіншідегідей терең әрі кең. Бұл жерде кәрі көздің жасы – метонимия, атаның қайтыс болған баласынан қалған тұқым. Өлеңнің соңғы екі жолы ғибраттық сипат алады.

Осы өлең мағынасын талдаудан автордың енгізген ойлары нақты адамның Қарабайдай қатайған атасының бейнесімен байланысты екендігін байқауға болады. Бұл ұғым автор ойының барлық иірімдеріне қатысты және көркем бейнелеу тәсілдерінің түрлерінің тууына әсер етті. Мұнда поэтикалық фигуралардың қолданылуы, әсіресе теңеу мен метафораның қолданылуы, мәтіннің семантикалық-құрылымдық тұтастығы мен байланысын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Сөйтіп, бір ғана нақты бейне өлең мазмұнының, өлең мәтінінің құрамдас бөліктерінің байланысы мен тұтасуына негіз болған.

Жоғарыда талданған өлең мәтіндерінде образдардың ауысуы терең семантикалық заңдылықтарға бағындырылғаны байқалады. Әрбір жаңа образ алдыңғы образдың аясында туындап, басқа образдардың қатарынан жарқырай ерекшеленеді. Өлең мәтінінің құрылымы мен семантикалық тұтастығын сюжет жасаумен, яғни үзік-үзік оқиғаларды қайтадан байланыстырып, баяндау барысында салыстырмалы түрде тұтас аяқталған мағыналық бөлікке жинақтаумен түсіндіруге болады. Өлең мәтінінің құрылымдық тұтастығы қамтамасыз етілуімен қатар, мәтін бірыңғай семантикалық кеңістікте ұйымдастырылады. Көркем мәтіннің семантикалық қуаттылығын арттыратын мәтін құрушы құралдар мен мәтіндік қайталаудың құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуы анықталады.

Төменде талданатын өлең мазмұнының дамуына басқа бір бейне, яғни нақты зат негіз болған:

Иек артқан теңізге мүйістейін,
Келші, қарғам, шашыңнан иіскейін.
Иіскейін тек қана, тиіспейін,
Келші, қарғам, шашыңнан иіскейін.

Қолаң қара шашың-ай күн қақтаған,
Қос бұрым-ай жотаңда бұлақтаған.
Қарғам, сенде жерімнің иісі бар-ау,
Жер иісі жұпардан қымбат маған.

Иісі бар-ау дәннің де, шалғынның да,
Қырдың да, қырманның да, жаңбырдың да,
Тұр, сірә, мына шашта иісі аңқып,
Аптаптың, аңызқтың, таңдырдың да.
Шашыңнан иіскетші, қарғам, маған?
Есіме түсер ме екен арман-далам.
Иіскетші?
Жауқазын жан екенсің;
Жасаңды әсемдікке алданбаған.

Тұрғам жоқ сауға сұрау қылығыңнан,
Жан едім махаббаттың құрығы ұрған.
Иіскейін жұртымның топырағын,
Иіскет, қарғам, маған бұрымыңнан?...

М. Мақатаев

Бірінші шумақта белгілі бір тілек, қалау түрінде ой айтылған. Кейінгі төрт шумақ – мәтіннің төрт құрамдас мағыналық, семантикалық бөлігі – осы бірінші мағыналық-құрылымдық бөлікте айтылған ойдың себебін білдіреді: істің, қимылдың субъектісі туған жерін сағынған; туған жердің иісі туған жерден келген қыздың шашына сіңіп, бірге келген. Субъектінің ауылынан келген қыздың шашын иіскеуге құмартуының осындай себебі бар. Мәтіннің макромағыналық құрылымы осындай себеп-салдар сипатында түзілген семантикалық жүйе табиғатымен ерекшеленеді. Бұл құрылым жүйесі іштей бір-бірімен тығыз байланысып жатқан бірнеше семантикалық-құрылымдық бірліктен тұ-

рады. Олардың желісінде басты бір тақырыптық мотив бар. Ал сол мотив арнасында бір-бірімен сабақтасып, байланысып жатқан бірнеше ұғым бейнесі бар. Осылардың бәрі де өлең мәтінінің семантикалық тұтастығының қалыптасуы мен дамуына тікелей қызмет етеді.

Жоғарыда талданған өлеңге ұқсас бұл өлеңнің мазмұнының дамуына басты рөл атқаратын нақты затқа нұсқау бастапқы шумақтан-ақ аңғарылады. Мұнда нақты зат – жас қыздың шашы. Бірақ екі өлеңде де нақты заттардың образдарын пайдалану сипаты мүлдем бөлек. Алдыңғы өлеңде оның семантикалық мазмұнының дамуын анықтайтын Қарабайдай қатайған қарттың образы тура және ассоциативтік тілдік құралдар қызметін атқарса, кейінгі мәтінде жас қыздың шашының иісі басқа образдармен мағыналық өзара байланысты көрсетеді және басқа қызметті атқарады, яғни жас қыздың шашының иісі мәтінде семантикалық тұрғыдан туған жер, туған дала ұғымдарын ауыстырады. Шындығында да, өлең мәтінде жас қыздың шашының иісі және оған ақынның қатынасы суреттелгенімен, мәтіннен ақынның туған жеріне деген сүйіспеншілігі, ыстық махаббаты айқын сезіледі, жас қыздың шашы мен оның иісін сипаттау қыздың да, туған жердің де сұлулығын суреттеуге айналады.

Жас қыздың шашының иісі – лирикалық кейіпкердің – ақын толғанысының себепкері. Бірінші шумақ – өлең мәтінінің басталуы секілді қызмет атқарады. Қыздың шашын теңізге, өзін сол теңізге иек артқан мүйіске теңейді де, қыздан «шашыңнан иіскейін» деп өтінеді. Екінші шумақта қыздың қос бұрымының сұлулығын сипаттап, онда жерінің иісі бар екендігін, ал жер иісі ақын үшін жұпардан да қымбат екендігі туралы айтылады. Үшінші шумақта тағы да шаш иісінде «дәннің, шалғынның, қырдың, қырманның, жаңбырдың, аптаптың, аңызқтың, тандырдың» иісі аңқитындығы туралы жалғастырылады. Үшінші шумақтың толығымен алдыңғы және өзінен кейінгі шумақтармен бай-

ланысты екендігі көрінеді. Төртінші шумақта ақын қыздан шашынан иіскетуін тағы да өтінеді, шаштың иісі арман – даласының иісін әкеле ме деп үміттенеді. Жас қыздың жасаңды әсемдікке алданбағандығына қызығады: «Шашыңнан иіскетші, қарғам маған» деген өлең жолының қайталануы арқылы бірінші шумақпен, «Есіме түсер ме екен арман-далам» деген жолы екінші, үшінші шумақтармен, «Жауқазын жан екенсің; Жасаңды әсемдікке алданбаған» деген жолдар екінші шумақпен мағыналық байланысқа түседі. Сонымен, төртінші шумақ өлең мәтінінің барлық шумақтарымен байланысады. Соңғы қорытынды шумақта өзінің қандай жан екендігін және не себепті қыздың бұрымынан иіскетуін өтінетінін айтады: «Иіскейін жұртымның топырағын, Иіскет, қарғам, маған бұрымыңнан». Осы жолдар қорытынды шумақты алдыңғы, төртінші шумақпен мағыналық жағынан байланыстырады. Өлең мәтінінің бірінші шумағында тек қана қыздан шашынан иіскетуін өтінсе, соңғы шумақта соның себебін айтуы арқылы, яғни салдар-себепті қатынас арқылы бастапқы шумақпен кейінгі шумақтар арасындағы байланыс орнаған.

Соңғы шумақтағы «топырақ» сөзінің «дала», «жер» ұғымдарының, «бұрым» сөзінің «шаш» ұғымының орнына қолданылуы арқылы да мәтін бөліктерінің мағыналық байланысы күшейген.

Бұл өлеңде шумақтар араларындағы байланыс эксплицитті түрде жүзеге асқан. Өлең мазмұны шумақтан шумаққа қарай жүйелі түрде баяндалған. Өлең шумақтарында жекелеген сөздер мен тіркестердің қайталануы арқылы да өлең мәтінінің мағыналық байланысы нығая түскен.

Өлең мәтінде оның құрылым-жүйесін түзуші барлық элементтердің рөлі анық көрінеді. Өз ретінде бұл элементтер өлең мәтінінің семантикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Өлеңнің бірінші шумағы мәтіннің кіріспесі секілді қызмет атқара отырып, кейінгі шумақтармен қалай байланысқа түскенін көрдік. Өлеңнің бастапқы және соңғы

шумақтарын біріктіретін қосымша мағынасы бар үшінші шумақтың орны ерекше. Төртінші шумақ – өлең мәтінінің мағыналық тұтастануының басты сатысы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: өлең мазмұнын дамытуға негіз болатын нақты заттың образы мен ұғымын қолдану өлең мәтінінде әртүрлі қызмет атқаруы мүмкін. Осыған байланысты өлең мәтінінің жеке бейнелері болады. Өлең мәтінінің тұтастығын, байланысты дамуын қамтамасыз етуде ондағы образдардың қызметі аса маңызды. Қарабайдай қатты адам образын өлең мәтініне енгізу дәстүрлі тақырыптың ашылуына мүмкіндік берді, шаш иісі дәстүрлі тақырыптың мүлдем басқа шешімінің құрылымдық (конструктивті) идеясына қызмет етеді.

Тағы да, міне, таң атты,
Тағы да, міне, күн шықты,
Тағы да тірлік басталды.
Күрделі мына дүние,
Ойлантты небір бастарды.

Біреулер алтын алмақ боп,
Атқарып жатыр тастарды,
Біреулер шарлап аспанды,
Біреулер күтіп достарды,
Біреулер аңдып қас-жауды,
Біреулер есік ашқан-ды.

Біреулер алыс барғалы,
Заттарын, әне, қамдады,
Тірліксіз жәндік қалмады,
Адам да, аң да, малдағы
Тынымсыз мына тірліктің,
Тынымсыз күнін жалғады.

М. Мақатаев

Жоғарыда келтірілген өлең мәтіні синтаксистік құрылысы жағынан үш қана күрделі сөйлемнен тұрады. Бірін-

ші шумақтың алғашқы үш жолы – үш жай сөйлем. Олар өзара ыңғайлас мәнді, бір ғана салалас құрмаласқа біріккен. Бірінші шумақтың «тағы» сөзі мен «да» шылауының қайталануы баяндаудың орналасу тәртібі өлең мәтінінің байланысуын күшейткен. Одан кейінгі екі жол және екінші шумақ бір ғана аралас құрмаластың құрамына енген.

Бірінші шумақтың соңғы екі жолы баяндауыш тұлғасы тиянақты түрде айтылған бір ғана жай сөйлем болғанымен, өзінен кейінгі шумақпен құрамындағы «небір бастарды» деген жалпылауыш мүшенің қызметі арқылы байланысып, аралас құрмалас сөйлем құрамына енген. Екінші шумақтың өлең жолдары толығымен өзара параллель құрылымға бірігіп, қатар болатын іс-әрекеттерді сипаттайды. Үшінші шумақтың өлең жолдары да өзара араласа байланысқан, бірінші жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз түрде айтылып, қалған үш жай сөйлемнің баяндауыштары өткен шақ формасында қолданылған. Бірдей жедел өткен шақ формасының өлең жолдарының соңында тұруы арқылы да шумақтың күрделі тұтастыққа бірігуі нығая түскен. Өлең мәтіні синтаксистік параллелизмдердің қатарлары арқылы байланысқан.

Талданып отырған өлең мәтіні мағыналық құрылымы жағынан үш бөліктен тұрады: бірінші шумақ – кіріспе; екінші шумақ пен үшінші шумақтың алғашқы екі жолы – негізгі мағыналық бөлік; кейінгі өлең жолдары – өлең мәтінінің қорытынды бөлігі. Өлең мәтіні небары үш қана шумақтан құралғандықтан, нақты семантикалық құрылым пайда болады. Оған өлең композициясының барлық мағыналық бөліктерінің өзара тікелей жақын байланысуы ықпал еткен.

Өлең мәтінінің бастапқы шумағы мен қорытынды бөлігінің арасындағы байланыс тек қана бір ғана шумақ арқылы, яғни екінші шумақ арқылы жүзеге асқан. Бірінші шумақтың соңғы жолындағы «небір бастар» деген жал-

пылауыш мәнді сөз тіркесі бірінші шумақты екінші шумақпен байланыстырушы аралық саты болып табылады.

Екінші шумақ толығымен «небір бастар» тіркесін талдап, санамалап айқындауға арналған. Өлең мәтінінің соңғы мағыналық-құрылымдық бөлігі – философиялық ой қорытындылаумен аяқталған.

Өлең мәтінінің ең маңызды қасиеті – оның образдарының үнемі үздіксіз қозғалыста болуы. Бұл құбылыстың мәні образдардың жай ғана ауысуында емес, терең семантикалық заңдылықтарға бағынған ауысудан тұрады. Жаңа образ бұрынғы ескі образдың ішінен туындап, басқа образдармен түйісіп, араласа отырып, өзінің қызмет жасайтын кеңістігін ашады. Поэтикалық композицияның мәні – біресе көтеріліп, біресе басылып жағалауды соққан толқын секілді оқырманға әсер етуінде. Өлең мәтіндерінде образдардың ауысуын «реңк» ұғымымен түсіндіруге болады. Ғалым Е.И. Диброва: «категория сюжетостроения, предназначенная для повторного соединения фрагментов событийности, скрепления единого хода движения повествования, обрамления частей мәтіна с относительной законченностью смысла, базирующаяся на лексика-семантическом повторе» деп реңкке сипаттама береді (Диброва 1998, 257). Реңк шығарманың құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етіп, өлең мәтінін бірыңғай семантикалық кеңістік ретінде ұйымдастырады. Көркем мәтіннің семантикалық қуаттылығын қамтамасыз ету арқылы ақынға оқырманмен интеллектуалдық-эстетикалық сұхбат жүргізуге жағдай туғызады.

Реңктік талдау мәтіндік қайталау мен оның қызметінің құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуын анықтауға мүмкіндік береді. Реңктің құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуы төрт өлшем бойынша анықталады:

- 1) реңктің басы мен соңы немесе реңктің полюстері;
- 2) реңк полюстерінің тілдік берілуі;

- а) екі құрамды (екі сөз, сөз тіркестері және т.б.);
- ә) көп құрамды (бірнеше сөз тіркестері, сөйлем және т.б.);
- 3) реңк полюстерінің бейнелену тәсілі (эксплицитті немесе имплицитті – эксплицитті бейнелеу);

4) реңктің семантикасы:

а) реңктің соңындағы семантикалық өсу – шығармада авторлық ойдың даму көрінісі;

ә) реңктің басы мен соңының синонимдік, антонимдік, тақырыптық және тағы басқа семантикалық байланыстарын шындық өмірдегі объектілердің байланыстары тудыратын ұғымдар мен белгіленуі немесе автордың экспресивті көңіл-күйінің ассоциациялары тудыратын ұғымдармен берілуі.

Өлең мәтіндерінде реңк көбіне әртүрлі қызмет атқарады:

1) авторлық ойды білдіріп, шығарма идеясын «дыбыстайды» (психофилологиялық фактор);

2) мәтіннің мазмұны мен құрылымында мәтін бөліктерінің композициялық-мағыналық байланыстарын көрсету арқылы көркем шығармада мағынаның өсуін туғызады және сюжеттің дамуын көрсетеді;

3) шығарма мазмұнынан ажырамайтын көркемдегіш тәсілдердің жиынтығында бірге қайнаған шығарма элементтері жүйесінің бірлігін түзеді.

Өлең мәтіндерін талдаудың нәтижесінде реңктің екі типі ерекшеленеді:

а) мәтіндік реңк – бір мәтіннің ішіндегі мағыналық бөліктерін біріктіру идеясын жүзеге асырушы реңк;

ә) мәтінаралық реңк – екі мәтіннің, циклдің кітаптың, ақынның бүкіл шығармашылығының мағыналық бөліктерін ұйымдастыру идеясын жүзеге асырушы реңк;

Мәтіндік реңктің мынадай түрлері кездеседі:

а) сақиналы реңк – мәтіннің басы мен соңының бірдей қайталануы;

ә) серіппелі реңк – мәтін идеясының – ортақ өзектің болуы арқылы әртүрлі мағыналық кеңістікте дамуы;

б) жан-жаққа шашыраған реңк – мәтіннің басынан соңына қарай немесе керісінше соңынан басына қарай мағынаның дөңгелене жылжуымен сипатталып қана қоймайды, оған қоса шумақтың ішінде мағынаның жан-жаққа не бір жаққа дөңгелене қозғалуымен сипатталады.

М. Мақатаевтың «Сыр» өлеңіне жасалған реңктік талдау:

Күрсініп көкірегім, жылайды ішім,
Өсем бе, өшемін бе құдай білсін.
Қанды дағын жүректің қалдырайын,
Қаласа біреу-міреу сұрай жүрсін.

Көрсін де жүрегімнің аққан қанын,
Ақ қағазда жол-жол боп жатқан дағын,
Байқап бір қарасын да іздегендер,
Жаудырсын мақтауларын, даттауларын.

Еркелеп мен өмірді кешіп жүрем,
Шаттығым, мұңым да бар,
Несін бүгем.
Кей-кейде сүріндім де, түнілдім де,
Алайда жоғалтпадым есімді мен.

Жақпадым жауыздықпен аққа қара,
Жатсынып жапқаным жоқ жатқа нала.
Гаваньға құлап түскен ақ шағала –
Жырымды тірілтем деп әурелендім,
Мастанбай ақын деген атқа ғана.
О, Муза!
Тағдырыма иемісің?!
Күрсініп көкірегім, күйеді ішім.
Мен сені жаңартам деп келгенім жоқ,
Сен мені жаралғансың сүйеу үшін.

№ 1 реңк

1. Реңктің басы мен соңы – «Күрсініп көкірегім, жылайды ішім» (1-шумақ, 1-жол) және «Күрсініп көкірегім, күйеді ішім» (5-шумақ, 3-жол).

2. Реңктің басы мен соңының (полюстерінің) тілдік берілуі – көп құрамды реңк.

3. Реңк полюстерінің бейнелену тәсілі – эксплициттік реңк;
4. Реңктің семантикасы – өлеңнің басталуындағы ақын көңіл-күйі өлең соңында нақтыланады.
5. Сақиналы реңк бірінші шумақ пен бесінші шумақ арасындағы композициялық-мағыналық байланысты көрсетеді.

№ 2 реңк

1. Реңктің басы мен соңы (полюстері) – «қанды дағын» (1-шумақ, 3-жол), «қанын» (2-шумақ, 1-жол) және «дағын» (2-шумақ, 2-жол).
2. Реңк полюстерінің тілдік берілуі – көп құрамды реңк.
3. Реңк полюстерінің бейнелену тәсілі – имплицитті – эксплициттік реңк.
4. Реңктің семантикасы – семантикалық тұрғыдан өскен. Реңк, «дағын» және «қанын» деген реңктің соңғы полюстері бастапқы полюсті (қанды дағын) анықтап нақтылап тұр.
5. Сақиналы реңк – мағынаны ашып, сөздің құрылымдық элементтерін анықтауға ықпал етеді.

№ 3 реңк

1. Реңктің басы мен соңы (полюстері) – реңктің 1-орыны – «қанды дағын» (1-шумақ, 3-жол), реңктің 2-орыны – «ақ шағала» (4-шумақ, 3-жол), реңктің 3-орыны – «жырымды» (4-шумақ, 4-жол), реңктің 4-орыны – «ақын» (4-шумақ, 5-жол), реңктің 5-орыны – «О, Муза» (5-шумақ, 1-жол).
2. Реңк полюстерінің тілдік берілуі – көп құрамды реңк;
3. Реңк полюстерінің бейнелену тәсілі – имплицитті – эксплициттік реңк.
4. Реңктің семантикасы – семантикалық жағынан өскен реңк, реңк полюстері мәтін элементтерінің арасындағы қатынастарды жандандырып байланыстырады.
5. Серіппелі реңк – ортақ элементтің (қанды дақ – ақ шағала – жыр) болуы арқылы мәтін желісі әртүрлі мағыналық кеңістікте дамиды:
 - а) 1-серіппелі реңк: (қанды дақ – ақ шағала – жыр) – ақын;
 - ә) 2-серіппелі реңк: (қанды дақ – ақ шағала – жыр) – Муза.

№ 4 реңк

1. Реңктің басы мен соңы – «біреу-міреу» (1-шумақ, 4-жол), «ізденістер» (2-шумақ, 3-жол).

2. Реңк полюстерінің тілдік берілуі – екі құрамды әртүрлі сөз табынан тұрады.

3. Реңк полюстерінің бейнелену тәсілі – эксплициттік реңк;

4. Реңктің семантикасы – семантикалық жағынан реңкді өсіріп нақтылайды.

5. Сақиналы реңк – ақын идеясын ашады: ақын поэтикалық көркем дүниені – семантикалық жағынан бір-біріне тәуелді элементтердің бірлігін – жан-жаққа ыдыратып жібереді.

Өлең мәтінінің соңғы шумағы ақын идеясының қорытынды ойы болғандықтан, өлеңнің атауымы («Сыр») аста-сып, байланысып жатыр. Осы үндестікті тудырып отырған «Муза» сөзі – өнердің қамқоршысы, ақын оған сырын, мұңын айтып, Музадан өзіне сүйеу болуды өтінеді.

№ 5 реңк

1. Реңктің басы мен соңы – реңктің бірінші орыны «Сыр» (өлеңнің атауы), реңктің екінші орыны «Муза» сөзі (5-шумақ, 1-жол).

2. Реңк полюстерінің тілдік берілуі – екі құрамды бір сөзді реңк.

3. Реңк полюстерінің бейнелену тәсілі – эксплициттік реңк.

4. Реңк семантикасы – семантикалық жағынан өсіп, мағыналық байланысқа түседі.

5. Сақиналы реңк – автордың түпкі ойының айқындалуына әсер етеді.

Сонымен, жоғарыдағы реңктік талдаулардан байқалғандай, реңк – мәтіннің композициялық-мазмұндық категориясы. Реңк сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді, шумақтарды лексика-семантикалық тұрғыдан қайталауларға негізделеді. Шығарма идеясын баяндау мен дамыту процесі барысында ол жаңа мағынаға ие болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, өлең мәтінінде мағыналық материалдың белгілі бір тәртіппен, жүйелі орналасу реті автор ой-өрісінің дамуымен алдын ала анықталады. Ақын өз ойының қозғалысын, оның дамуын белгілі жүйе арнасындағы процесс күйінде беруді мақсат еткен. Өлең мәтінінің семантикасын дамытудың қажеттілігі мағыналық құрылымның жоғарыда көрсетілген элементтерін енгізуді талап еткен. Өлең мәтінінде бұл элементтер семантикалық жағынан бір-біріне өзара тәуелді және олардың орнын ауыстыруға болмайды. Олардың орны ауысқан жағдайда өлең мәтінінің семантикалық тұтастығы, мағыналық әрі көркемдік әсерлігі жойылады. Өлең мәтінінің бастапқы шумағы өлеңнің образдар жүйесін құрудың бастапқы сатысы болып, негізгі ұғымды беруі мүмкін. Нақты өлең мәтінінде негізгі ұғымды пайдалану жолдары әр түрлі, бірақ қалай болған жағдайда да негізгі ұғым семантикалық түйіннің қызметін атқарады. Өлең мәтінінде бұл түйін өзара тәуелді образдардың сала-сала болып тармақтала дамыған жүйелерін өзара байланыстырады. Өлең мәтінінде негізгі ұғым жеке немесе өзіне қарама-қарсы, бірақ өзектес, желілес басқа бір ұғыммен шектес берілуі мүмкін. Соңдықтан өлең мәтінінің семантикалық құрылымы кейде қарама-қарсы екі ұғымның өзара мағыналық және құрылымдық байланыстылығына негізделеді.

Сөздің негізгі семантикалық сипаттамасы өлең мәтінінің мағыналық құрылымының бірлігі болып табылады. Тілдік бірлік-сөз автордың туындысы ретінде бір жағынан жеке субъективті, екінші жағынан тілдік туынды болғандықтан, өлең мәтінінде жаңа сатыға көтеріліп, жалпы ұлттық мәдени құбылысқа айналуы мүмкін. (Мысалы, Абайдың болысы, Ғ. Мүсіреповтің Ұлпаны, т.б.) Көркем сөз шығарма ішінде туындайтындықтан да, ол – конмәтіндік бірлік, мәтін аясында ғана қабылданып ұғынылады. Кейде ол өзін тудырған конмәтіннің шекарасынан семантикалық жағынан

асып түсіп, тұтас мәтіннің мазмұнына қазық болатын негізгі ұғымға айналып, мәтінде байланыстырушылық қызмет атқаруы мүмкін.

Көркем сөз өзін тудырушы авторға, оқырманға, бейнелеп отырған өмір шындығына, тілдік жүйе мен мәтінге қатынасы тұрғысынан оның семантикасы субъективті, жеке-дара болумен қатар әрі жалпылама. Осындай қарама-қайшылықты қасиет көркем тілдің жалпылама белгілеріне жатады, себебі нақты образдар арқылы жалпылықты сезіну – көркем сөздің өзіндік абстракциясының қажетті элементі.

Тілдік бірлік ретінде сөзге тән барлық семантикалық белгілер көркем сөзде диалектикалық бірлікте өлең мәтінінің барлық компоненттерінің қатынасуымен әртүрлі лингвистикалық байланыстарының күрделі жүйесімен анықталады.

Поэтикалық сөздің семантикасы өлең мәтінінде өмір сүргендіктен, шығарманың образдық құрылымына еніп, бағынышты сипатқа ие болады. Көркем сөз белгілі бір дәрежеде бір жағынан, тәуелді әрі жалпылама бола тұра, екінші жағынан, мәтінде поэтикалық сөзді әртүрлі тәсілмен ерекшелеудің нәтижесінде оның мәні «өсіп», мәтінде айналасына өзіндік мағына шашып, оларды өзіне бағындырып, кейде мәтіннің жалпы семантикасынан асып түсіп жатуы да мүмкін.

Сонымен қатар өлең мәтіндері тек қана бір немесе бірнеше ұғымдарға негізделген образдарды жасауға құрылмаған. Авторлардың шығармашылық міндеті – өлеңнің мағыналық мазмұнын дамытуға негіз болатын лирикалық кейіпкердің іс-әрекетін өлең мәтінінің мағыналық-құрылымдық үлгілері арқылы жүзеге асыру. Сол себепті де әрбір өлең мәтінінде бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар тобы жинақталып, олар өз кезегінде бейнелерді қалыптастырады. Өлең мәтінінің семантикалық-құрылымдық тұтастығының толықтығы ондағы бір-біріне ұқсас немесе жақын немесе қарама-қарсы ұғымдардың арасындағы байланыстың молдығынан көрінеді. Бұл ұғымдар ақыр соңында өлең

мәтінінде басқа ұғымға немесе ұғымдар тобына ұласады немесе қарама-қарсы қойылады. Мұндай өлең мәтіндерінің семантикалық бірлігін, жоғарыда талданған өлең мәтіндерінен байқалғандай, оның композициялық тұтастығы қамтамасыз етеді. Өлең мәтінінің семантикалық бірлігі мен тұтастығын арттыруға қызмет ететін мағыналық-құрылымдық байланыстардың басқа түрлері оның семантикалық тұрғыда тұтасуының қосымша тәсілдері болып табылады. Бұлар композицияның құрылымдық бірліктерінің мағыналық өзгеруінде маңызды рөл атқарады. Өлең мәтінінің семантикалық байланысын қамтамасыз ететін қосымша әдістердің (негізгі ұғым, бір-біріне қарама-қарсы ия сәйкес екі ұғым немесе үш ұғым) болуы да, болмауы да мүмкін. Ал жоғарыда талданған өлең мәтіндерінің семантикалық-композициялық жүйесі ондағы мағыналық материалдың орналасуының алдын ала ескерілген тиісті тәртібіне сай түзілген. Бұл тәртіп мәтіннің семантикалық тұтастығын қамтамасыз етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бүкіл өлең мәтінінің семантикалық құрылымын дамытуда бастапқы шумақтың рөлін сипаттаңыз. (Бір ғана тірек ұғым арқылы даму)
2. Мәтіндік синонимдер қатарының түзілуін мысалдармен дәлелденізі.
3. Өлең мәтінінің құрылымдық тұтастығы мен логикалық жүйелілігінің қалыптасуына мысал келтіріңіз.
4. Таңдау бойынша өлең мәтініне реңктік талдау жасаңыз.
5. Ф. Оңғарсынованың «Арман деген елесті қуып келем» өлеңінің семантикалық құрылымы мен тұтастығын сипаттаңыз.
6. Жоғарыдағы өлең мәтініндегі негізгі семантикалық тірек ұғымды көрсетіңіз.

Әдебиет:

1. Болотнова Н.С. Филологический анализ текста. – Томск, 2009.
2. Кухаренко В.А. Семантическая структура ключевых и тематических слов целого художественного текста // Лексическое значение в системе языка и в тексте. – Волгоград: ВГУ, 1985.
3. Лотман Ю.М. Текст как динамическая система // Структура текста. – М.: Наука, 1981. – С. 104–111.

V. КӨРКЕМ ПРОЗАЛЫҚ МӘТІННІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мәтіннің модальділігі ұғымының тіл білімінде пайда болғанына көп бола қойған жоқ. Осы мәселе орыс ғалымдары Г.Л. Солганик пен З.Я. Тураеваның және т.б. мақалаларында қарастырылған. Мәтіннің осы категориясының лингвистика үшін маңызы үлкен. Шын мәнінде бұл категория мәтіннің семантикасын құру мен сөйлеу құрылысының негізіне жатады. Әр түрлі қызметтегі стильдерді жасап, олардың әрқайсысының баяндау сипатын анықтайды.

Мәтіннің модальділігі онымен тығыз байланысты субъективті модальділіктің негізінде қалыптасады. Субъективті модальділікте сөйлеушінің айтылым мазмұнына қатынасы көрінеді және субъективті модальділік сөйлеудің маңызды қасиеттерінің бірі – антропоцентристіліктің грамматикалық көрінуі ретінде анықталады.

Тілде субъективті модальділік мәтіндерінің көптеген тәсілдері бойынша бейнеленеді. Әдетте бұған интонацияны, сөз тәртібін, арнайы құрылымдарды, қайталауларды, шылауларды, одағайларды,

қыстырмаларды жатқызады. Субъективті модальділік жалпылама тізіммен беріледі. Сонымен қатар олар белгілі бір жүйені құрап, осылардың ортасында әдетте ашық көріне бермейтін «мен» есімдігі тұрады. Мәнмәтіннен тыс субъективті модальділік, ол, шындығында, ешбір мәнге ие болмайды, бірақ айтылымда, мәтінде (сөйлеуде) ғана ол субъективті модальділіктің орталығы болып табылады. «Мен» есімдігі сөйлеушіні тура және тікелей атаса, ал субъективті модальділікті білдіретін басқа барлық тәсілдер (қыстырмалар және т.б.) сөйлеушінің қатысын жанама түрде білдіреді. Субъективті модальділіктің басқа барлық тәсілдері мәтінде (сөйлеуде) «менді» анықтауға қызмет етіп, оған бағынып, онымен байланысады. Мысалы, қыстырма сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдердің субъективті модальділік мәнге ие болуының себебі олар сөйлеушінің айтылым мазмұнына қатынасын көрсетеді. Одағайлар арқылы сөйлеушінің айтылымға тікелей әсері сипатталады. Сонымен, «мен» – субъективті модальділік өрісінің жинақталатын орталығы. Айтылымда (мәтінде) «меннің» көрінуі субъективті модальділіктің жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Мысалы: «...Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлы таудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі ...Мәңгі мұңлы шермен үзіліп-үзіліп соққан желмен бірге жүректі ақырын-ақырын шымшығандай еді. Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды». Соңғы сөйлемде «әнші жігіттің» пайда болуы баяндаудың модальділігін бірден өзгертеді: объективті сипаттау субъективтіге ауысады. Алдыңғы сөйлемдердегі суреттеу әнші жігіттің көзқарасы тұрғысынан қабылданады.

Осы арада атап өтетеін жағдай, мәтін модальділігінің басты тәсілдері – «мен» және онымен қатар тұратын есімдіктер (сен, ол). Есімдіктер тілден сөйлеуге (мәтінге) ауысқанда, яғни сөйлеушіні бейтарап белгілеуден мәтінде сөй-

леушінің оған қатынасын көрсететін белгіге айналады. Мәнмәтінге стиль мен жанрға қатысты сөйлеуге (мәтінге) субъективті модальділіктің әртүрлі мәндерін енгізеді. Мәтін семантикасында мәтіннің басты, маңызды қасиеттері жіктеу есімдіктерімен байланысты. Сөйлеу типтерінің қалыптасу негізінде де есімдіктердің жататынына кездейсоқ құбылыс емес.

Мәтінде «мен» құрылымының күрделену үдерісі жүреді. Оның (мен) тілден сөйлеуге (мәтінге) ауысуы жай, қарапайым түрде болмайды, ол ауысу күрделене түседі. Тілден мәтінге ауысқан сөйлеушінің «менімен» мәтіннің айтушысы кейде екеуі бір-бірімен дәл келуі де мүмкін немесе дәл келмеуі де мүмкін. Бұл арада біз мәтінде өтетін үдерістерді көреміз.

Сонымен, «мен» есімдігі өзінің субъективті-модальділік қасиеттерін тек қана айтылымда, мәтінде анық көрсетеді. Субъективті модальділіктің басқа тәсілдері тіл мен сөйлеуде қатар қолданылатыны байқалады. Басқаша айтсақ, сөйлеуде олар дайын субъективті модальділіктің тәсілі ретінде пайдаланылады. Осыған байланысты субъективті модальділіктің тәсілдерін (ішкі модальді) және мәтіндік (сыртқы модальді) деп ара жігін ажырату орынды болып табылады. Біріншіге айтылым деңгейінде байқалатын қазақ тілі грамматикасында аталған барлық субъективті модальділіктің тәсілдері жатады. Сонымен қатар біріншіге (тілдікке), маңызды тәсілдердің бірі – синтаксистік құрылымдардың субъективті модальділік мәндерін де жатқызуға болады.

Сөйлемнің кез келген синтаксистік құрылымы жағдайды жалпылай сипаттаумен қатар сөйлеушінің сипаттап отырған жағдайға ұстанымы (көзқарасы) көрсетіледі. Әдетте, сөйлемде іс-әрекет, субъекті көрініп, сөйлеушімен міндетті түрде арақатынасқа түседі. Осы арақатынас субъективті-модальділік мәнінің негізі болып табылады.

Мысалы, ең қарапайым «Оқушы сурет салды» деген сөйлемде сөйлеуші көрінбейді, бірақ оның бар екені байқалады.

«Оқушы сурет салды» сөйлемін «Менің байқауымша, мен көргенде және т.б.» сөйлемдерден толықтыруға болатын секілді. Бұл арада сөйлеушінің ұстанымы – сырттай, бақылаушының ұстанымы. Осы сөйлемдердің модальділік мәні – сөйлеуші жағдайды сырттай сипаттап отыр. Басқаша айтсақ, сөйлеуші жағдайды өзінің қатынасынсыз, оның ішіне араласуынсыз суреттеген. Бұл – жағдайды әдейі объективті бейнелеу болып табылады. Синтаксистік форма бейнелеудің объективтілігін көрсетеді, бірақ нөлдік дәрежеге жеткен субъективті көзқарасты толық жоққа шығармайды.

Кез келген құрылымдағы сөйлемдердің бәріне субъективті модальділік мән тән болады. Сөйлеудің әртүрлі мән-мәтінінде типтік формаға айналады. Әрбір айтылымға тән ортақ белгі – оның сөйлеушіге тән екендігінде, демек, сөйлеушінің айтылым мазмұнына белгілі бір қатынасы да көрсетіледі. Бұл қатынас (сенімділік, күмәнділік, өкіну, әртүрлі көңіл-күй және т.б.) синтаксистік құрылымның өзінен туындайды.

Әртүрлі тілдік субъективті модальділік мән сөйлеуде ғана толық жүзеге асады. Бұл жағдайда мәтіндік (сыртқы модальді) тәсілдер басты рөл атқарады да, ал тілдік субъективті модальділік тәсілдер олармен өзара тығыз байланысқа түседі.

Мәтіндік модальділікті жасаушы басты тәсілдерге – сөйлеуді тудырушы (сөйлеуші) категория жатады. Бұл – табиғи нәрсе, онсыз сөйлеу мүмкін емес. Бірақ «сөйлеуші – сөйлеу» қатынасы күрделі. Сөйлеуші көп қырлы және көп жағдайда сөйлеуде ол ашық, тікелей көріне бермейді. Сөйлеу мен сөйлеушінің арасында бөлек болып, сөйлеудің субъекті көрінеді. «Мен жазамын. Сен жазасың. Ол жазады».

Осы үш сөйлемнің барлығында сөйлеуді тудырушы біреу ғана болуы мүмкін. Бірақ бірінші жағдайда сөйлеуді тудырушы мен субъект бір-біріне дәл келіп тұр. Сөйлеуді тудырушы өзі туралы айтып тұр (Бұл оның өзінің сөйлеуі).

Сөйлеу мен оны тудырушы арасында ешқандай айырмашылық жоқ, екеуі бір-біріне дәл келіп тұр. Екінші сөйлемде сөйлеудің субъекті болып, сөйлеуші (сөйлемді тудырушы) «сен» деп атап тұрған есімдік көрінеді. Сөйлеуді тудырушы өзінің сөйлеуінен біршама сырт тұрады (екеуінің арасында біршама сына пайда болады). Сөйлеуді тудырушы (сөйлеуші) мен субъект бір-бірімен дәл келмейді. Бірақ олардың арасындағы байланыс «мен» және «сен» өзара тығыз сәйкес келеді. Үшінші сөйлемде сөйлеуші өзінің субъектіне және сөйлеуге қатынасынан алшақтаған. Сөйлеуші мен оның субъекті арасындағы тікелей байланыс жоқ. «Ол» кез келген зат, адам және т.б. болуы мүмкін. Бұл заттар сөйлеушінің түсінуіне, білуіне, көзқарасына және т.б. байланысты экстралингвистикалық тұрғыдан анықталады. Осы арада сөйлеушінің өзінің сөйлеуінен алшақтауы жүзеге асады. Бірақ сөйлеуші өзін сөйлеуде көрсетпейді, ал оның бар екендігін болжауға болады.

Сөйлеудің субъекті негізінде қалыптасатын сөйлеу типтері (мен, сен, ол есімдіктер) тұтастай алғанда жоғарыдағы мәндерді білдіреді. Бұған қоса модальділіктің ең жоғарғысы бірінші типімен (мен), модальділіктің одан кейінгісі екінші типі (мен, сен) және ең соңғысы үшінші типімен (ол) байланысты. Субъективті модальділік мәнінің негізі сөйлеуші мен оның субъектінің арақатынасы болып табылады.

Мәтін модальділігін екінші құрушы сөйлеушінің шындыққа, дүниеге қатынасынан байқалады. Сөйлеуші өзінің сезімі мен ойларын жүзеге асыру барысында оларды шындық болмыспен арақатыстырады және хабарлап отырғанға өзінің қатынасын көрсетеді. Тілде бұл қатынастарды жүзеге асырудың тәсілдері ретінде субъективті модальділік пен етістіктің райлары қолданылады. Мәтінде бұл тәсілдерді модальділігі сөйлеушінің мәтінге және шынды болмысқа қатынасын сипаттайды. Бұл – кез келген мәтіннің міндетті сапалық көрсеткіші. Әрбір мәтінде

бұл қатынастар сақталып, оның сипатын, мәнін, сапасын анықтайды. Мысалы, лирикалық өлең мен газет мақаласын, дипломатиялық нота мен новелланы салыстырсақ, сөйлеуші өзін дүние мен мәтінге белгілі бір қатынаста қояды (әрбір осыған ұқсас жағдайда). Мәтіннің модальділігі сөйлеушінің шындық болмыс пен сөйлеуге қатынасынан (бұйрығынан, күмәнінен, өтінішінен және т.б.) көрінеді.

Бірақ сөйлеушінің шындық болмысқа қатынасы тура және тікелей байқалмайды. Ол үнемі сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеуші оқиғаға қатысушы, зерттеуші және т.б. болуы мүмкін. Сөйлеушінің дүниеге ұстанымдарын жалпы қорытындылайтын болсақ, онда бұл арада кем дегенде, үш қатынастың болатынын аңғаруға болады: 1) объективті (сөйлеуші шындық болмысты сырттай бақылаушы); 2) субъективті (сөйлеуші дүниеде болған оқиғалардың тікелей қатынасшысы); 3) субъективті – объективті (аралас).

Бұл қатынастар мәтінде қалай жүзеге асады?

Әрине, мәтін модальділігін бірінші құрушы арқылы (сөйлеушінің сөйлеуге қатынасы) анықталады. Сөйлеуші мен оның субъектінің дәл келмеуі (ол жазды) сөйлеуге қатынасын ғана сипаттап қоймайды (төменгі субъективті модальділік), сонымен қатар шындық болмысқа объективті модальділікті қалыптастырады (сөйлеу (мәтін) соған сәйкес объективті). Сөйлеу мен оның субъектінің дәл келуі (Мен жаздым) шындық болмысқа субъективті қатынасты қалыптастырады да соған сәйкес сөйлеудің субъективті қатынасы қалыптасады. Шындық болмысқа субъективті-объективті қатынас сөйлеуші мен мәтіннің субъекті арасындағы қатынастар арқылы да қалыптасып, ерекше қасиетке ие болады.

Сонымен, мәтіннің модальділігінің екі құрамы байқалады, шындық болмысқа сөйлеушінің қатынасы және сөйлеушінің өзінің сөзіне қатынасы, басқаша айтсақ, сөйлеуші мен мәтін субъектінің арақатынасы. Мәтін модальділігін

құрушы категорияның осы екі сипаттамасы өзара байланысты, сөйлеуші мен мәтін субъектінің арақатынасы функционалдық стиль мен жанрға тәуелді болады. Мәтіндердің көп түрлі болуы да сөйлеудің жоғарыда аталған екі сипаттамасына қатысты. Мәтіндер типологиясының ең ыңғайлы түрлері ретінде көрінетін функционалдық стильдері де, осылар арқылы анық жіктеледі.

Әрбір мәтінде байланыс сипатын, ойдың дамуын бейнелейтін семантикалық-синтаксистік құрылымдардың болуымен қатар сөйлеушінің шындық болмыс пен сөйлеуге, оның мазмұнына қатынасын көрсететіндіктен мәтін модальділік құрылымға ие болады. Семантикалық-синтаксистік құрылымына қатынасы тұрғысынан мәтін модальділігі оның сөйлеу формасы ретінде көрінеді. Бұл – айтылымның арнайы сөйлеу формасы, мәтіннің синтаксистік-семантикалық формасы. Ол мәтін құруда сөйлемдердің араларындағы байланысты орнатушы тәсілдер секілді маңызды рөл атқарады, себебі мәтін өзінің модальділігінің заңдары бойынша құрылады. Мәтіннің құрылу барысында айтылымның модальділік мәндерінің өзара келісімі жүреді.

Сондықтан да мәтін модальділігі – мәтіннің маңызды категориясы, ол мәтіннің семантикалық негізін құрайды. Мәтін модальділігі сөйлеушінің шындық болмысқа қатынасын анықтап, баяндаудың белгілі бір арнада сипатталуына бағыт береді.

Көркем шығарманың семантикалық кеңістігі – авторлық ұстанымның, мақсаттың және түпкі ойдың шығарманың тұтас мәтінде бейнеленуі. Мәтіндік мағына – психофилологиялық категория, мұны автор мәтін арқылы жүзеге асыруға тырысады және өзінің рухани жан дүниесінен өткізіп, объективті дүниені объективті-субъективті баяндайды. Мәтіннің мағыналық кеңістігі өзінің кең мағынасында авторлық интерпретацияның мәнмәтінде материалдануы болып табылады.

Когнитивтік – қатысымдық хабарлаудан мағыналар туындайды, себебі сөйлесу сөйлеу кезінде «меннің» мақсаттары жүзеге асады.

Мәтінді жүйелілік тұрғысынан зерттеу талдаудың дәстүрлі аналитикалық әдістеріне сүйенеді. Онда мәтінді филологиялық құбылыс ретінде қалыптастырушы ішкі сыңарлары зерттеледі. Әдеби шығарма – өзінің тегі, түрі, жанры және әлеуметтік мәдени даму заңдылықтары бойынша реттелген көркем мәтін. Филологиялық талдауда мәтіннің әдеби және тілдік сыңарлары кешенді қарастырылады.

Мәтін құрылымын бөлшектеу мазмұндық-тақырыптық мүшелеумен тығыз байланысты. Мазмұнның тақырыптық негізі автордың тұтас дүниені шындық болмысқа біршама жақындатып көркем бейнелеуінен туындайды. Тақырып мәтінде бейнеленетін шындық болмыс оқиғаларының, фактілерінің, жағдайларының, кейіпкерлерінің, табиғат суреттемелерінің және т.б. мазмұнын ашады. Бейнелеу объекті ретінде шығарманың тақырыбы мен мазмұны осы объектіні құрастырушы барлық бөліктері, оның қасиеттері, ішкі үрдістері, сипаттамалары, байланыстары, қайшылықтары мен бағыттарының бірлігімен суреттеледі. Шығарма мазмұнының құрылымдық және материалдық сипатқа ие болуы оның үш дүние кеңістігінде (графикалық, референттік және семантикалық) сюжеттік-тақырыптық дамуымен анықталады. Шығарма мазмұнының орналасуы жоғарыдан төменге қарай тұрақталады: шығарманың ортақ тақырыбы, тараудың тақырыбы, бөлімнің тақырыбы, абзацтың немесе бірнеше абзацтың тақырыбы. Мазмұнның берілу әдісі үш тәртіпте сипатталады: баяндау, суреттеу және пікір айту. Әрбір ереже тәртібі мәтіннің жасалу уақытының әлеуметтік-мәдени ерекшелігіне сәйкес беретін ақпарат типі болады; басқаша айтқанда, уақыт пен ақпараттың өзара тәуелділігі жүзеге асады. Сыртқы дүниеден алынған ақпарат мазмұнды қайтадан берудің, сақтаудың пайдаланудың түрі ретінде хабарлаудың құры-

лымы мен мазмұнын қайтадан жаңғыртады. Ақпарат дегеніміз ырғағы, ұзақтығы, қайталануы, бағытталуы, қорытындылауы және т.б. арқылы ұйымдастырылу өлшемі және оларға адам сезімдерінің ыңғайлануы болып табылады. Мәтіннің ақпараттық тәртіптері (баяндау, суреттеу, пікір айту) оның бейнелеу қабілеттілігімен байланысты: баяндау дегеніміз – ырғақтар, белгілі бір оқиғалар, жағдайлардың (фактілердің) қайталануы, бағытталуы және т.б.; суреттеу дегеніміз – ырғақтар, мәліметтердің сипатталуы, оқиғалар, жағдайлардың (фактілердің) санамаланып тізімделуі және т.б.; пікір айту, ақылға салу дегеніміз ырғақтар, оқиға, факті, жағдайлардың нәтижелерін талқылау және т.б.

Шығарма тұтастығы өзінің ақпараттық-мазмұндық көрінуінде үнемі «саңылауларға» бөлінеді. Тілдік ойлаудың ішкі себептеріне байланысты мәтіннің кішкентай бөліктерден құралуы мазмұндық бөлшектенуге әкеледі. Бұл сыртқы бөлшектену ойша және графикалық тұрғыдан рәсімделеді. Мәтіннің мағыналық бөліктері белгілі бір құбылыс, оқиға, факті үшін ерекше тән мағыналық байланыстарға да типтік болып есептелетін жағдайларды болжаумен толықтырылады. Қатысымның табиғаты жеткізілген ақпаратты қайта өңдеуді қамтамасыз етеді және оны мазмұндаудың нақтылығы мен толықтығын реттейді. Қатысым үрдісі қатысымның күшеюіне әсер етеді: «сыңарлардың» мөлшері ойдың ішкі дамуымен, бір ойдан екіншісіне өтуімен анықталады. Мәтін сыңарлары бөліктерінің арасындағы түйісулер ешқандай дайын үлгілермен бірыңғайланбайды: автордың ойлауы аралық операциялардың жүйелілігі мен қысқаруларын анықтайды, себебі автор секілді оқырман да оларды ойша толықтырады немесе аттап өтеді деп алдын ала болжайды. Мәтіннің семантикалық композициясы мәтіннің түрі мен тегіне, жанрына, жазушының стильдік ерекшелігіне алдын ала тәуелді болғандықтан, прозаның құрылымдық-семантикалық бөлшектеуінің жалпы заңдылықтарымен

сипатталады. Прозалық ойды баяндауда мүшелеудің негізіне психофилологиялық факторлар алынады: кванттілік – мәтін мазмұнын жеке-жеке мағыналардың жүйесі ретінде көрсету; дискреттілік мәтіннің жүйелі тізбегінің үзілуі түрінде көрсету; мағыналық «саңылаулар» мәтін компрессиясының көрсеткіші болып табылады. Бұл факторлар мәтін құрушылық және мәтін графикалық көрсеткіштері – абзац, тарау, бөлім және т.б. оның мазмұнының үзілуі/үзілмеуі арқылы ойдың дамуын интуициямен саналы/санасыз түрде жазбаша сипаттау әдісі ретінде көрсетеді.

Графикалық кеңістіктің құрылымдық-мазмұндық ең кішкене бірлігі абзац болып табылады. Абзац ерекше тыныс белгісі ретінде бүкіл мәтіннің мазмұнына қатысты, бірақ абзацтың шағын тақырыбы болады, бұл шағын тақырыптан шығарманың бүкіл мәтін тақырыбының белгілері көрінеді. Абзац шағын тақырыпты рәсімдейді және алдыңғысының аяқталғандығы жөнінде белгі береді; ол алдыңғысын тереңдетеді және ойдың жаңа бағытын ашады. Абзац – мәтіннің авторлық ең кіші сыңары, абзац – құрылымдық-мазмұндық, композициялық және экспрессивтік-ерекшелік мәнге ие. Абзацтың мәтіннің басқа абзацтарының мазмұнымен арақатынасы ол басқаларының хабарлағандарын жеткізбейді.

Абзац – автордың стилистикалық-мазмұндық құрылымы. Құрылудың жалпы прозалық ерекшеліктеріне ие болған абзац авторлық ұстанымның көркем баяндауының ішкі ұйымдасуын бейнелейді: абзац көркем сөз иесінің жазу ерекшелігіне байланысты.

Композит – мәтіннің шағын құрылымдық-мазмұндық бірілігі: шартты түрде мазмұн құрылымының аяқталғандығы мен автономділігіне ие болады. Композит – мәтінді мүшелеудің ең төменгі сыңары. Өзінің мазмұны жағынан композит мәтіннің рамалық құрылымына; кейіпкерді, табиғатты сипаттауға; сюжет бөлігінің қозғалысына және т.б.

сәйкес келеді. Графикалық кеңістік бойынша композит бір абзацқа кейде бірнеше абзацқа, кейде абзацтың бөлігіне дәл келуі мүмкін. Терминологиялық тұрғыдан композит көркем творчествоның түрі ретінде шығарма мағынасындағы композиция ұғымына қатысты анықталады. Композит осы жағынан мәтін құрамындағы шағын шығарма деп қарастырылады.

Мәтінді композиттік бөлу шығарма мәтінін мына тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді: а) тараудың, бөлімнің бөліктері және тұтас шығарманың, шығарма бөліктері мазмұндары бойынша біріктірілген шағын және ансамбльдік үзінділер; ә) шығарманың құрылымдық-мазмұндық көлеміне кіретін шағын хабарлаулар жиынтығы; б) тілдік хабарлау түрінде, мұнда ой гипер – гипонимиялық; композиттердің біреуі ансамбльде – гипероним, басқалары – оның гипонимдері; в) ішкі және тараулық тәуелділікке ие баяндау ретінде; г) байланыстардың психологиялық негізделуі – ой даму арқылы бұрын мазмұндалғанға қайта оралу.

Композиттің үш өлшемі бар: құрылымдық, лексика-семантикалық және грамматикалық. Құрылымдық өлшемдерге мыналар жатады: 1) шығарманың басты үлкен тақырыбын тақырыпқа және композиттер ансамбліндегі тақырыпқа және композиттер ансамбліндегі тақырыпшаларға бөлу; 2) рамалық құрылым – мәтіннің кез келген мүшесін кез келген мүшесін жиектеуден көрінетін көркем преамбула мен көркем резюме: композит бөлігі, композит, композиттер ансамблі және т.б. Көркем мәтіндерде композит шекараларының құрылымдық жылжуы мүмкін: резюме бір мезгілде преамбула және т.б. болмауы мүмкін.

Композиттің лексика-семантикалық өлшемдерін мыналар құрайды: 1) кеңістікте сюжеттің қозғалысына байланысты уақыттың лексика-семантикалық көрсеткіштері (хронологиялық/себептік); 2) лексика-семантикалық тәуелділіктің реттері арқылы көрсетілетін композит мазмұнының гипер-гипонимиялық құрылысы; 3) ішкі гиперонимиялық іс-әрекеттер; 4) рамалық ақпараттың семантикасы:

көркем преамбула – композиттің негіздемелер, уәждемелер, себептер, қасиеттер және т.б.; көркем резюме-композиттің жоғарыда баяндалған мазмұнынан шығатын нәтиже; 5) лексикалық артықшылықтар – шағын тақырыптың мағыналық доминанттары – сөздер/сөз тіркестері.

Грамматикалық өлшем тәуелділіктің екі типін біріктіреді: мәтінге қызмет ететін ішкі сөйлемдік синтаксистік қатынастар мен байланыстар және баяндаудың жүйелілігін ашатын мәтіндік синтаксистік қатынастар мен байланыстар.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романының «Қайтқанда» тарауын мазмұндық-тақырыптық мүшелеуге байланысты «Есембай жырасы» шағын тақырыбын талдайық.

М. Әуезов. Абай жолы «Есембай жырасы» шағын тақырыбы.

«Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріңдей қазақтары. Көп болса: киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті, сарытоқым ұры болған – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтығы да болатын.


Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай – Найзатастар болса, ол Абайдың өз ауылының аса мәлім қоныстары. Көктем ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін. Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде қалаға, оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған құрбы балаларымен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық қоныс осы болатын. Қыс бойы ауылды, елді сағынғанда есінен кетпейтін соңғы күндері дәл осы Есембайда өткен.

Енді кеп: «бұл жерде ұры бар, сұмдық жер, бәле жатқан жер» деген сөздің қандайы болса да көңілге дарымайды. Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қаңдай рақат. Осы желмен құлпыра, толқып, су бетіндей жыбыр қағып, шалқып жатқан алақүрең көде мен селеу далалары ...дала емес – теңіздері қандай! Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміреп, ұзақ-ұзақ қарайды. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді.

Сылап-сипап: «Мен сені сағындым, өзгелер жаман жер десе, мен олай демеймін. Тіпті, қойныңа тыққан ұры-мұрыңмен де жатсың, бөтенсің демеймін» деп қараған сияқты».

№ 1 сызба

**М. Әуезов. «Абай жолы», «Есембай жырасы»
шағын тақырыбы (баяндау-суреттеу тәртібі)**



№ 1 сызбаға түсініктеме

1. «Есембай жырасы» деп аталатын шағын тақырыпшаның композит-абзацында 22 сөйлем бар.

2. Преамбула жалпылама кіріспе мәтінге ие; хабарлау мәнді жай сөйлем; «Есембай», «ұры» бірыңғай бастауыштары «да» жалғаулық шылауының қайталануы және «тіпті» үстеуінің қолданылуы арқылы бүкіл композитке қазық болып тұр. Өзінен кейінгі сөйлемдерде осы екі сөздің мағыналары кейінгі сөйлемдерде осы екі сөздің мағыналары айқындала түседі.

3. Шағын тақырыптың негізгі дамуы алдыңғысына соңғысы бағынышты екі композитте көрінеді: «Ұры» (2-6 сөйлемдер), «Сағыныш» (7-18 сөйлемдер); бағынышты композиттердің арасында параллель байланыс орнатылған; «Ұры» десе – «Ал, Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген сөйлемдер арқылы байланысқа түскен.

Бірінші бағынышты композит «Ұры» екі блоктан тұратын құрмалас және жай сөйлемдерден құралған. Бірінші блоктағы 2, 3-сөйлемдер ұрылардың сыртқы түрін сипаттаған; екінші блоктағы 4, 5, 6-сөйлемдер ұрылар туралы әңгімелермен толықтырылып, бірінші блокқа «ондай» сөзі арқылы жалғасқан. Екінші блоктағы 4-сөйлем «соншалық» деген үстеу арқылы 5, 6-сөйлемдермен байланысады. 7, 8-сөйлемдер бір-бірімен гипонимиялық және гиперонимиялық түрде біріктірілген: «Есембай-Найзатастар»: «осы жерлер»;

Композиттің лексикалық артықшылықтары: «ұры», «осы елдің өздеріндей қазақтары», «Ел ішіндегі үлкеңдер», «жауға шапқан пішіндер» (мәнмәтіндік синонимдер); бірінші бағынышты композитте «ұры» (2-сөйлем) мен пішіндері (6-сөйлем) кіші реңктік сақинаны құрайды.

Екінші бағынышты композит «Сағыныш» бір-бірімен тізбектеле кейде параллель байланысқа түскен 12 сөйлемнен құралған; байланысу тәсілдері – түсіндірмелі интонация және шекаралық белгілер: «осы», «анау», «сонда», «мынау» деген есімдіктер.

Лексикалық артықшылықтары: «Есембай-Найзатастар», «қоныстары», «осы жерлер», «төскей», «қоныс», «бұл жер», «әдемі өлке», «сахара», «көде мен селеу далалары», «теңіздері»; «сүйеді», «аймалар еді».

Екінші бағынышты композитте «қоныстары» (7-сөйлем) мен «жер» (22-сөйлем) сөздері реңктік сақинаны құрап, шағын тақырыпты жиектеген.

1. Резюме (19, 20, 21, 22-сөйлемдер) жалпылама қорытынды мәнге ие;

Лексикалық артықшылықтары: «сол дала», «бұл жер», «сен», «жаман жер»; «көз алмай... құрайды» (19-сөйлем), «қарау емес» пен «қараған сияқты» (22-сөйлем) шағын реңктік сақинаны құрайды. 21, 22-сөйлемдерде «олай демеймін», «жатсың, бөтенсің демеймін» деген қайталаулар да резюмеінің композиттік құрылымын бекіте түскен.

Реңктік лексикалық қайталау шағын тақырыптың жалпы құрылымдық-мағыналық бөлігін сақиналы байланысқа түсірген: преамбула мен резюмеі «Есембай», «ұрылар» (1-сөйлем) және «қойныңа тыққан ұры-мұрың» (22-сөйлем) деген сөздер байланыстырған.

Синтаксистік құрылымы бойынша резюме құрмалас және жай сөйлемдерден құралған. Бұл сөйлемдер бірінбірі мағыналық жағынан санамалап толықтырады. Соңғы 21, 22-сөйлемдер семантикалық тұрғыдан резюмеінің қорытындысын шығарады: туған жерін, сағынған бала «жаман жерді аймалап, құшақтайды», «ұры-мұрысын да жатсынбайды, бөтенсімейді».

5. Преамбула мен резюмеінің арақатынасында екеуінің де жағдайларының субстанциялық тепе-теңдігі орнаған. Преамбулада жағдай «ұрылар жүретін жаман жер» болса, резюмеде жағдай баланың сезімдік-субъективтік суреттеуі арқылы сипатталған.

6. Сонымен, композиттің филологиялық, рамалық құрылымы үш рет тіркелді; 1) лексика-семантикалық деңгейде «ұры» «ұры-мұрың» реңктері арқылы құрылымның та-

қырыптық мағынасы тура берілді. 2) логикалық-синтаксистік деңгейде – сөйлемдер көбіне санамалап орналасты. 3) синтаксистік-мағыналық деңгейде преамбула мен резюменің бірдей арақатынаста болуы.

7. Тұтастай алғанда композитті прозалық типтегі шағын шығарма деп қабылдауға болады;

Кіріспе – преамбуласы бар тақырыптың сюжеттік дамуынан (екі бағынышты композит) және қорытынды – резюмеден тұрады. Бұл шығарма гиперо-гипонимиялық қағида бойынша құрылған, ассоциациялық-мағыналық мәтіндік өрісте орналасқан. «Есембай жырағының» референттік кеңістігінің қатпарларын гиперонимиялық-гипонимиялық қатынастар ашады. Композиттің 1-гиперонимінің қызметін «Есембай жырасы» тақырыбы атқарады, ол содан кейін иерархиялық түрде; қоныстары, осы жерлер (гипер-3, гипонимдер-2); төскей (гипер-3 және гипоним-2); сай-саласы; бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі (гипер-4 және гипонимдер-3); қоныс (гипер-3, гипоним-2); Есембай (гипер-1) және т.б.

М. Әуезов романның ішіндегі осы бір шағын шығарма-композит арқылы оқырманға эстетикалық әсер етуді мақсат еткен. Туған жерін сағынған бала көңілін көркем де әсерлі тілдік бірліктерімен жеткізген.

Семантикалық өріс теориясының негізін салушы неміс ғалымы Иост Трирдің пікірі бойынша, белгілі бір ұғымдар тобына сәйкес әрбір «ұғымдық» өріске тиісті сөздер жинақталады, ол ұғым түгел бөлшектеніп, «сөздік» өріс туындайды. Өрісте әрбір сөз өзіне сәйкес бөлшектегі мағынаға ғана ие болады. Сол тілде сөйлеуші сөздің толық мәнін сол өрістегі басқа сөздердің мәні оған белгілі болғанда ғана біледі.

Қазіргі тіл білімінде семантикалық өріс – сипаттайтын құбылыстың ұғымдық, заттық немесе іс-әрекеттік ұқсастықтары мен мазмұндық ортақтығы негізінде біріктірілген тілдік құбылыстар жиынтығы ретінде бағаланады. Семан-

тикалық өрісті құрайтын негізгі белгілер: 1) оны құраушы сөздер арасында семантикалық қатынастардың болуы; 2) бұл қатынастардың жүйелі сипатқа ие болуы; 3) лексикалық бірліктердің өзара тәуелділігі және бірін-бірі анықтайтындығы; 4) өрістің салыстырмалы түрде даралығы; 5) оның мағыналық кеңістігін белгілеудің үздіксіздігі; т.б. Семантикалық өрісте сөздердің мәні арасындағы байланыстар олардың ортақ дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Ішкі мазмұны жағынан әртүрлі қатынастардағы өрістердің өзара байланыстарын кең қамтитын қатынастардың болуымен қатар, белгілі бір ұғымның салаларына ғана қатысты арнаулы қатынастар да болады. Семантикалық өріс шеңберінде сөздер арасындағы ең жалпылама негізгі типтерінің (синонимдер, антонимдер) көркем мәтіндерінде қолданылуы қарастырылды.

Көркем мәтіндерінде тілдік құралдардың өрістік ұйымдастырылуы, яғни семантикалық өріс ұғымы қалай пайда болады деген сұрақ туындайды.

Семантикалық өріс деп эстетикалық қызметінің бірлігінен туындайтын тұтас көркем мәтіннің идеялық – мағыналық жүйесін айтуға болады. Ол көркем мәтіндегі барлық тілдік құралдардың жалпы эстетикалық бағытынан туындайды. Бұл арада тілдік құралдар ассоциативтік мағыналық бірліктің құрамдас элементі болып есептеледі. Ал ассоциативтік мағыналық бірлікті «семантикалық өріс» деп те айтуға болады. Семантикалық өрістің құрылымдық орталығы – әдетте мәтіннің тірек сөзі болғандықтан, ол тірек сөз көбіне көркем мәтіннің атауына ие. Мысалы, Абайдың «Қысы», Б. Майлиннің «Түйебайы» және т.б.

«Семантикалық өріс» термині – контекстік синонимия негізінде қатынасқа түсетін поэтикалық атаулардың («образдар жүйесі», «бейнелі сөздер») топтамаларымен дәл келеді, ал оның поэтикалық атаулардан айырмашылығы грамматикалық әр тектілігінде. Өріске сөздер әртүрлі сөз таптарынан ғана еніп қоймайды, сонымен қатар сөз

тіркестері де кіреді. «Өріс» терминіне әртүрлі бірнеше лексикалық парадигмалар енуі мүмкін. Мысалы, М. Мақатаев лирикасында «уақыт» сөзі («сәт», «кез», «мезгіл» т.б.) әртүрлі атаулары (жапырақ, өзен, құс, т.б.), екі түрлі поэтикалық парадигмалардың ақын шығармашылығында түйісуін өлең мәтіні семантикасының ерекше белгісі деп те айтуға болады.

Оның үстіне «семантикалық өріс» тіркесін жекелеген сөздің барлық мүмкін мағыналарда немесе мағыналық кеңістігінде өлең мәтінінің бірлігі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, «күн», «ақ қайың» поэтикалық сөздерінің семантикалық өрісі әртүрлі көркем мәтіндердегі осы лексикалық бірліктердің барлық мүмкіндіктерін, ассоциацияларын, барлық қасиеттері мен бірліктерін өздеріне сіңіріп алған. «Семантикалық өріс» ұғымы құрылымдық тұрғыдан сыртқы түрі жағынан поэтикалық парадигмаға жақындасады. Көркем мәтінде сөздерді жеке дара қарамай, керісінше семантикалық өрістердің бірліктері ретінде қарастыруға болады.

Көркем мәтінде тілдік бірліктердің «семантикалық өсуі» поэтикалық сөздің семантикасында жалпы ұлттық ұғымның бар екендігін көрсетеді. Тілдік бірліктің семантикасының «өзіндік дамуы» оның сөздік мағынасын негізге алып қарастырылады. Әр жазушы образдың өзіндік ерекшелігін әр қырынан көреді. Көркем мәтіндерде оның мағыналық дамуы осы лексикалық бірлік мәнінен алшақ кетпейтінін аңғартады. Көркем мәтіндерінде әртүрлі семантикалық белгілердің көрінуі әр жазушының өзіндік дүниетанымына байланысты қолданылады.

Поэтикалық образдың көркемдік қызметі алғашында тілдік қордағы заттық атаулардан алынса, ал ойдың баяндауы іс-әрекет, қозғалыстан тұратындықтан, баяндау заттың әртүрлі белгілерімен, сөз тіркесімен сипатталады. М. Мақатаев өлеңдеріндегі «уақыт» ұғымының баяндалуы осындай пікір түйеге негіз болады.

Көркем мәтін әрі көзбен көретін, әрі ойлауға әсер ететін құбылыс болғандықтан, сөз жинақтаулы образ ретінде ақынның философиялық көркем танымынан да хабар береді.

Поэтикалық сөз мәнінің ерекшелігі – оның зат пен идеяны, зат пен белгіні шығармашылықпен үйлестіру қабілетінде, ал осы сөзді лингвистикалық тұрғыдан қарастыру арқылы оның семантикасынан поэтикалық образдың да, баяндаудың да көздерін табуға болады. Өлең мәтіндерінде табиғат көріністерін ақынның өзіндік дүниетанымы тұрғысынан бейнелеуі де сөздердің семантикасының мәнмәтіндік дамуын туғызады. М. Мақатаев өлеңдеріндегі өмір мен уақыттың мәңгілігі туралы ойлар ақынның философиялық лирикасындағы семантикалық үдерістердің шекарасын анықтап, ондағы поэтикалық образдардың даму бағытын көрсетеді. Жоғарыдағы ойлардың көркем мәтінде бейнеленуінің негізгі құралдары – тірек сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалары, олардың синонимдері.

Көркем мәтінде сөздер бір мезгілде мәтіннің басқа компоненттерімен әртүрлі семалар бойынша өзара қатынасқа түскенде, көп өлшемді изотоптық тізбектер пайда болады, ол көркем мәтін мазмұнының астарлы мағынасынан туындайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мәтіннің модальділігін қалыптастыратын тілдік бірліктерді сипаттаңыз.
2. Мәтіннің модальділігін құрайтын синтаксистік құрылымдарды көрсетіңіз.
3. Мәтіннің модальділікті жасаушы тәсілдерді анықтаңыз.
4. Мәтін модальділігінде түрлі қатынастардың жүзеге асуына мысал келтіріңіз.
5. Таңдау бойынша прозалық көркем мәтінді мазмұндық-мағыналық композиттерге мүшеленіңіз.
6. Көркем мәтінде сөздердің семантикалық өрістерінің бірліктері ретінде қарастыруға мысал келтіріңіз.

Әдебиеттер:

1. Болотнова Н.С. Филологический анализ текста. – Томск, 2009.
2. Кухаренко В.А. Семантическая структура ключевых и тематических слов целого художественного текста // Лексическое значение в системе языка и в тексте. – Волгоград: ВГУ, 1985.
3. Солганик Г.Я. К проблеме модальности текста // Русский язык. Функционирование грамматических категорий. Текст и контекст. Виноградовские чтения XII-XIII. – М., 1984.
4. Тураева З.Я. Лингвистика текста и категория модальности // Вопросы языкознания. – 1994, №3.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ СҰРАҚТАРЫ

1. Көркем мәтіннің байланыстылығы және оның түрлерін көрсетіңіз.
2. Көркем мәтіннің тұтастығы мен байланыстылығының ара қатынасы туралы әңгімелеңіз.
3. Дискурс туралы түсінік беріңіз.
4. Көркем мәтіннің тақырыбы мен мазмұны ара қатынасы жайлы баяндаңыз.
5. Көркем мәтіннің семантикалық құрылым жүйесін түзуші тілдік бірліктерді сипаттаңыз.
6. Қазақ өлең мәтінінің ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.
7. Өлең мәтінде қайталаулардың қызметі жайлы әңгімелеңіз.
8. Көркем мәтіндегі уақыт жайлы әңгімелеңіз.
9. Көркем мәтіндегі кеңістікке сипаттама беріңіз.
10. Көркем мәтін кеңістігін мағыналық-құрылымдық бөліктерге мүшелеудің ерекшеліктерін талдаңыз.
11. Абзац – мәтіннің авторлық ең кіші сыңары екенін дәлелдеңіз.
12. Композиция көркем мәтіннің шағын құрылымдық-мазмұндық бірлігі екендігін сипаттаңыз.
13. Өлең мәтіндегі семантикалық норма (қалып) туралы әңгімелеңіз.
14. Көркем мәтіндегі тірек ұғымдардың негізі қалай қалыптасатынын әңгімелеңіз.
15. Өлең мәтіндегі ассоциативті байланыс туралы баяндаңыз.
16. Мәтін туралы әңгімелеңіз.

17. Мәтіннің түрлеріне сипаттама беріңіз.
18. Көркем мәтіннің семантикасында тілдік бірліктеріңіздің қолданылу аяларын көрсетіңіз.
19. Мәтін семантикасын түзудегі метафораның қызметі жайлы әңгімелеңіз.
20. Өлең мазмұнының дамуы жайлы әңгімелеңіз.
21. Өлең мәтініндегі ғалым Г.И. Дидрованың пікірі жайлы баяндаңыз.
22. Реңктің құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуының өлшемдерін сипаттаңыз.
23. Семантикалық өріс теориясы туралы баяндаңыз.
24. Коннотативті мағына жайлы баяндаңыз.
25. Өлең тармағының тасымалдануының қызметі жайлы әңгімелеңіз.
26. Өлең мәтінінде автордың стильдік әсерді туғызу құралдарын сипаттаңыз.
27. Мәтін және оның түрлері жайлы әңгімелеңіз.
28. Өлең мәтініндегі тілдік бірліктердің мағыналық құбылуы жайлы әңгімелеңіз.
29. Өлең мәтінінде тілдік бірліктердің семантикалық өсуі жайлы әңгімелеңіз.
30. Өлең мәтінінде тілдік бірліктердің мағыналық құбылуы жайлы әңгімелеңіз.

ӨЗДІК ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. М. Мақатаевтың «Сыр» өлеңінің семантикалық құрылымына талдау (жазбаша).
2. Б. Майлин «Түйебай» әңгімесін мағыналық бөліктерге бөлу (реферат).
3. М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі автор бейнесі және олардың мәтін қызметін көрсету (реферат).
4. Таңдаған прозалық мәтін кеңістігінің композитін анықтау.
5. Б. Майлиннің «Қырмызы» әңгімесіндегі кейіпкерлер портретін салыстыру. Кейіпкерлер тілінің ерекшеліктерін анықтау.
6. М. Мақатаевтың «Күзгі кеште» өлеңіне семантикалық талдау жасаңыз.
7. Ф. Оңғарсынованың «Күз суреті» өлеңіне филологиялық талдау жасаңыз және өлең мәтінін М. Мақатаевтың «Күзгі кеште» өлең мәтінімен салыстырып, ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Әдебиеттер:

1. Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика. Учебник: Практикум // Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин. – М.: Флинта: Наука, 2003. – 496 с.
2. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 292 б.
3. Виноградов В.В. Избранные труды. О языке художественной прозы. – М.: Художественная литература, 1980. – 370 с.

4. Диброва Е.И. Категории художественного текста // Семантика языковых единиц. – М.: Спорт Академ. Пресс, 1998. – С. 257–268.
5. Жусанбаева С.Б. Мәтін кеңістігі туралы ұғым // Тіл және әдебиет: кешегісі мен бүгіні. – Алматы: Арда, 2006. – 306–312 б.
6. Жусанбаева С.Б. Мәтіннің модальдігі – мәтіннің семантикалық негізі // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2007. – №3 (102). – 56–59 б.
7. Жусанбаева С.Б. Мәтін кеңістігін композиттік мүше-леу // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2006. – №4 (94). – 132–134 б.

ТАЛДАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН КӨРКЕМ МӘТІНДЕР

1. Өлең мәтініне мағыналық-құрылымдық талдау жасаңыз. Т. Молдағалиев «Жайлауда»

Жайлау ғой мынау жарасқан
Арал – төбе бауыры.
Төбеден неге әрі асқан
Сәулешімнің ауылы.

Төбеден төмен қараймын
Ақ үйлер қатар тігілген.
Көрінші көзге, арайлым,
Көрінші, іздеп тұрмын мен.

Болмаса егер бұлт төбе,
Көрші ғой ауыл тым жақын.
Кеште де, мейлі, ерте де
Өзіңді көріп тұратын.

Тілегім неткен көп еді,
Жүрегім тұр ғой от алып.
Осынау тұрған төбені
Тастар ма еді қопарып!

2. Көркем мәтіннің тақырыбы мен мазмұны арасындағы байланысты орнататын тілдік бірліктерді көрсетіңіз. Т. Молдағалиев «Күзгі жаңбыр»

Қоңырқай күздің аспаны
Бүркенді бұлтты қап-қара.
Нажағай ойнай бастады –
Маңайда, алыс жақта да.
Жасыл от көкте жарқылдап,
Жылата берді күз күнін...
Ауылға малшы жақындап,
Атының тартты тізгінін.
Қабағын түйіп тұрды адыр,
Жоғалтып күнді құр жүзді.
Шелектеп құйған бұл жаңбыр
Үйіне жұртты кіргізді.
Толастар емес ал мұнда
Басталған жаңбыр бағана.
Маңдайын тосып жаңбырға,
Шопан дос жүр-ау далада.

3. Өлең мәтінінің көркемдік ерекшеліктерін талдаңыз.

А. Құнанбаев «Жазғытұры»

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.
Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап.
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұлаңдап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,

Жарқ-жүрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз.

4. Өлең мәтінінде қайталаулардың қызметін сипаттаңыз.
М. Өтемісұлы «Қызғыш құс»

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс,
Сені көлден айырған -
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған -
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып, айтпай немене?
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні.

5. Метафораның өлең мәтініндегі қызметіне талдау жа-
саңыз. М. Жұмабаев «Жас сұлуға»

Мен ақынмын – ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.
Мен ақынмын – жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.

Қарақат көзің мөддіреп,
Көп қарама, жас сұлу.
Сылдырап сипап, сүйген боп,
Алып кетер ағын су.

Алма ернің елбіреп,
«Сүйші, сүй» деп жалынба!
Отты ойыншы, дос біліп,
Жақындама жалынға!

Мен ақынмын – жел жүйрік,
Гүлдеймін, ұшамын.
Мен — ойыншы көбелек,
Көрінген гүлді құшамын.
Бүлдірген бетің сұрланып,
Желге сенбе, жас бала!
Сыбырлар, кетер ұрланып,
Шын жары оның – сар дала.

Көбелекке «кел!» деме
(Елжіреу сонша не керек?).
Кетер ұшып өңгеге,
Балыңнан татса көбелек.

6. М. Мақатаевтың «Сырым» өлеңіне реңктік талдау жасаңыз.

Мен қуансам, жас баладай қуанам,
Көрген адам талай деген: «Есалаң!»
Мен қайғырсам, орнатамын қиямет,
Жас баламын – тағы да тез жұбанам.

Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.

Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін жан-денесін бергенше.
Жан-денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем құшағымда өлгенше.

Ол күледі, мен де есалаң, күлемін,
Ол жылайды, мен де жасым төгемін.
Құшағымда жан-тәнінен айрылып,
Өлед әйел, мен де бірге өлемін.

7. Берілген өлең мәтініне ассоциативтік талдау жасаңыз.
Т. Молдағалиев «Қыран көкте ұшып жүріп өледі»

Қыран көкте ұшып жүріп өледі,
Көк аспаны – ең соңғы айтар өлеңі.

Қапылыста жараласа қанатын,
Қайтадан бір ұшарына сенеді.

Ал адамның қиялы ұшқыр қыраннан,
Оны өлгенше жетелейді бір арман,
Ол өлгенше асығады бір тойға,
Сонда мәңгі шығатындай құмардан.

Дос азайып, көбі сенен кетеді,
Алдың сиреп, арттағылар жетеді.
Жетпейді ешкім сол аңсаған тойына,
Өйткені ол той өлген күнінде өтеді.

8. Өлең мәтінінде тірек ұғымдардың дамуы мен мағыналық өсуін анықтаңыз. М. Мақатаев «Таудағы нөсер»

Алыста,
Сонау аспанда,
Атыстар, сірә, басталды.
Жай түсіп жатыр тастарға,
Жайратып жатыр асқарды.

Дірілдеп біраз тұрды да,
Гүрілдеп ала жөнелді.
Аспанды Құдай ұрды ма?!
Айырар ма екен төбемді.
Жарқ етті алды көзімнің,
Өртене жаздап басылдым.
Отым ба әлде өзімнің?!
Оты ма әлде жасынның?!

Жанымды болып қорғамақ,
Жалтарып, тұра қашқан ем.
Төбемнен төмен сорғалап,
Сөндірді нөсер, басты әрең...

9. Өлең мәтінінде қайталаулардың қызметін сипаттаңыз. М. Мақатаев «Сап-сары жапырақтар»

Сап-сары жапырақтар...
Сап-сары жапырақтар...
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

Біреудің жанарында,
Біреудің табанында,
Сап-сары жапырақтар жоғалуда.

Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың,
Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.
Естілмей құстың әні,
Естілмей құстың үні,
Жалғанның кетті сәні, үшты гүлі.

Сырғасынан айрылған ақ қайыңның
Басына бар ғаламның түсті мұңы.

Сап-сары жапырақтар...
Сап-сары жапырақтар...
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

10. М. Мақатаевтың «Майгүлге» өлеңіндегі теңеудің мәтін түзушілік қызметін анықтаңыз.

Қалақтай едің,
Қабірінде қалақ тұр.
Туғаныңды, өлгеніңді санап құр.
Сенің аңқау құлағыңдай қалқиып,
Қыр басынан қала жаққа қарап тұр.
Қызым менің,
Гүлім менің,
Аяулым!
Жатыр молаң жотасындай қоянның
Құлпытастың құны маған бес тиын,
Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын?!
Қойман, ботам.
Керегі не көк тастың.
Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын.
Өзің келген май айында ақ нөсер,
Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтассын.

11. Көркем прозалық мәтінде тақырыптың дамуын көрсетіңіз. Ғ. Мүсірепов «Атақты әнші Майра»

Біз Орынбордан шыққан үш оқушы жеті күн жүріп Керекуге әрең жетіп, поездан түстік. Бұл екі араға он күн жүруге де болады екен. Поезд жүрісі әлі дәлденбеген кез. Біз тез жүріп келіппіз.

Күннің көзі екі жағынан да құлақтанып, ауа шаңытып тұрған суық екен. Сібірде қандай атақты суықтар болса, соның ең сойқандыларының бірі осы болар. Тап осындай суықта кәдуілгі құстың сағы сауысқан, зәуі сайтан, телеграф сымына қона қалса, үш рет шық-шық еткенше ұшып түседі дейді біздің ауыл. Ал енді біздің ауыл деген аумаған сіздің ауыл сияқты, білмейтіні жоқ...

Поездан түсе салдық та үшеуіміз үш жаққа жүгіре жөнелдік. Күн кешкіріп барады, тым болмаса бір түн паналап шығатын үй іздедік. Менің қасымдағы екі жігіттің кигендері: солдат шинелі, бастарында Буденный жауынгерлерінің сүр құлақшындары, маңдайларында айбарлы қызыл жұлдыздары да бар. Менің үстімде қазақы қойдың қазақша илеген терісінен қазақша тіккен тоным бар. Менің қала деген жерге биыл ғана келгенімді осы тонымның кете қоймаған малма иісі недәуір жерден аңғартып тұрады. Не қаусырынғанда, не түймелегенде екі етегі екі жағыма қарай делдиіп кететіні болмаса тоным — тон-ақ... Басымда Орынбор базарынан бір сом жиырма бес тиынға алған қара бұйра бөркім бар. Желке жағы азырақ қырқылған, басыма азырақ сиыңқырамайды, дегенмен бір сом жиырма бес тиынға сүтегін арзан. Оң жақ шекеме қарай ауыстыра кисем, өзіме-өзім айта қалғандай ұнап кетемін. Үшеуіміздің де аяққа кигеніміз қара ботинка, галош.

Вокзал маңайында үй көп емес, түгел түртініп шықтық. Бір үй есігін ашқан жоқ. Ол кездегі ұры-қары кезбелердің көбі-ақ солдат киімінде жүретін. Тегі, бізді де солардың бір филиалынан келгендер ғой деп ойлай ма немене, есіктен азғана сығалап қарайды да, сарт еткізіп жауып, тырс еткізіп кілттеп алады...

12. Көркем мәтіндегі абзацтың қызметін сипаттаңыз.
Ғ. Мүсірепов «Ана»

...Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпес жатқан бір теңіз емес пе? Па, шіркін, ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетеді!

Шырылдап жерге түскеннен-ақ сенің ең бір жақының, ең бір досың, ең бір ұстазың бар. Ол — ана: қара жерді баспай жатып, есіңді білмей жатып, тырмысып жабысатының, шырылдап уанбай жылап сенің іздейтінің — ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол — ана. Ол саған бәрінен қымбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол — ана.

Міне, анаға деген махаббат сенің құндақта жатқан күніңнен-ақ басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуға мүмкін емес?

Мен білетін қазақ әйелі, қазақпын дейтін қара көз, қара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік.

13. Б. Майлиннің «Қырмызы» әңгімесінен берілген үзіндідегі тірек сөздердің қызметін анықтаңыз.

Қырмызы шошынып, өкпелеген тәрізді боп тұра қалды.

Қамбар жымыды. Жүзіне нұр құйылып бір түрлі сәуле шашқандай болды. «Мен саған өкпеледім, мені ұмытып кеттің» дейді. Қырмызы бірдеңе айтайын деп еді, тілі тұтығып айта алмады. Екі көзі Қамбарда, қатты да қалды. Қырмызының ынтығып сағынып тұрғанын білгендей Қамбар орнынан қозғалып жақындағандай болды. Киген киімі қып-қызыл, көзге шағылсып құбылып тұр... Құшағын жайды. «Кел, қалқам!..» дейді... жас жүрегі алқынып, сүйген досының, көптен көрмеген Қамбарының жылы құшағына атылып кіре берейін дегенде:

— Ау, тұрсайшы, күн түс болды ғой, деген шешесінің сөзіне Қырмызы оянып кетті. Жүрегі дүрсілдеп, алқынып тұла бойы бусанып терлеп қалған екен. Жан-жағын сипанды. Бірдеме іздеген адамша, көрпесінің, жастығының астын қарады.

Жоқ!..

Кенет ойына түсті, жылағысы келіп кетті. Манадан бері көргенінің бәрі түс екенін білді. Көптен бері сағынып бір ауыз сөзіне ынтық болып жүрген Қамбарының жылы құшағына кіргізбей тәтті жерінде түсін бөлген шешесіне ішінен нәлет оқыды.

Тұла бойы мең-зең... тұрып киініп күйенте мен шелегін алып суға жөнелді...

14. Көркем прозалық мәтінде уақыт пен кеңістікті сипаттайтын тілдік бірліктерді анықтаңыз. Ғ. Мүсірепов «Атақты әнші Майра»

Біз Орынбордан шыққан үш оқушы жеті күн жүріп Керекуге әрең жетіп, поездан түстік. Бұл екі араға он күн жүруге де болады екен. Поезд жүрісі әлі дәлденбеген кез. Біз тез жүріп келіппіз.

Күннің көзі екі жағынан да құлақтанып, ауа шаңытып тұрған суық екен. Сібірде қандай атақты суықтар болса, соның ең сойқандыларының бірі осы болар. Тап осындай суықта кәдуілгі құстың сағы сауысқан, зәуі сайтан, телеграф сымына қона қалса, үш рет шық-шық еткенше ұшып түседі дейді біздің ауыл. Ал енді біздің ауыл деген аумаған сіздің ауыл сияқты, білмейтіні жоқ...

Поездан түсе салдық та үшеуміз үш жаққа жүгіре жөнелдік. Күн кешкіріп барады, тым болмаса бір түн паналап шығатын үй іздедік. Менің қасымдағы екі жігіттің кигендері: солдат шинелі, бастарында Буденный жауынгерлерінің сұр құлақшындары, маңдайларында айбарлы қызыл жұлдыздары да бар. Менің үстімде қазақы қойдың қазақша илеген терісінен қазақша тіккен тоным бар. Менің қала деген жерге биыл ғана келгенімді осы тонымның кете қоймаған малма иісі недәуір жерден аңғартып тұрады. Не қаусырығанда, не түймелегенде екі етегі екі жағыма қарай делдиіп кететіні болмаса тоным — тон-ақ... Басымда Орынбор базарынан бір сом жиырма бес тиынға алған қара бұйра бөркім бар. Желке

жағы азырақ қырқылған, басыма азырақ сиыңқырамайды, дегенмен бір сом жиырма бес тиынға сутегін арзан. Оң жақ шекеме қарай ауыстыра кисем, өзіме-өзім айта қалғандай ұнап кетемін. Үшеүміздің де аяққа кигеніміз қара ботинка, галош.

Вокзал маңайында үй көп емес, түгел түртініп шықтық. Бір үй есігін ашқан жоқ. Ол кездегі ұры-қары кезбелердің көбі-ақ солдат киімінде жүретін. Тегі, бізді де солардың бір филиалынан келгендер ғой деп ойлай ма немене, есіктен азғана сығалап қарайды да, сарт еткізіп жауып, тырс еткізіп кілттеп алады...

15. Берілген үзіндіні мазмұндық-мағыналық композиттерге мүшелеңіз. Б. Майлин «Талақ»

Күн ұзаққа Айдарбектің үйі ұрыспен болды. Ерлі-байлы екеуі бірін-бірі іліп-қағып, бірінің тілін бірі алмай, әлі жеткені өш алу жолын қарастырып отырған секілді. Бұрын мұндай ұрыс болғанда, аяқ жағы таяққа тіреліп, Зейнептің етіне көбіне таңба түсіп қалатын. Зейнеп оны сезсе де, сүйекке біткен қарыспалық еркін алып, бір табанға шейін бас имейтін. Ұрыстарының көбі болмашы нәрседен шығатындықтан, Зейнептің сөзі Айдарбекке кей кездерде үстін келіп, төбелессіз де жарасып кетісе беруші еді.

Бүгінгі ұрыстары зілдірек. Айдарбек ертеден бері тамақ та ішкен жоқ. Кікілжіңнің кіргеніне бір жеті болып қалған. Содан бері бір-біріне дұрыс жауап бермей жатқанда Айдарбек іргеге, Зейнеп от жаққа қарап жатады.

Есіктің алдына тоқымды төсеп жіберіп, Айдарбек талдан керіп тор тоқуға кірісті. Зейнеп, үлкен бөлмесіндегі пешке арқасын сүйеп отырып ұршық иірді. Әке-шешесі ұрысқа кіргелі бойын жазып оймай алмай Күләмза да жүдеуге айналып еді, бүгін, үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң, бір аздан бері терезенің түбінде жинаулы тұрған қуыршағын алып, жаулығын

жамылдырып, киіндіруге айналды. Қуыршаққа жамылдырған жаулық Күләмзаға ұнап кетті. Өзінің шеберлігіне, ептілігіне қуанып, қуыршаққа кішкене қарап отырды да: — әже, әже!.. — деп Зейнептің ұршық жүгіртіп отырған колына жабысты. Зейнеп қарамады. Неге қарамағанын Күләмза сезеді. Бұрын қуыршақ істегенде, ел ішінде атаққа шыққан «көқауыз келіннің жаулығының модасы» деп Күләмзаның қуыршағын Зейнептің өзі талай жамылдырып берген. Енді бүгін, Зейнепсіз-ақ қуыршағын өзі жөндей алған соң, қуанышын әжесіне айтпай Күләмза төзе алатын болмады. Бірақ, әке-шешесінің арасындағы салқындықты сезе жүргендіктен, бір рет айтқанына назар салмаған соң, қуыршағын қайта көрсетудің тиіс, тиіс еместігін біле алмай Күләмза даң болды. Әйтсе де тағы бір айтып көрейін дегендей, — әже.әже!.. — деп, жабыса бергенде, Зейнептің ұршық иірген қолына қақтығып қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Болотнова Н.С. Филологический анализ текста. – Томск, 2009.
2. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001.
3. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: URSS, 2009. – 137 с.
4. Лотман Ю.М. Анализ поэтического текста. – Л., 1972.
5. Смағұлова Г.Н. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Тіл орталығы, 2010. – 148 б.
6. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. – 175 б.
7. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілін зерттеудің теориясы мен тәжірибесі. – Алматы, 2007. – 174 б.

Қосымша:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – 1992.
2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. – Алматы, 2006.
3. Гаспаров Б.М. Язык. Память. Образ. Лингвистика языкового существования. – М., 1996. – 430 с.
4. Золян С.Т. Семантика и структура поэтического текста. – Ереван, 1991.
5. Кухаренко В.А. Семантическая структура ключевых и тематических слов целого художественного текста // Лексическое значение в системе языка и в тексте. – Волгоград: ВГУ, 1985.
6. Лотман Ю.М. Текст как динамическая система // Структура текста. – М.: Наука, 1981. – С. 104–111.
7. Магомедова Д.М. Филологический анализ лирического стихотворения. – М., 2004.
8. Новиков Л. Художественный текст и его анализ. – М., 2003.
9. Ревзина О.Г. Методы анализа художественного текста // Структура и семантика художественного текста. Доклады VII Международной конференции. – М., 1999. – С. 301–316.

10. Солганик Г.Я. К проблеме модальности текста // Русский язык. Функционирование грамматических категорий. Текст и контекст. Виноградовские чтения XII-XII. – М., 1984.
11. Таусоғарова А. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
12. Тураева З.Я. Лингвистика текста и категория модальности // Вопросы языкознания. – 1994. – №3.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I. Өлең мәтінінің семантикалық байланысы	5
II. Өлең мәтінінің семантикалық тұтастығы	34
III. Өлең мәтінінің семантикалық нормаға сәйкестігі	67
IV. Өлең мәтінінің семантикалық құрылымы	92
V. Көркем прозалық мәтіннің семантикалық құрылымы	118
Аралық бақылаудың сұрақтары	138
Өздік жұмыстың тақырыптары	140
Талдауға ұсынылатын көркем мәтіндер	142
Әдебиеттер	153

Оқу басылымы

Жусанбаева Сәуле Бейсентайқызы

КӨРКЕМ МӘТІН СЕМАНТИКАСЫ

Оқу құралы

Редакторы *Гүлжан Рүстембекова*
Компьютерде беттеген *Айша Қалиева*
Мұқабасын безендірген *Айша Қалиева*

Мұқабаны безендіруде қолданылған суреттер сайты
<http://screen-wallpapers.99px.ru>

ИБ № 7496

Басуға 26.09.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆. Көлемі 9.75 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 1736. Таралымы 250 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.